

ғылыми-танымдық, әдістемелік журналы №№3-4, 2010

[illegible]



Астана

Алтай мен Атырау арасында кері бұғыдай керілген,
Сусардай сұлу жайнаған, далиған дархан Жері үшін,
Сөзінен Иман бұрқырап, өн бойынан Өлең төгілген,
Арманы асқақ Елі үшін,
Сұсымен қос дүниені шошытқан,
мысымен жауын сұлатқан
Күдірейген дұспанның,
Қанын судай ағызып,
қатындардай еңкілдетіп тұрып жылатқан.

Ей, ерегескен неменің ұмыттырып есімін,
Есігінде құл қылған!
Арғымақ атты сайлаған,
Қабырғалы қалың елін ойлаған.
Тәңірі ғана көріп төбесін,
Тәңірі ғана білген өресін.

Қас жауын көрсе жұлқынып,
Қызыл сырлы жебесін
Бесті айғырдай кісінеткен.
Айбалтасын алтынмен булаған,
Көк семсерін күміспен күптеген.
Қашқан жауды қумаған,
Шапқан жауды күтпеген.
Еңсесі биік боз Орда,
Салтанатқа орнатқан.
Бейбіт елді шаппаған,
Бейбіт күн кешкен Өзіне біреу тиіссе,
Жын соққандай есіріп,
Тоз-тоз қылып сорлатқан.
Алдына келіп айыбын айтса
айыптыны кешіріп,
Аталы Сөзге тоқтаған.

Айнала бұлақ басы тең,
Азулының Стамбулдан несі кем?!

ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ

Қара қазан сары баланың қамы үшін,
Осылай,
Сертпен қайраған намысын!
Олар –
Тәуелсіздігін тілеп Қазақтың,
Ақ найзаның ұшында,
Алмас қылыш жүзінде,
Шаһит кешіп, шат күліп,
Дауысында Хақ тұнып,
Құранмен жуып жүрегін,
Қанмен жазған ана-о-о-у аспанға
аппақ тілегін!

Тәңірінің Өзі қолдады!
Тәңірінің Өзі қолдады!,
Тәуелсіз, еркін Ел болдық,
Басымызға Бақыт Құсы қонғалы!

Көңіл Құсы – Қыран болып Көк төрінде самғады!
Ей-hey! Менің Бабаларымның нұрлы да нұрлы
Арманы –
Астана болып Сарыарқаның төсіне
Салтанат құрып орнады!

Уау! Астана, Астана!
Әулиелердің ең ақырғы дұғасындай тап-таза;
Сәбилердің Обалындай киелі;
Жас Өкенің Көңіліңдей иманды;
Жас Ананың Ақ сүтіндей ардақты;
Хас Батырдың Арманындай аруақты;
Хас Арудың көз жасындай мөл-мөлдір;
Пайғамбарлардың Өліміндей ең сұлу –
Ардағымсың,

Айбарымсың,
АСТАНА!

Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

КІТАП ПАТШАЛЫҒЫ

Ғылыми-танымдық,
әдістемелік журнал

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА
ТӨРАЙЫМЫ
Жанна ШАЙМҰХАНБЕТОВА

Әлібек АСҚАРОВ
Әкім ТАРАЗИ
Бағлан МАЙЛЫБАЕВ
Бүркітбай АЯҒАН
Дархан ҚЫДЫРӘЛІ
Жанна ҚҰРМАНҒАЛИЕВА
Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ
Мая ЖИЕНБАЕВА
Мұрат ӘУЕЗОВ
Сауытбек АБДРАХМАНОВ
Сейіт КЕНЖЕАХМЕТОВ
Тұрсын ЖҰРТБАЙ
Ілияс ҚОЗЫБАЕВ
Хабиба АҚЖІГТОВА

БАС РЕДАКТОРЫ
Ғалия БӨКЕЙҚЫЗЫ

БАС РЕДАКТОРДЫҢ
ОРЫНБАСАРЫ
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

РЕДАКТОРЛАРЫ
Айсұлу СЕЙІЛОВА
Гүлжанат ЖҰБАНИЯЗОВА

БЕТТЕГЕН
БАСПА-РЕДАКЦИЯ ОРТАЛЫҒЫ
ЖЕТЕКШІСІ
Балнұр ТӘУЕКЕЛОВА

ДИЗАЙНЕР
Санель АМАНОВА

Айнаш ҚҰЛЖАНОВА
Жақсылық КӨШКЕНБАЕВ

ФОТОТІЛШІ
Солтан ЖЕКСЕНБЕКОВ

Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ
Астана.....2

БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ.....7

ТАРИХ&ТҰЛҒА
«Елбасы» және «Стратегический
план – 2020: казахстанский путь к
лидерству» кітаптарының тұсауке-
сері.....8

ТҮГЕЛ ТҮРКІНІҢ ТҮБІ БІР
Атажұртта ашылған академия.....10

ТЕРЕЗЕ
Айсұлу СЕЙІЛОВА
Түрік Ұлттық кітапханасы.....12

ИФЛА-2010
Ғалия ИСАҚАНОВА



Халықаралық кітапханашылар
конгресі: ИФЛА – 2010,
ГЁТЕБОРГ.....14

СЕРІКТЕСТІК
Гүлжанат ЖҰБАНИЯЗОВА
Әлеуметтік серіктестік контексінде-
гі кітапхана.....26

ҚҰТТЫ ҚАЗЫНА
Гүлназия БОДЫҚҚЫЗЫ,
Мұхамеджан Қаратаевтың жеке
кітапханасы.....36

КІТАП & ОҚЫРМАН
Айсұлу СЕЙІЛОВА
Сайын даланың сұңғыла
суреткері.....33

ИСТОРИЯ БИБЛИОТЕКИ
Виль ГАЛИЕВ
Библиотеки и культурная жизнь
Казахстана (в XIX – начале
XX веков).....39

БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ
Софья РАЕВА
Как подарить детям радость
чтения.....44

Раиса ҚОМПАҚОВА
Кітаппен достық 10 жасқа дейін
басталуы тиіс.....49

Звайда ӨТЕШЕВА
Біздің кітапхана –
білім бесігі.....55

Гүляим БАЙМУРЗИНА
Наш книжный дом ждет
своих гостей.....57
Мейрамкүл Ысқаққызы
Кітапхананың жарқын бейнесі –
білімді ұрпақ.....60

Меншік иесі:
Қазақстан Республикасы
Мәдениет министрлігі
Мәдениет комитетіне қарасты
«Астана қаласындағы Қазақстан
Республикасының Ұлттық академия-
лық кітапханасы» мемлекеттік мекемесі
Журнал Қазақстан Республикасы-
ның Мәдениет және ақпарат
министрлігінде тіркеліп, 2009 жылғы
12 қарашадағы №10493-Ж
куәлігі берілген
Редакцияның мекен-жайы:
Астана қаласы, Достық көшесі, 11
тел.: 8 (7172) 285266

тел./факс: 8 (7172) 446180
e-mail: kp_2009@mail.ru

Журналға жарияланған авторлық
материалдарға редакция жауапты
болып танылмайды. Журналға
жарияланған материалдар көшіріліп
басылған жағдайда сілтеме жасалуы
міндетті.

«Print House Gerona»
баспаханасында басылды.
Мекен-жайы: Алматы қ.,
С.Сейфуллин данғылы, 458/460,
201-205 кеңсе
тел.: 8 727 2 504 740, 2 662 919

Райхан Қасымқызы
Балалар кітапханашысы білімді педагог,
білікті психолог болуы керек.....64

Кульзада КАРЧАЛОВА
Библиотека смелых решений.....68

Раиса КАСЫМОВА
Воспитываем патриотов.....70

Надежда ТЕПЛЯКОВА
Путешествие по книжным волнам.....74

Нуржамал ДЖАЙЛЫБАЕВА
Мир детского чтения..... 76

Үш сауал.....78

БАЛАЛАР БАСЫЛЫМЫ
«Балдырған» журналы.....81
«Ақжелкен» журналы.....82
«Балбұлақ» журналы.....86

ДЕТСКИЕ ИЗДАНИЯ
Газета «Дружные ребята».....88
Журнал «Шуша».....90
ALTYNSOFT «Менің алғашқы кітабым»
сериясы.....91

ЯРКИЙ МИР КНИГИ
Гулжанат ЖУБАНИЯЗОВА
Знакомство с волшебными буквами.....93

ӨЗ СӨЗІМ — ӨЗІМДІКІ
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ
Сіз балаңызды жақсы көресіз бе?!.....95

ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА
Совет Хан ҒАББАСОВ
Халықтың қадір қасиетін ұқ!.....97

Балаларға арналған жаңа
кітаптар.....100

Ең үлкен және ең кіші, ең қымбат және
ең ауыр кітаптар.....101

Жаңа басшы тағайындалды

ҚР Мәдениет министрлігі Мәдениет комитетінің 2010 жылғы 14 шілдедегі №90-К бұйрығымен Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының бас директоры лауазымына Шаймұханбетова Жанна Кәкібайқызы тағайындалды.



Ж.Шаймұханбетова

бұған дейін Н. В. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасын 14 жыл бойы басқарған. Жалпы еңбек өтілі – 30 жыл

Мәскеу мемлекеттік Мәдениет институтының түлегі (1986 ж.). Халықаралық деңгейде ұйымдастырылған іс-шаралардың белсенді қатысушысы: ИФЛА Бас конференциясы (Пекин – 1996, Берлин – 2003, Сәул – 2006, Милан - 2009), «Қырым – 2006» және «Ыстықкөл – 2007» халықаралық конференциялары. Сондай-ақ АҚШ Мемлекеттік департаменті бағдарламасының түлегі.

Бірнеше мәрте мемлекеттік марапаттар мен құрметті атақтарға ие болған: «Ерен еңбегі үшін» медалі, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» төсбелгісі, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қарағанды облыстық Мәдениет департаментінің Құрмет Грамоталары, ҚР Ұлттық кітапханасының «Үздік кітапханашы» құрмет белгісі.

Халықаралық Ақпараттандыру академиясының корреспондент мүшесі.

Кітапхана ісінің өзіндік қыры мен сырын жетік сезінген жаңа басшының игілікті ісіне сәттілік тілейміз!



Сирек кітаптар

Жазушы, этнограф Сейіт Кенжеахметұлының Торғай қаласы маңындағы «Сырга» деп аталатын ертедегі қоныс орнынан (жер астынан қазып алған) тапқан құнды, сирек кездесетін кітаптар. Қазір бұл кітаптар ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында сақтаулы.

Құрметті оқырман!

Қолыңызда «Кітап патшалығы» журналының кезекті саны.

Тәуелсіз Қазақ елінің бас қаласы – Астанаға биыл 12 жыл толып отыр. Астана – қазақ даласының жүрегі. Сондықтан журналдың алғашқы бетін Астанаға арналған жыр жолдарымен көмкердік.

Егемен елдің ертеңін ерте ойлап, салиқалы саясат ұстанған Тұңғыш Президентіміз — Нұрсұлтан Назарбаев және оның көшбасшылық жолы жайлы жазылған кітаптардың тең авторларының ой-пікірлері де сіздердің назарларыңызға ұсынылды.

Журналымыздың осы санынан түбі бір Түркінің атажұрты – қазақ астанасында алғаш ашылған түркі академиясы туралы да оқи аласыздар.

Кітапхана саласы – адамзат санасының даму тарихын хаттап келе жатқан киелі бір ғылым десек те болады. Ал кітапханашылар – адамзаттың ақыл қазынасының шырақшысы. Ендеше, кітап пен кітапханашы, кітапханашы мен автор, автор мен оқырман, оқырман мен кітап, кітап пен кітапхана, міне, бұлар – бір бірінен ажырамас ұлы ұғым. Басылымның бұл саны дүниежүзі кітапханашыларының басын қосқан Швециядағы халықаралық кітапханашылар конгресі туралы мәліметтен де құр алақан қалдырмайды.

Журналымыздың негізгі бөлімі балаларға арналды. Біз кемел келешегімізді балаларымыздың жанарынан көре алуымыз керек. Бала мәселесі – басты мәселе. Осы ескеріліп, республика аймақтарындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған кітапханалар және еліміздегі балаларға арналған басылымдардың бағыт-бағдары мен қазіргі мүмкіндігін көрсету мақсатында арнайы айдар ашылды.

Әрбір нөмірде тұрақты жарияланып келе жатқан әр мемлекеттің ірі кітапханасы туралы материалмен қатар кітапханашылар конференциялары және қазақ ғылымының бірегейі – Мұхамеджан Қаратаевтың жеке кітапханасы туралы жазылған ғылыми мақала да журналымыздан ерекше орын алды.

Кітап әлемін жан әлеміне балаған қымбатты оқырман Сіздерді де «Кітап патшалығының» кірпияз тағы таңдамалы танымдық тақырыптар тізімінен күтеді!



Құрметпен, *Ғалия Бөкейқызы*

«ЕЛБАСЫ» КІТАБЫ




Сауытбек АБДРАХМАНОВ:


Бұл жинақ мерей тойға тарту әзірлеу мақсатымен дайындалмаған. Бұл жинақ басымыздағы бағымызды бағалауға шақыру үшін, қолдағы қазынамыздың қадіріне жетуге үндеу үшін дайындалған. Президент туралы сөз Елбасының өзінен бұрын елдің өзіне көбірек керек. Келешегіміз үшін керек. Қадым заманнан қағанын қадірлеп, ханын қасиет тұтқан елдің болашақта да биліктің бағасын білетін, халықтың өзі сайлап, екі тізгін, бір шылбырды қолға берген адамын қалтқысыз құрметтеу, ел басшысына тақ тұру дәстүрі орныға түсуі үшін керек. Басшысына тақ тұратын ел – басына бақ тұратын ел.

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев туралы еліміздің бас газеті – «Егемен Қазақстанда» 1991–2010 жылдар аралығында жарияланған мақалалар, сараптамалар, өлең-жырлар, Мемлекет басшысымен жүргізілген сұхбаттар топтастырылған «Елбасы» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Бұл шараға ғалымдар, Президент Әкімшілігінің қызметкерлері, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, жазушылар, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері, басқа да кітапқұмар қауым қатысып, жинақтың мән-маңызымен, авторлардың елдігіміз, мемлекеттігіміз туралы тағылымды ойларымен танысты.

Қазақ елінің маңдайына бақ болып қонған Тұңғыш Президентіміздің Тәуелсіз мемлекет құруын, сол Тәуелсіз жас мемлекеттің айдай әлеммен терезесі тең айбарлы ел болуы үшін жүргізіп отырған салиқалы саясатын, бұлаң да бұлаң бұлдыраған болашаққа бастаған байыпты сара жолын, Батысы мен Шығысындағы, Оңтүстігі мен Солтүстігіндегі азуын айға білеген басқа мемлекеттерді мойындатып, қабырғалы қалың елі үшін талай қиындықтарды еңсерген Елбасының ерен еңбегі жайлы жазылған 880 беттік «Елбасы» кітабының орны айрықша, мәртебесі жоғары.






ЮРИЙ СОЛОЗОВОВ:

Шынында, Тәуелсіздіктің 20 жылдығы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың және бүкіл қазақ халқының екі онжылдықтағы табысы болып табылады. Алға жылжудың қажетті алғышарты төрт факторға: қазақстандық биліктің адал ниеттілігі мен тиімділігіне, қоғам алдындағы жауапкершілігіне, билік пен қоғамның өзара ынтымақтастығының ортақтастығына және ең бастысы, ұлттық лидердің –



Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сияқты, шын жүректен, өз елі мен халқын сүйе білудегі харизмалық қасиетіне байланысты. Бір қызығы, Ресей сарапшылары өз Президентінің

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы жайлы толық талдап жазылған «Стратегический план – 2020: казахстанский путь к лидерству» («Стратегиялық жоспар – 2020: көшбасшылыққа қазақстандық жол») атты кітаптың тұсаукесері өтті. Басылымды авторлық ұжым шығарған. Ұжым құрамында Ресейдің жетекші экономистері, тарихшылары, саясаткерлері бар. Шараға құрметті қонақ ретінде кітап авторларының бірі, белгілі ресейлік саясаткер, Ресей Федерациясы Ұлттық стратегия институтының Халықаралық жобалар жөніндегі директоры Юрий Солозобов қатысты. Сарапшының пікірінше, кітап Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған. Зерттеу сериясының жалғасы болады. Бұдан бұрын бұл ұжым «Президентская власть в Казахстане: 20 лет успеха» («Қазақстандағы Президенттік билік: табысты 20 жыл») кітабын шығарған болатын.



Жолдауын оқымайды. Оқыса да оны сараптап жатқандары шамалы. Оларға мен Президент Назарбаевтың Жолдауын жібергеннен соң біраз уақыт өтісімен маған телефон соғушылар мен электронды хат жолдаушылардың санынан жаңылдым. Мен Ресейдің сарапшылар қоғамы арасында Н. Назарбаевтың Жолдауы осындай қызу пікірсайысын туғызады деп ойламаппын. Осы кітаптың жарық көруіне мүмкіндік жа-

сап, көмек көрсеткендері үшін қазақстандық әріптестеріме, атап айтар болсам, ҚР Президентінің Әкімшілігіне және «Деловой Мир» баспасына шексіз алғыс білдіремін. Бүгінде Ресей мен Қазақстандағы қоғамдық ұымдарда шикізаттық емес, индустриалдық дамудың жаңа бағыты жөнінде қызу пікірсайыстар өтуде. Осындай озық пікірлер – көрші мемлекеттердің әрі қарай қарыштап дамуына зор түрткі болатыны сөзсіз.

АТА ЖҰРТТА АШЫЛҒАН АКАДЕМИЯ

Астанада Түркі
Академия-
сы ашылды.
Академияның
ресми ашылуы-
нан кейін екі ел
президенттері
Нұрсұлтан
Назарбаев пен
Абдулла Гүл
«Түркі өркениеті:
дәуірлер
жалғастығы»
атты
халықаралық
еуразиялық кон-
гресске қатысты.

Бұл – Түбі бір, Діні бір бауырлас халықтардың мере-
йін асырып, мейманасын тасытқан тарихи оқиға болды.
Бұл – Түркі дүниесі тарихындағы тұңғыш бірегей ғылыми-
зерттеу орталық болуымен құнды. Бұл – Түпкі мақсаты,
жүрегіндегі тілегі бір Түркі елдерінің жоғын түгендеп,
мәдени-гуманитарлық байланысын нығайтуымен мәнді.

Осындай маңызды орталық құру бастамасын былтыр
Әзірбайжанның Нахичеван қаласында өткен түркі тектес
мемлекеттер басшылары саммитінде Елбасы Нұрсұлтан
Назарбаев көтерген болатын.

Қазақ елі – дүниеге тарыдай шашылған түгел түркінің
атажұрты, ат байлар алтын қазығы һәм құтты бесігі.

Қазақ елі – Түркі жұртының қасиетті қара шаңырағы.


Қос президент академия орталығында туыстас
халықтың төл тарихын терең зерттеп, түркітанушы
ғалымдардың өзара ынтымақты байланыс жасауына
жағдай жасайтынын айтты.

Нұрсұлтан Назарбаев:

– Еуразия кеңістігінде өн жайлаған түркілер
әлемдік өркениеттің дамуына орасан зор үлес қосты.
Адамзат тарихында ірі бетбұрыстар жасады. Түркілер
құрған қуатты мемлекеттер ғасырлар бойы көршілес
аймақтарда өз ықпалын жүргізді. Әлемнің көптеген елде-
рінде түркі сөздерінің жиі кездесуі соның айқын
айғағы болып саналады. ...Бұл – түркі тектес
елдердің мәдени-гуманитарлық байланысын
нығайтуға өлшеусіз үлес қосатын, тарихи маңызы
бар оқиға.

Абдулла Гүл:

– Нахичеванда құрметті президент
Нұрсұлтан Назарбаев түркі әлемі тарихында
алғаш рет түркі академиясын ашу бастамасын
көтерген болатын. Ой жүзеге асты. Біз сол үшін
оған алғыс айтуымыз керек. Мен Сізге және бір
мөрте алғысымды білдіремін.



**Түркі академия-
сының құрылу ----
мақсаты**

Түркі академиясы – Түркі тарихын және мәдениетін зерттейтін орталық. Оның құрамында мынадай орталықтар бар:

- Түркі тілін зерттеу орталығы;
- Түркі халықтарының кітапханасы;
- Түркі тарихының

мұражайы. Академияда біріншіден – түркі халықтарының тарихы, рухани және материалдық мәдениеті, археологиясы мен этнографиясы, екіншіден – түркі тілдері мен жазба ескерткіштері, үшіншіден – түркі халықтарының әдебиеті мен өнері, төртіншіден – түркология мамандықтары бойынша бакалавр, магистр және PhD докторы мамандары даярланатын болады. Оның базасында әлемнің жетекші түркітанушылары ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Бұл орталықтың тағы бір ерекшелігі түркі халықтарының форумдары, симпозиумдары, фестивальдері де өтетін орын болады. Академия Түркі кеңесімен, Түркітілдес елдердің Парламенттік Ассамблеясымен және «Түрксой» ұйымымен етене араласып, тығыз байланыста жұмыс істемек. Ғылымның әр түрлі саласында тәжірибе алмасу және бірлескен жобаларды жүзеге асыру механизмі күшейтілетін болады, қаны бір түркі халықтары ата-бабаларымыздың жасампаз мол мұрасын бірлесіп зерттейді, насихаттайды. Ғылыми-зерттеу орталығы түркі әлемінің рухани бірлігін нығайтуда



маңызды болмақ. Ол жалпы-адамзаттық өлшемдер арқылы түркі дүниесінің, сондай-ақ бүкіл әлемдік өркениеттің бай ғылыми және тарихи мұраларын терең ой елегінен өткізуге жәрдемдесетін болады. Академия ежелгі мәдениеттің жазба ескерткіштерін қалпына келтірудің өзіндік шығармашылық зертханасына айналмақ.

**Түркі тілін зерттеу
орталығы**

Түркі тілдерін өркендету мен әрі қарай дамыту үшін академия құрамынан түркі тілдердің ұлттық корпусы ашылады. Онда ортақ түркілік сөздердің терминологиялық қоры жасалады.

**Түркі тарихының
мұражайы**

Мұражайға басы барды жүгіндірген, тізеліні бүктірген, жоғарыда – Тәңірі, төменде – Жер жарылқағаны үшін алаңда алаң күн кешіп, арғымақ атты ойнатқан, босағасын борлатқан, керегесін торлатқан, тегіршегі манаттан, шаңырағы күміспенен күптелген, күлдіреуішіне жібектен ызғып бау таққан, сегіз қанатты әшекейлі ақордада көмейінен ән шалқып,

саусағынан сүмбіл де сүмбіл күй ұшып, қас дұшпанын қылыштай өткір сұсымен қорқытып, еңкеу-еңкеу жер шалып, егеулі найза қолға алып, қара қылды қақ жарып ақ пен қараны айырған – Ер бабалардан қалған қолөнер мен жәдігерлер қойылған.

**Түркі халықтарының кітап-
ханасы**

Адамзат тарихында өзіндік қолтаңбалары бар түркі тарландары – Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұни, әл-Фараби, Ибн Сина, әл-Хорезми, Қожа-Ахмет Ясауи, Ұлықбек, Әлішер Науаи секілді ұлы тұлғалар туралы жазылған кітаптармен қатар, түркіден шыққан әлемдік өркениетке қосқан ойшылдарымыз туралы деректер базасымен толықтырылуда. Кітапхана қорында 6500-ден астам құнды туындылар бар. Олардың көпшілігі сирек кітаптардан құралып отыр.

**Әбдуақап Қара,
Түркия Мимар Синан уни-
верситетінің профессоры:**

Мен мынаған Астана Түрік Академиясы (қысқаша АТА) деп ат қойып отырмын. Өйткені, бұл түріктің ата тегін, көне түркілерді, бүкіл түркі мәдениетін зерттейді. Мұны қазақтар, өзбектер, түріктерге ғана емес, басқа әлемдерге да танытамыз, сондықтан мен бүгінгі бағыт өте зор деп отырмын.

**Сайран Әбушәріпұлы,
түркітанушы ғалым:**

Түркі академиясы, түркі дүниесінің академиясы дейміз ғой, бұл – бүкіл дүниедегі түркі халықтарының ортақ мұрасын қаузаытын мекеме болуы керек.

ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ

Кітапхана тарихы

Түркия Ұлттық кітапханасы – әлемдегі жас кітапханалардың бірі. Кітапхана алғаш рет 1946 жылдың 15 сәуірінде Білім министрлігіне қарасты Баспасөз басқармасы жанынан құрылды. Мұнда қысқа мерзім ішінде 8 мыңдай ғылыми жұмыс жиналды. 1947 жылғы 1 сәуірде кітапхана уақытша басқа ғимаратқа көшірілді, көп ұзамай коллекциялар қоры 60 мың данаға жетті.

Аталған кітап коллекциясын насихаттау мақсатындағы көрме Анкара көпшілік кітапханасы ретінде жұмыс жасайтын, Анкарадағы Кумрулар көшесіндегі ғимаратта өткізілді.

Түркия Ұлттық кітапханасы 1948 жылғы 16 тамызда оқырмандарына есік ашты. 1950 жылғы 29 наурыздағы Мекемені құру туралы заң қаулысына сәйкес кітапхананың жеке заңы қабылданды. 1955 жылғы 18 мамырдан бастап Түркия Ұлттық кітапханасындағы Библиографиялық институт қоры «Түрік Ұлттық кітапханасы Мекемесі туралы Заңға қосымша Заңмен» қамтылды. Алғашқы ғимарат келешекте тұтынушылар талабын қанағаттандыра алмауы мүмкін деген болжаммен 1965 жылы жаңа ғимараттың құрылысын жобалау жұмыстары жүргізіледі.

1965-1973 жылдар аралығындағы дайындықтан кейін ғимараттың құрылысы басталды. 1982 жылы ғимарат құрылысы толық аяқталып, Түркия Ұлттық кітапханасының жаңа ғимаратында 1983 жылғы 5 тамыздан оқырмандарға қызмет көрсетіле бастайды.

Құрылымы

Жаңа үлгіде құрылған Ұлттық кітапхана ғимараты 39 000 шаршы метр аумақты алып жатыр. Ұлттық кітапхана ғимараты оқу залы, өнер залы, желдеткіш және қауіп-қатер дабылы орнатылған бөлме сияқты бірнеше блоктардан тұрады. Сонымен қатар мұнда көрме, екі мәжіліс залы және концерт залы бар. Жаңа ғимаратта ақпарат алу орталығы, дыбысты кітап сөресі, Ататүрік мұрағаты және реставрациялау лабораториясымен жабдықталған баспахана, шағын фильмдер мұрағаты, сондай-ақ микрофильм мен фототүсіру лабораториясы да жұмыс істейді.

Түркия Ұлттық кітапханасы ұжымының мақсаты – бүгінгі ортаның мәдени-экономикалық дамуына қолдау көрсету және ұлттық ақпараттық желі арқылы ақпараттық қоғам құру.



Кітаптар коллекциясы

Түркия Ұлттық кітапханасының қорында 2 886 383 кітап сақтаулы. Олардың басым бөлігі – өнер қолжазбалары, араб әліппесімен жазылған басылымдар, күнделікті газет-журналдар, бюллетеньдер, жылнамалар, жарнамалар, карталар, музыкалық ноталар, аудиотаспалар, суреттер топтамалары. Соның ішінде кітаптар саны – 1 171 483. Ал мерзімді басылымдардан жылнамалар мен бюллетеньдер 1 424 201-ді, қолжазбалар қатары 27 000-ды құрайды.

Түркиядағы сирек кездесетін жазбалардың басым бөлігі Ұлттық кітапхана қорында. 21, 799 жазбадан құралған коллекцияның 8,929-ы заңды тіркеуде. Сондай-ақ мұндағы 1728-1928 жылдар аралығында араб мәтінімен жазылған басылымдар көлемі 2,350-ді құрайды. Оттоман дәуірінен қалған заңды тіркелімдегі 4,080 басылым 1997 жылға дейін микрофильмге аударылды. Ал қалған 4,849 дананы аудару жұмысы жобаға сай 1998 жылы жалғасты.


Мәліметтер базасы

Ұлттық кітапхананың мәліметтер базасындағы библиографиялық жазбалардың саны 600 мыңға жетті және

оған онлайн пайдаланушылар еркін қол жеткізе алады. Сондай-ақ интернетке байланысу жылдамдығы – 128 kbps. Интернетті қажет ететін бағдарламаларға арнайы ғаламтор орнатылған.

Жобалары

Мұндағы негізгі жоба – кітапхана коллекциясын бейнежүйеге аудару жобасы. Бұл жоба қолжазбаларды, сирек басылымдарды электронды нұсқаға айналдыруға және ғылыми еңбектердің түпнұсқасын жариялауға сөйтіп виа-интернет аясында іздестіруге негізделген. 26 739 қолжазбаны компьютер арқылы оқуға мүмкіндік бар.



Түркия Ұлттық кітапханасының интернет сайттағы мекен-жайы: <http://www.mkutup.gov.tr/>. Сайттағы материалдар негізінен түрік, ағылшын тілдерінде жарияланған.

Дыбысты және video bank жобасы

Бұл – электронды қызметтер аясын кеңейтуді көздеген жоба. Ұлттық кітапхана кол-

лекциясындағы көптеген дыбысты және басқа да материалдарды, өнер туындыларын, кітаптарды ауыстырып, CD дискілер шығарып, интернет пайдаланушыларына ұсынады.

Дыбысты және бейнематериалдар, яғни кассеталар, бейнежазбалар, суреттер, баспа өнімдері, жарнамалар және карталардың барлығы да CD нұсқаға аударылады.


Ұлттық кітапханадағы дыбысты және video bank жобасы электронды кітапхана атауына сай, жеке мұрағатындағы кітаптармен қатар басқа да қажетті материалдарға интернет арқылы қол жеткізуге мүмкіндік жасайды.

Кітапханалық ынтымақтастық

Түркия Ұлттық кітапханасының әкімшілігі дүниежүзінің отыз үш елінің мәдени алмасу бағдарламаларымен ынтымақтастық келісім жасаған. Өз кезегінде түріктер тарапынан «Түрік кітапханасы» және «Түрік мақалалары бағдарламасы» 83 елдің 560 кітапханасына, шығыстану институттарына, әлемдік ақпарат орталықтарына жолданды.



Дайындаған Айсұлу СЕЙІЛОВА
e-mail: azse@mail.ru



Халықаралық кітапханашылар конгресі: ИФЛА–2010, ГЁТЕБОРГ

2010 жылғы 10-15 тамыз аралығында Швецияның Гетеборг қаласында ИФЛА халықаралық кітапханалық ассоциациялар мен мекемелер федерациясының 76-шы бас конференциясы болып өтті.

Дүниежүзінің 4000-ға жуық кітапханашыларының басын қосқан конференцияның биылғы тақырыбы – «Ақпаратқа ашық қол жеткізу: Тұрақты дамуды қолдау». Кітапхана ісінің қарыштап дамуы мен оқырмандардың кез келген ақпарат көзіне еркін қол жеткізуі үшін барлық мүмкіндіктер көзін қарастырып, әлем болып талқылаған тағылымды жиынға елімізден 21 адамнан тұратын делегация барып қатысты. Делегация құрамында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы, ҚР Ұлттық кітапханасы, Республикалық ғылыми-техникалық кітапханасы, Алматы қаласындағы Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы, Шығыс Қазақстан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы, Батыс Қазақстан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы, Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы, Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің кітапханасы және С. Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының білікті мамандары болды. Барлық елден келген кітапхана мамандары осы басқосу барысында кітапхана ісіндегі кейінгі жетістіктер, жаңа ақпараттық технологиялар жөнінде өзара тәжірибе алмасты.

Қазақстандық кітапханашылар конференцияның мынадай секция жұмыстарына қатысты: «Ұлттық кітапханалар», «Каталогтеу», «Анықтамалық-ақпараттық қызмет көрсету», «Коллекцияларды жетілдіру және толықтыру».





Құрметті әріптестер!

Барлық делегаттарды Швецияның алып шаһарларының бірі Гетеборкте, Бүкіләлемдік кітапханалық-ақпараттық конгрессте: ИФЛА-ның 76-шы Бас Конференциясы мен Ассамблеясында қарсы алғаныма қуаныштымын!

Конгресс тақырыбы – «Білімге ашық қол жеткізу: Тұрақты дамуды қолдау», білімге қол жеткізу қияли елестер мен жасампаздық әлеміне есік ашады, ал әрбір адамның екпіні бүкіл қоғамның қозғалысына алып келеді.

Білім өмірдің өрісіне өзгеше ықпал ететін маңызды фактор болып табылады, білімге қол жетімділік барлық ұлт пен ұлыстың тең деңгейде дамуы үшін өте мәте маңызды. Кітапханалар негізгі ақпараттық провайдер ретінде жаңа тәжірибелер жасап шығаруда да маңызды роль атқарады. Дүниеге білімді жаңа ұрпақ қалыптастыру жағдайында кітапханалар ақпараттың бастау бұлағы болып табылады.

Барлықтарыңызға да конгресстің жемісін көруге жазсын! XXI ғасырдағы білімге жеткізетін жалғыз жол-серік ретіндегі кітапханалардың келешегін құру үшін өзара тәжірибе алмасайық, бір-бірімізден тағы да үйренейік!

Эллен Р. ТАЙС,
ИФЛА Президенті



Ұлттық Комитет Басшылығының құттықтауы

Ұлттық Комитеттің Басшылығы атынан Өздеріңізге Бүкіләлемдік кітапханалық-ақпараттық конгрессте: ИФЛА-ның 76-шы Бас Конференциясы мен Ассамблеясында тұрып бас иеміз!

Қазіргі қоғамда кітапхананың ролі әр алуан әрі өте маңызды. Біздің тұрғылықты жерімізге байланысты оның мәртебесі де өзгеріске ұшырайды, бірақ біз бәріміз бірге өз еліміздің мәдениетін насихаттаушыға

айналамыз. Білім ресурстарын жиып алып, білім-ғылымымызды технологиялардың көмегімен сақтап қалып, соған қол жеткізуге мүмкіндік жасаймыз. Кітапханалар ақпараттық қоғамның басты бөлігін құрайды. Біз ақпарат таратамыз және оған ену жолын жеңілдетеміз, сөйтіп жекелей жетілуге және қоғамның дамуына үлес қосамыз. Білім және оған қол жеткізу адамзат теңдігі мен табиғи ресурстарымыздың игілігіне қарай тұрақты дамуға және демократияның өріс алуына сеп болады.

Гетеборкте қош келдіңіздер! Сіздермен жүздесу сәтіндегі көңіл көгімізде шаттық нұры шалқып тұр!

Инга Лунден,
Швеция Ұлттық кітапханалық
қауымдастығының Президенті



Агнета Олсон,
WLIC 2010
Комитетінің төрайымы

**Эллен ТАЙС (Ellen R. Tise),
ИФЛА Президенті**

Губернатор мырза, мэр мырза, Парламент мүшелері, аса мәртебелі меймандар, ИФЛА Басқармасының мүшелері, 2010 жылғы Бүкіләлемдік кітапханалық-ақпараттық конгресске қарасты Ұлттық комитеттің мүшелері, Кітапханалық қауымдастық президенттері, Ұлттық кітапханалар мен мекемелер директорлары, ИФЛА мүшелері, делегаттар және ИФЛА-ның достары! Сіздердің барлықтарыңызды Швецияның Гётеборг қаласындағы Бүкіләлемдік кітапханалық-ақпараттық конгресс: ИФЛА-ның 76-шы Бас конференциясы мен Ассамблеясында құттықтау мен үшін зор ғанибет!

Швецияның ИФЛА-ға байланысты байырғы дәстүрі бар. Біздің шведтік әріптестеріміз осы Федерацияның негізін қалаушылардың бірі болып саналады, олардың есімі 1927 жылғы Эдинбургтегі (Шотландия) басқосулардан ақ атала бастады. ИФЛА-ның тұңғыш Президенті – 1927-1931 жылдары осы лауазымда отырған швед өкілі Исаак Коллайн (Isak Collijn): Тарихқа шегінсек, ИФЛА Швецияда үш рет конференция өткізіпті: 1930 жылы Стокгольмде, 1960 жылы Лунд және Мальмо қалаларында, 1990 жылы тағы да Стокгольмде. Кейінгі конференция «Кітапханалар: Ақпарат білім үшін» деген тақырыпқа бағытталды, ал бұл тақырып 20 жылдан соңғы Президент ретіндегі менің тақырыбыммен ұштасып отыр! 2010 жылы ИФЛА ұйымы Швеция төрінде төртінші рет Конгресс өткізіп отыр, бұл – әлемдегі өзге

елдер мақтана алмайтын құбылыс.

Швеция – ИФЛА-ға жан-жүрегімен берілген ел. Бұл мемлекеттің мекемелері мен ұйымдары кітапхана ісіне барлық жағынан қолдау көрсетеді. Шведтік қызмет көрсету агенттігінің (SIDA) қаншама жылдар қатарынан бөліп жатқан қыруар гранты жайлы еске алудың өзі жеткілікті, сондай-ақ 20 жылдан бері осы елдің аумағында, Упсала университетінде IFLA/ALP кеңсесі жайласқан, бұдан Швеция мен ИФЛА-ның арасындағы қарым-қатынастың қаншалықты берік болғандығын түсінеміз. Швеция ALP, SIDA бағдарламаларының арқасында әлемнің көптеген дамыған елдерінен өкілдіктерге ие болды. Дамушы елдердің кітапхана ісін жетілдірудегі SIDA үлесіне қайтадан баға беру оңай емес. Швецияның

тереңдерге бойлаған тарихы мен салт-дәстүрінен мәлімет ала отырып, біз Швецияның қысқа мерзімге қарамастан ИФЛА-ның кезекті Конгресін өткізуді қабыл алғанына таңданбадық. Аса зор қарқынмен атқарған ауқымды істері үшін Швеция Ұлттық комитетіне өз атымнан алғыс айтқым келеді. Конгресс қатысушылары да шведтік әріптестеріміздің жұмыстарына ризашылық білдіреді деген сенімдемін.

Гётеборгті Конгресс өткізетін орын етіп алу Швеция кітапханалық қауымдастығы мен Ұлттық комитет алдына аса күрделі мәселе ретінде қойылған еді. Бұлардың батыл қадамы мен рекордты қысқа мерзім ішінде осы Конгрессті ұйымдастырудағы ерен еңбектеріне деген ізет-құрметімді ИФЛА атынан айғақтап бергім келеді. Анығында да Конгрессті жемісті өткізу жолында аянып

жатқан жоқ.

Ұлттық комитет тарапынан шараны өткізуге шешім қабылдатып, қолдау тапқан менің Президенттік тақырыбым — Кітапханалар білімге қол жеткізетін қозғалтқыш тәрізді — фонда көрініп тұрған қазіргі Конгресс тақырыбы, атап айтсақ, — Білімге ашық қол жеткізу: тұрақты дамуды қолдау. Олар өз таңдауын «білімге қол жеткізу қияли елестер мен шығармашылыққа есік ашды, ал әрбір адамның екпіні бүкіл қоғамның қозғалысына алып келеді» деген тәрізді тезиске негіздеген. Бұл таңдау мен үшін зор мәртебе, алайда аз-кем именетінім бар, өйткені осы таңдау менің Президенттік тақырыбыма рух беріп, ақпараттық теңдікке мүмкіндік берді, өйткені өз басым ғылым-білімнің құдіретіне шын сенемін және оны өмірдің өрісіне өзгеше ықпал ететін маңызды фактор деп санаймын. Миландағы сөзімді қайталап айтсам — «білімсіз жасалған әрбір әрекет — бос әурешілік. Терең, нақты әрі сенімді білім болмаса, қазір қабылдаған шешімдердің аяғы апатты жағдайға алып келуі ғажап емес. Білім — бұл жетістік жолы». Бұдан бөлек, білімге қол жетімділік барлық қоғамдастықтың, әлеуметтің, халықтар мен мәдениеттің тең деңгейде дамуы үшін өте-мөте маңызды. Кітапханалар негізгі ақпараттық жабдықтаушы ретінде жаңа тәжірибелер жасап шығаруда да маңызды роль атқаруы тиіс. Ақпараттың бастау

бұлағы болып табылатын кітапханалар дүниеге білімді ұрпақ келуі үшін ақпарат тұтынушыларға кең ауқымды қызмет көрсетіп келеді. Білімге бірегей мүмкіндік мемлекет тұрақтылығы мен бейбіт өмірдегі сенімділікке кепіл болады.

Дегенмен білімге қол жеткізуде әрдайым еркіндік бола бермейді. Алғашында Гуттенберттің жылжымалы әріптердің көмегімен басып шығару жөніндегі жаңалығы кітап пен баспа материалдарын ақпарат пен оны жеткізетін бірден-бір қорға айналдырды. Сауаттылық әрқашан да билік пен күш-қуаттың кілті болған және солай болып қала береді. Сондықтан баспа өнімін жасап шығару және сақтау мүмкіндігі билік пен күш-қуаттың негізгі атрибуты болып табылады. Бірақ бүгінгі ғаламда баспасөз тұрақты құндылық деп танылмауы да мүмкін. Баспасөздің шынайылығын айыра білу — бұл нағыз шеберлік. Біздің сауаттылық машығымыз қарапайым оқу, жазу және түсінуден бастап, өкінішке қарай, әрдайым ақысыз әрі жалпыға бірдей бола бермейтін асқан біліктіліктен дереккөздің дәлелсіздігін ажырату қабілетіне дейін өзгерді. Сондықтан қазіргі жағдайдан аман шығу үшін жаңа дағдымызды дамытуға тиіспіз. Ал ақпараттың тауарға айналуы басты мәселелердің бірі болып саналады, енді мұнымен білімге қол жеткізу тәсілдерін іздеген кітапханашылардың ғана

күресуіне тура келеді. Мен ақпараттың экономикалық аспектілеріне сәлден соң қайта ораламын.

Гуттенберг мәтінді материяға айналдырып көрсететін тағы бір мәселені көтерген. Қазіргі замандағы ақпарат — бұл тек баспасөз емес. Ақпарат барынша визуальді және дыбысты болып барады. Суреттеу, түс, дыбыс және қозғалыс — ақпарат шығарудың және оны ұсынудың қоғамдық қабылданған әрі көпшілік күткен бүгінгі аспектілері. Ақпарат берудегі осы аспектілердің, сондай-ақ оған қол жеткізудің маңыздылығын түсіну үшін түсі, қозғалысы, дыбысы немесе кескіні жоқ веб-беттерді таныстырудың қажеті бар ма. Қазіргі конференцияларда қағаз бетінен баяндама оқитындарды ұйып тыңдап отырғанымызды елестету қиын. Қарсы алдымызда — біз дыбыс және түрлі түсті эффектілермен безендірілген тұсаукесерлерді көреміз.

Жоғарыда аталғандардың барлығы да білімнің мәні мен оған қол жеткізудегі технологиялар, оларды қолдану мен білімге жан-жақты әрі үздіксіз қол жеткізуге мүмкіндік беретін жаңа техникалық зерттемені әзірлеудің үлгісі іспетті. Бірақ бұлардың барлығы да білімдегі экономикалық құндылықтардың бой көрсетуіне алып келді. Білімге қол жеткізу мүмкіндігі бәрінен бұрын мәліметтер базасын қолдануға, кескіннің қайта жаңғыртылуына рұқсат шешім, сондай-ақ дыбыс-

КІТАП ПАТШАЛЫҒЫ

ты файлға немесе толық музыкалық өнімге қарай қаламақы төлеумен байланыстырылады. Білімге мүмкіндік, оған қол жеткізе алу үшін үздіксіз төлеммен байланыстырылады. Білімге қол жеткізу жолын жеңілдету үшін күш алатын төлем талабы қосымша кедергі әкелсе де, баспагерден құнын өтеу туралы ешкім сұрай алмайды. Білім ғана құнды өнімге айналып, аса бағалы металлдар – алтын, платина және гауһарларын есепке алатындардың пайда болатыны белгілі. Экономикалық нарық жағынан білім сандық көрініске ие болады. Білім – бұл бірегей тауар, оның құны қолданыс барысында ғана өсе түседі. Анығында да, қолданыс кезінде өз құнын жоғалтатын өзге тауарлардан бөлек, ал осылай пайдалану көбінесе тауар құнын тағы да көтере түсетін жаңа білімге қарай жүргізіледі. Білім және оған қол жеткізу тұрақты прогресс пен демократияның дамып, өсуіне сеп болады, табиғи ресурстарымыздың игілігіне жүреді, адамдар арасында теңдік орнатуға мүмкіндік береді.

Мұндай мүмкіндіктер әлеуеті, жауапкершілік деңгейі, сондай-ақ біздің тұрғылықты жерімізге байланысты оның мәртебесі де өзгеріске ұшырайды, бірақ біз бәріміз бірге өз еліміздің мәдениетін насихаттаушыға, ал кітапханаларымыз – білімге қол жеткізетін маңызды нүктеге айналады. Қазіргі және келешек ұрпақтың осы білімге

қол жеткізуіне технологиялар арқылы мүмкін болады. Осы секілді зерттеулерде маңызды роль атқара отырып, кітапханалар мен кітапханашылар ақпараттық қоғам құру және оның тұрақтылығына қолдау көрсету жолында жетекші ұстанымымен алға шыға бастайды. Біз ақпарат таратамыз және оған өну жолын жеңілдетеміз, сөйтіп жекелей жетілуге және қоғамның дамуына мүмкіндік жасаймыз. Аталмыш роль қазіргі Конгресс тақырыбымен сәйкес келеді: «Ақпаратқа ашық қол жеткізу: тұрақты дамуды қолдау».

Қорытындылай келе, қазіргі 76-шы конгресстің кәсіби және жеке тәжірибемізді толықтыра түсуімізге мүмкіндік беретінін атап өткенім орынды. Ұлттық комитет, Басқарма атынан және Президент ретінде өз атымнан Сіздерге жемісті кездесулер мен әр біріңіздің бойында кәсіпке деген адал ниеттің болуын тілеймін. Осы пленарлық отырыста Сіздер ақпарат пен ғылым-білімнің көптеген салаларды дамытудағы мүмкіндіктері жайлы баяндамалар тыңдайсыздар. Бұдан бөлек, Сіздер қазіргі жобалардың жай-күйі мен жаңа жетістіктері жайлы жекелей және топтық тұсаукесерлер мен көрмелер арқылы мәлімет білесіздер.

Швецияға, Гётеборг қаласына келген Сіздердің сәтті сапарларыңыз кәсіби қанаттанып, бір-біріңізбен ашық әріптестік байланыс жасауларыңызға мүмкіндік береді және Швеция мен Гё-

теборг мәдениетіне деген ынталарыңызды оятады деген үміттеміз. Сіздер бұл қалада көптеген қызықты оқиғаларға куә боласыздар. Біздің бүгінгі мәдени әрі қоғамдық бағдарламаларымыз қалада өткізіліп жатқан мәдени фестивальмен үндеседі. Сіздер әр түрлі мәдени іс-шараларға қатыса аласыздар. Одан бөлек, Сіздерге өте қызықты оқиғалар жайлы хабарлауға асықпыз. Сіздердің әлемнің әр алуан нүктесінен келген әріптестеріңізбен – мәжіліс, үзіліс, кешкі ас кезінде немесе қаладағы көптеген түнгі мекемелердің бірінде кездесіп, ой алмасуға мүмкіндіктеріңіз болады.

Біз жемісті конференция, жайлы жағдайда кәсіби тәжірибе алмасумен қатар жаңа кәсіби желі жасалып, достық қарым-қатынасымыз жаңғыртыла түседі деп нық сенеміз. Гётеборгке қош келдіңіздер, қала қағбасы Сіздерге ашық, Швецияға, білім мен баянды біліктіліктің бесігі болған қоғамға қош келдіңіздер!

2010 жылғы Бүкіләлемдік кітапханалық-ақпараттық конгреске қош келдіңіздер!

Зор қуанышпен, ИФЛА-ның 76-шы Бас Конгресін және Ассамблеясын ашық деп жариялаймын.

**ИФЛА-ның 76-шы
Бүкіләлемдік кітапханалық-ақпараттық конгресі, Гётеборг, Швеция**

11 тамыз 2010



Джесмин КАМЕРОН,
ИФЛА Тұрақты комитетіне қарасты
Ұлттық кітапханалар секциясының хатшысы

– Джесмин Камерон ханым, Ұлттық кітапханалар секциясында талқыға түсетін өзекті деген мәселелер қандай?

– Жалпы, Ұлттық кітапханалар көп нәрсенің басын қосады. Дәл қазіргі кезеңде, барлық Ұлттық кітапханалар өздерінің жеке қорлары мен құжаттары бойынша жұмыс жасауда. Ең өзекті мәселе ресурс-тарды қалай басқару жөнінде, ал оған қарамастан баспа өнімдері өз қалпын әрқашан да сақтап қала алады. Электронды ресурстарды басқару жағы да жан-жақты ойластырылған болуы қажет. Электронды құжатқа қатысты айтар болсақ, оқырман үшін ақпаратты жинау, сақтау және оған қол жеткізу жағдайы сол баяғы өткір күйінде қалып келеді. Осының өзі жер жаһандағы Ұлттық кітапханаларды біріктіреді. Әрбір Ұлттық кітапхана өзінің электронды сақтау қоймасын жасайды: картиналар, манускрипттер, карталар, кітаптар – бәрі де ұлттық құндылығымыз. Десек те, ең қиыны көпшілік қауымның қол жеткізуі. Біз осы мәселелермен айналысудамыз.



Дэйм Линн БРИНДЛИ,
Британ кітапханасының атқарушы директоры

– ИФЛА-2010 халықаралық конгресі барысында ұйымдастырылған Ұлттық кітапханалар директорларының конференциясында (CDNL) нендей маңызды мәселелер қаралды?

– Ұлттық кітапханалар директорларының конференциясы (CDNL) – Ұлттық кітапханалар басшылары үшін маңызды басқосу. Ұлттық кітапханалар директорларының биылғы конференциясында бірқатар маңызды мәселелер айрықша назарға алынды. Соның бірі – стихиялық апат және одан кітапханалардың, соның қатарында Ұлттық кітапханалардың арылу жайы. Бүгінгі шараның бірінші бөлігінде стихиялық апаттардан арылу, алдын алып шығу жоспарын сараладық. Біздің басқосуымыздың екінші бөлігі оқудың өзектілігі мен сауаттылыққа, авторлық құқық пен зияткерлік меншік құқығына, сондай-ақ міндетті даналардың, әсіресе, цифрлы материалдардың заңнамалық мәселелеріне арналды. Ұлттық кітапханалар ұлттық құжаттық жәдігерлері үшін жауапты. Осыған орай, әр алуан елдердегі мемлекеттік заңнамалардың жай-күйі мен жасалу жолдарын да зерделеп қарап шықтық.



**Карина БУДАГЯН,
Б. Н. Ельцин атындағы Президенттік кітапхананың Халықаралық
істер жөніндегі үйлестірушісі**

Мен Б. Н. Ельцин атындағы Президенттік кітапхана өкілімін. Мәскеудегі Ресей Мемлекеттік кітапханасы мен Санкт-Петербургтегі Ұлттық кітапханадан кейінгі Ресейдің үшінші кітапханасы болып табылатын біздің кітапхананың мақсаты – орыс мемлекеттілігі туралы материалдарды мол етіп жинау, яғни бізде кітапханамен қатар мұрағат та бар.

ИФЛА конференциясына ең алдымен келгендердің бірі – менмін. Бір атап өтерлігі, өте жақсы әсердемін. Алдағы жұмысымызда қажет болатын көптеген пайдалы ақпараттар алдым. Менің пікірімше, осы тектес халықаралық қатынастар біздің қызметіміздің шегін ерекше кеңейтуге мүмкіндік береді. Жұмыстың жаңа формалары мен әдістерін енгізуіміз керек.



**Маржан ВАЛИУЛИНА,
ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы
Ғылыми талдау орталығының жетекшісі**

Менің Швецияға сапарым ойда жоқта болды. Сондықтан да сапар барысында алған әсерім өздігінен саналы түрде қабылданды, яғни бұрынғы ұғым-түсініктеріммен салыстыруға мүлдем келмейді. Конференция кестесіне қарай Вена және Стокгольм көшелеріне, шіркеулерге, алаңдарға, опера театрына, патша сарайына және басқа да көрікті жерлерге серуендеуге мүмкіндік болды. Тар көшелері, экскурсияларға арналған атты әскерлері, қарт адамдардың көптігі, кофе жұпары, Макдоналдстар және бағалар таңданыс сезіміңді еріксіз оятады.

«Білімге ашық қол жеткізу: тұрақты дамуды қолдау». Осындай атаумен алынған конференция тақырыбын Ұлттық комитет «білімге қол жеткізу қияли елестер мен жасампаздық өлеміне есік ашады, ал әрбір адамның екпіні бүкіл қоғамның қозғалысына алып келеді» деген тезиске негіздеді.

Конгресске қатысу арқылы кәсіби жетіліп, жеке тәжірибемді байыта түсу мүмкіндігіне ие болдым. Пленарлық отырыстарда ақпарат, білім беру және ғылым-білімнің көптеген салаларды дамытудағы мүмкіндіктері жайлы мазмұнды баяндамалар тыңдадық. Бұдан бөлек, жеке және топтық тұсаукесерлер, көрсетілімдер мен көрмелер бізді жаңа жетістіктер мен ағымдық жобалардың жай-күйінен хабардар етті. Бұл – әр алуан ойға ой қосатын, кәсіби тәжірибеңді толықтырып, шығармашылық шыңдалуға, жеке адамның қалыптасып, дамып, рухани кемелдену жолына түсіретін таңғажайып орын. Маған, бәрінен бұрын, кітапхана зерттеулерінде американдықтардың, каталогтеуде ағылшындардың, ұялы телефондарды қолдануда үндістердің тәжірибелері ұнады.

Теңдік ЕРМЕКПАЕВА,
ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы
Әлем әдебиеттері бөлімінің жетекшісі

Бүкіләлемдік кітапханалық-ақпараттық ИФЛА (Халықаралық кітапханалық ассоциациялар мен мекемелер федерациясы) конгресі – кәсіби өзекті деген мәселелерді талқылап, тәжірибе алмасу және бір-бірімен достық қарым-қатынаста болу үшін дүниежүзі кітапханашылары жыл сайын жиналатын айтулы оқиға. Конгресс қатысушылары оқу ісін ілгерілету, әлеуметтік жағдайына қарамастан пайдаланушылардың барлығының да ақпаратқа кеңінен қол жеткізуі жолындағы жарқын істерді әрі қарай жалғастыру үшін жақсы көңіл-күй мен күш-жігерден қуат алады. Конгресс жаңа идеялармен және тұтынушылар мүддесіне қарай көрсетілетін қызметтердің сапасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстармен әлемдік кәсіби кеңістікті толықтыра түседі.

Биыл бізге Гетеборг қаласында 10-15 тамыз аралығында өткен конгреске алдыңғы лекпен келудің сәті түсті. 2010 жылғы Ұлттық комитет төрайымы Агнета Олсонмен бірлікте конгрессті ұйымдастырушылар конгреске қатысуға өтініш беруден бастап жабылу салтанатына дейінгі барлық кезеңдерде қонақтарға жайлы жағдай жасап қамқорлық көрсетті. Олсон ханымның командасы қалыптасқан қонақжайлылығын танытып, конгресстің барлық күндерінде делегаттарға ыстық ықыласын аяған емес, бұл осы шараның өткізілуіне оң ықпалын тигізді. Ұйымдастырушыларға шексіз алғысымды білдіре отырып, береке-бірлік пен табысы ортаймасын деп тілеймін.

ИФЛА-ның Азия және Океания секциясы Тұрақты комитетінің мүшесі ретінде осы комитет жұмысына атсалыстым. Комитет ИФЛА-ға географиялық аймақтарды кеңейте түсуге мүдделі екендігін мәлімдеді. Конгресстегі Тұрақты комитет отырысына Қытай, Корея, Үндістан, Шри-Ланка, Жаңа Зеландия, Сирия, Ливан, Қазақстан, Сингапур, Египет, Тайвань елдерінен және Гонконгтан (Қытайдағы әкімшілік аудан) делегаттар болды. Комитет дәстүрлі ұйымдастырушылық мәселелермен қатар 2010-2011 жылдарға арналған жұмыс жоспарын, 2010-2015 жылдарға арналған ИФЛА-ның стратегиялық жоспарын, басқосуға барлық мүшесі ұдайы қатыса алмайтындықтан Тұрақты комитет отырысын келешекте бейнеконференция түрінде өткізу мүмкіндігін қарастырды.

Комитет мүшелері Азия және Океания аймағындағы оқу ісі бойынша біздің ұсынысымызға ерекше назар аударды. Конгресстегі кездесу барысында делегаттар Қазақстанда дәстүрге айналған «Бір ел – бір кітап» акциясын ұйымдастыру және өткізу тәжірибесімен танысты. Осыған ұқсас оқу акциялары бірнеше жылдар бойы әлемнің әр алуан елдерінде өткізіліп келеді. Оқу ісін ілгерілету ісі бүгінгі күні де ИФЛА-ның басым міндеттерінің бірі болып қала береді. Бұл туралы 2010 жылғы 12 тамызда Гетеборгте Бүкіләлемдік кітапханалық-ақпараттық конгресс аясында өткізілген Ұлттық Кітапханалар Директорларының Конференциясында (CDNL) айтылды. Азия және Океания секциясы Тұрақты комитетінің мүшелері аталған тақырыптың өзектілігі, сондай-ақ Азия және Океания аймағындағы оқу ісін ілгерілетудің үлгісін жасау қажеттігі жайлы ортақ пікірге келді. Кім біледі, осылай бірлесіп оқу болашақта жер шарын қамтуы да ғажап емес.





Гүлжәмерия ҚАЗИНА,
Қостанай ОӘФК директоры

Әлемнің түкпір-түкпірінен келген кітапханашылар бір орталықта бірігіп, өз ойларын, идеясын ортаға салып, адамзат руханияты – кітаптың тағдыры жайлы пайымды пікір алмасып жатыр. Бұл конференцияның кітапханашылар мен оқырмандар үшін маңызы өте жоғары деп ойлаймын. Кітапханашылар үшін маңыздысы – кітапхана ісінің даму сатыларын, оның қай елде озық екенін, қай елде қандай жетістіктер бар екенін көзімен көріп, жүрегімен сезінеді. Өз оқырмандарының кітапқа деген ынтасын, назарын арттыру мақсатында жасалатын көптеген методикалық құнарлы мағлұмат алады. Ал әр елдегі оқырмандар үшін маңыздысы – кітапханашылардың әлемдік деңгейде қызмет көрсете алатындығына сеніммен қарайды. Осы конференцияның артықшылығының бірі – мамандар заманауи техникалармен танысып, қазіргі электронды кітапхананың сәтті қадамдары жайлы нақты ақпарат алады. Жалпы қазақстандық кітапханашыларға ИФЛА-ның қосып жатқан үлесі өте көп. Әсіресе, ИФЛА-дан алған тәжірибелерімізді, әсерімізді өз облысымызға барып, тек өз кітапханаларымыздың мамандары ғана емес, мектеп кітапханаларындағы мамандармен де бөлісеміз.



Диана МАРКУМ,
АҚШ-тағы Конгресс кітапханасы бас директорының
кітапханалық қызмет көрсету істері жөніндегі орынбасары

– Тұрақты Комитеттің Ұлттық кітапханалар секциясы мүшелерінің кездесуінде Сіз дәстүрлі кітап оқуға қолдау көрсету тақырыбын алға тартқан американдық Конгресспен жайлы айтып өттіңіз. Осы жөнінде тарқатып әңгімелесеңіз?

– Конгресспен Джон Ларсон АҚШ-тағы бірқатар Елшілермен сөйлескен, Сіздің елдің Елшісімен тілдесе алды ма жоқ па білмеймін. Оны цифрлы технологиялар дәуіріндегі кітаптардың келешегі толғандырады. Ол білім берудің маңызды элементі ретіндегі кітаптың мән-маңызына, сондай-ақ мұның жалғасы саналатын электронды кітаптардың, веб-сайттардың болмысына көз жеткізгісі келеді. Ол осы тақырыпқа қатысты идеясын бүкіләлемдік конференцияда кеңінен насихаттады, сол мәселеге назар аудартуға күш салды. Менің де қолғабыс беруімді күтті. Сонымен бұл ұсыныс Конгресспен тарапынан келіп түсті, осылай біз жоба жасау жағын қолға алдық. Мұндай идея халықаралық ынтымақтастық мәселесіне қозғау салады.

– Әрине, осы өзекті идеяны көтергені үшін оған алғыс айтуымыз керек шығар?

– Әлбетте, бұл дәл біз ойлаған мәселе болатын. Ең маңыздысы, мәдениетке, кітап пен кітапханаға әлемнің назарын аударуымыз.

– Рахмет!

Ирина ЛИНДЕН,
РҰК-сы бас директорының
халықаралық істер жөніндегі орынбасары,
ИФЛА-ғы Ұлттық кітапханалар секциясы
тұрақты комитетінің мүшесі.

ИФЛА-ғы Ұлттық кітапханалар секциясы – өте маңызды секциялардың бірі, себебі, бүгін айтылғандай, кітапхана саласындағы кез келген мәселе ұлттық кітапханалар басшыларының қатысуынсыз шешілмейді. Осы дерек, яғни біздің жеке комитетке бірігуіміз жыл сайын тақырыптың барынша қажеттілігін анықтауға, оны жан-жақты талқылауға, сондай-ақ ғылыми сессияны дайындауға мүмкіндік береді. Тақырыптар жыл сайын өзгеріп отырады, сондықтан, меніңше, біздің қатысуымыз кітапхана ісін дамытуға зор маңыз береді. Бұдан бөлек, біз барлығымыз да әріптестік байланыстамыз. Бізде, мәселен, 23 Ұлттық кітапханамен келісім-шартқа қол қойылған. Ал отырыстағы өзекті мәселеге қатыстысы, бүгін ИФЛА-ның стратегиялық жоспары талқыланып, түзетулер енгізу және қарау үшін Ұлттық кітапханаларға ұсынылды.



Хабиба АҚЖІГІТОВА,
Шығыс Қазақстан облыстық ӘФК директоры

ИФЛА – әлем кітапханашыларының ең озық пікірлер айдыны. Әр елдің жаңалығын, заманауи техникамен жабдықталған жаңа кітапхана құрылымдарын, кітапхана ісіндегі сәтті қадамдар мен мүмкіндіктерді ортаға салатын маңызы зор конференция. Біздің Қазақстаннан келген делегация конференцияның секция жұмыстарына қатысу барысында өздеріне қажетті құнды ақпараттармен қауышты. ИФЛА-да көрініс тапқан көптеген жетістіктерді өз елімізде, қалалық, аудандық тіпті мектеп кітапханаларында терең насихаттауымыз керек. Насихаттау жолы – кітапханаға арналған журналдар мен мәдениет саласын көбірек насихаттайтын газет-журналдар. Әсіресе, кітапханашыларға арналған журналдар екені мәлім. Кітапхана журналы кез келген мамандық иесін өзіне тарта алатын қасиеттерге толы болуы керек. Ол үшін біздің кеңестік кезеңнен қанымызға сіңген жалған қағидалар бойынша құрылып қатып қалған методикалық бағытта емес, жалпы оқырмандарды тартатын сүйкімге ие болуы керек. Сондықтан қызықты, терең мағлұматтарға толы танымдық мақалалар көбірек жарияланса нұр үстіне нұр болар еді. Сөз соңында айта кетерім, кітапхана ісіне үлкен үлес, салмақты серпін беретін осындай ірі конференцияларға болашақта жастар көбірек тартылуы керек. Біздің болашағымыз – жас мамандар. Олардың әлемдік дәрежеге сай жұмыс істей алатын білікті маман болып қалыптасуы үшін барлығымыз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып мүмкіндік жасауымыз керек.





Майра ОРАЗБЕКОВА,
С. Бегалин атындағы Мемлекеттік балалар кітапханасы
Ақпараттық-библиографиялық бөлімінің меңгерушісі

Бұл – кітапхана мен ақпарат саласы қызметкерлерінің бүкіләлемдік төртінші конгресі, оған мен де қатыстым. Жыл сайынғы халықаралық маңызы бар басқосуды тағатсыздана күтеміз, осы дәстүрлі жиында ИФЛА-ның даму басымдықтарына сәйкес кәсіби өзекті мәселелердің барлығы қарастырылады, әр жылда Конгресстің басты тақырыбы белгіленеді. Ашылу салтанатында ИФЛА Президенті Эллен Тайс ханымның «Кітапханалар білімге қол жеткізетін қозғалтқыш тәрізді» тақырыбындағы баяндамасын ынта-жігеріммен тыңдадым. Әлбетте, әсері мол, кең көлемді бағдарлама ұсынылды. Бұл – секция мәжілістеріндегі мазмұнды баяндамалар, «Билл және Мелинда Гейтс» қайырымдылық қорының («Bill & Melinda Gates Foundation») «Оқып-үйренуге мүмкіндік 2010» жұлдесін тапсырып марапаттау салтанаты, ИФЛА-ның жаңа басылымының тұсаукесері, әлемнің әр нүктесінен келген әріптестерімізбен бейресми кездесулер, Гетеборг кітапханаларына арнайы сапар, Швецияның көрікті мекендеріне ұйымдастырылған саяхат. Дәстүрлі көрме сөрелеріне кітапхана қызметін жаңартуға арналған жабдықтар, технологиялар мен баспа өнімдері қойылған. Біз фирмалардан, компаниялардан ұсынылған қызметтер жайлы қызықты мәліметтермен танысу мүмкіндігіне ие болдық. Гетеборгтегі күндеріміз халықаралық ән фестивалімен қатар келді. Қала көшелері мен алаңдарында байқау қатысушыларының тартуын тамашалап, тебіреніспен тыңдадық.



Джейсун ЛИ,
Корей Ұлттық кітапханасы Халықаралық ынтымақтастық және қоғаммен байланыс департаментінің директоры

– Бүгінгі білімді қоғамдағы Ұлттық кітапханалардың роліне Сіздің көзқарасыңыз?

– Кітапханалық ортаға білімді қоғамның әсері әрдайым болып жатады. Мұны Кореядан-ақ көре аламыз. Корей қоғамы XX ғасырдың 80-ші жылдарының аяғында білімді қоғамға қарай бет бұрды. Сол кезеңдерде біз жұмысымыздың қатардан көрінуі үшін кітапханалардың қажеттілігін, білімнің маңыздылығын қатты сезіндік. Сөйтіп, Ұлттық кітапханалардың ролі мен жаңа функцияларды жүзеге асыру жолдарын іздестірдік, стратегиялық жоспар әзірледік. Сол жоспарға сәйкес, кітапханалық қызметтерді айқындадық. Бір кездері сервистік инфрақұлымымызды жаңарттық. Осы контексте жаңа Ұлттық цифрлы кітапхананы жасап шығардық.

– Сіз өз баяндамаңызда Қытай, Жапония және Корей Ұлттық кітапханалары арасында бірлескен цифрлы жоба жасау жайлы келісімге жуықта ғана қол қойылғандығы туралы мәлімдедіңіз. Не себепті мұндай жоба қажет болды?

– Цифрлы ресурстар осы үш елде де жаппай игеріліп жатқан жоқ. Ортақ ұйғарым бойынша біз цифрлы контентімізді біріктірген жағдайда ғана қолданыс аясы ұлғая түспек.

Бибігүл ШАҒИЕВА,
А. С. Пушкин атындағы Шығыс
Қазақстан облыстық кітапханасы
директорының орынбасары



ИФЛА конгресіне қатысу – бұл басқа кітапханаларды, сапасы жоғары жаңа кітапханаларды көруге, кітапханалардың даму жолын көруге деген ерекше мүмкіндік. Бұған өз басым швед кітапханасына барғанда көз жеткіздім. Мұнда бәрі адамға арналады. Ашық қорлар, кезек күтушілер де кездеспейді – оқырман сөрелерді аралай жүріп қажет басылымын, кітап-журналдарды не компакт-дискіні таңдап ала алады. Сол жердегі компьютерлер арқылы оқырман таңдаған кітабын өзі ресімдейді, ал қайтадан тапсыру кезінде – электронды формулярынан өздігінен шығарылады. Егер қиындық тудырса, оған кітапханашы көмекке келеді.

Швед кітапханалары – бұл турасын айтқанда ашық кітапханалар. Біз кітапхананың әрбір қабатына көтерілдік, бір байқағанымыз қызмет көрсету бөлімдерінің бірінен бірін бөліп тұрған қабырғаларын көрмедік. Барлығы бір қабатта: салалық басылымдар стеллажы көркем әдебиеттер тұрған сөрелермен алмастырылады, мықты мамандар, студенттер, ересектер мен балалар бәрі сонда. Бірақ барлығы да ақылмен істелген, ешкім ешкімге кедергі келтірмейді. Қабырға жоқ, бірақ оқырманды оңашалау

немесе аздаған топтардың байланыста болуы үшін көптеген орындар қарастырылған. Балаларға да – жапқыш перделер, диван, жұмсақ жастық, кітаптар және ойыншықтармен жасақталған бұрыштар бар... Өте жайлы, таза, жайлы кресло, қолжетімді сөрелер, қамқоршы мамандар, жайдары орта.

ИФЛА Конгресі – бұл таза кәсіби мектеп. Сол басқосуға қатысушылар қатарында отандастарымыздың, қазақстандық кітапханашылардың да көп болғанын қалар едім. Мұнда кітапханашы кәсібіне деген сезіміңе сәуле түсіріп, жергілікті бірлестіктердегі кітапханашының ролін барынша анық ұғынасың. Шетелдік әріптестер тәжірибесімен терең таныса отырып, кәсіби ой-өрісің кеңейеді, қоғамымызда кеңес дәуірінен қалыптасқан дағдыдан арыласың. Мұндағы жаңаша зерделенген кітапхана философиясы – адамға қызмет ету, азаматтар мүддесіне қарай жұмыс жасау. Сондай-ақ жұмысты жақсарту үшін технологияларды қалай қолдану қажеттігін көресің. Мұнда өз кәсібіңе деген мақтаныш сезімің оянады, өйткені кітапхана анығында да біздің өмірімізді өзгертуі мүмкін, адамдардың жан-жақты жетілуіне, жеке жоспарлар мен аңсаған армандарының орындалуына көмегі тиеді.



Дайындаған **Ғалия БӨКЕЙҚЫЗЫ**
e-mail: g.bukeevna@mail.ru

**Мамыр айында
Атырау қаласындағы
Ғ. Сланов атындағы
облыстық әмбебап
ғылыми кітапхана-
сында «Әлеуметтік
серіктестік контек-
сіндегі кітапхана»
тақырыбында
ғылыми-тәжірибелік
конференция өтті.**

Төрт жүзден аса қонақ қатысқан республикалық деңгейдегі шара мәдени бағдарламамен басталды. Алдымен, Атырау қаласындағы тарихи-өлкетану мұражайына және «Хан ордалы Сарайшық» мұра-

театрында өткен конференцияның салтанатты ашылуында ҚР Мәдениет министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы І. Қозыбаевтың және Атырау облысының әкімі Б. Рысқалиевтің құттықтау сөздері тыңдалды. Осы конференция аясында аталған театр холлында «Шежіре толы қойнауы» тақырыбында көрме ашылды.

Салтанатты ашылудан кейін «Кітапханалардың әлеуметтік серіктестігі: билік, қоғамдастық, бизнес және БАҚ» тақырыбында пленарлық мәжіліс жұмысы басталды. Баяндамашылар билік, қоғам, бизнес және БАҚ арасындағы қарым-қатынас, қазақстандық кітапханалар мен АҚШ елшілігінің серіктес-

жұмыстар жайлы баяндады.

Ал А. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Х. Ақжігітова «Әлеуметтік серіктестік құрылым: кітапхана тәжірибесінен» деген тақырыпта ой төгіліп, жеке жұмыс тәжірибесінен деректер келтірді.

Тағы бір көтерілген тақырып – Қазақстан кітапханалары мен АҚШ елшілігі арасындағы серіктестік мәселесі. Қазіргі таңда еліміздің кітапханаларында заманауи техникамен, қажетті кітап қорымен жабдықталған оннан аса Америка бұрышы жұмыс істейді. Қазақстандағы АҚШ елшілігі, «Америка Бұрышы» бағдарламасының директоры Л. Кох қазақстандық кітап-

Әлеуметтік серіктестік контексіндегі кітапхана

жай-қорығына саяхат жасалды. Кешкілік меймандар Махамбет атындағы облыстық драма театрында жазушы-драматург Р. Отарбаевтың «Нұр жауған ғұмыр» атты спектаклін тамашалады. Сондай-ақ пьеса авторы мен кітапханашылардың шығармашылық кездесуі ұйымдастырылды.

Мәдениет басқармасының бастығы С. Мұхамбетовтың төрағалығымен Махамбет атындағы облыстық драма

тігі мәселелерін көтерді. Осы ретте облыстық Мәдениет басқармасының бастығы С. Мұхамбетов әлеуметтік серіктестік құру жөніндегі аймақтық кітапхана саясатын саралады. ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы Ғылыми-талдау орталығының жетекшісі М. Валиулина кітапхана ісіндегі әлеуметтік әріптестік қарым-қатынас үлгілері және осы сала бойынша облыстық кітапханалар тарапынан атқарылған

ханаларда ашылған «Америка бұрышы» әлеуметтік серіктестіктің бір саласы деп санайды.

Кітапханалардың әлеуметтік серіктестігінің құқықтық қамтамасыз етілу аспектілері, қазақстандық салалық кітапханалық заңнамалары тәрізді өзекті мәселені Н. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап кітапханасының директоры Ж. Шаймұханбетова ортаға салды.



Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханаларының басшылары Х. Ақжігітова мен Ж. Шаймұханбетова бірлесе жүргізген «Әлеуметтік серіктестікті ұйымдастыруға жаңа көзқарас» секциясында электронды үкімет пен кітапхана, кәсіби білім беруді дамытудағы әлеуметтік серіктестіктің рөлі, облыстық және аудандық кітапханаларды автоматтанды-

ру жағдайы таразыға түсті.

«Бір ел – бір кітап» акциясына және жобаның үш жылдық жұмысына» арналған дөңгелек үстелде ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының бас директоры Р. Отарбаев, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының ғалым-хатшысы Ғ. Исақанова акция аясында атқарылған істердің түйінін тарқатып, өңірлерде ұйымдастырылған шаралар

жайын жан-жақты баяндады. Биылғы акция айбынды ақын Ж. Молдағалиевтың «Мен қазақпын» эпикалық дастанына арналады. Оқу ісін ілгерілету жолындағы акцияның кезекті кітабы туралы Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, журналист Б. Қуатов, Ж. Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Р. Исатаева және атыраулық жас ақындар тағылымды ой тарқатты. Дөңгелек үстел барысында «Кітап патшалығы» журналының тұсауы кесіліп, басылымның редакторы Г. Жұбаниязова жаңа журналдың тарихы, оның айдарлары жайлы мәлімет берді.

«Кітапхана және жаңа ұрпақ: кездесулер мен түрлі көзқарастар қиылысы» секциясында мамандар жастардың

оқу дәрежесі, жасөспірімдерді кітапханаға тарту тәсілдері, кітапханашылардың жас оқырманмен жұмысы сияқты мәселелерді күн тәртібіне қойып, нақты ұсыныстар жасады.

Сонымен қатар «Қазақстан кітапханаларының статистикалық есеп беру түрлерін жетілдіру» секциясында кітапханалардың сандық есеп үлгісін әрі қарай жетілдіру және сандық есеп үлгілерін мемле-

кеттік стандартқа сәйкес толтыру үшін нұсқаулықты қайта қарау қажеттігі қарарға енгізілді.

Конференцияны ҚР Мәдениет министрлігі, Атырау облыстық Мәдениет басқармасы, сондай-ақ Ф. Сланов атындағы Атырау облыс-тық әмбебап ғылыми кітапханасы мен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының ұжымы ұйымдастырды.

Атырау облыстық кітапханасындағы оқу залдарының қатарын «Құқықтық ақпарат орталығы» толықтырды. Жаңа орталықта оқырманға «Жеті жарғы» баспасынан жарық көрген кітап көрмесі ұсынылған. Кітапханадағы «Шежіре толы қойнауы» көрмесі қара алтынымен аты әйгілі Атыраудың арғы тарихымен таныс етіп, бүгінгі кескін-келбетін жаңа қырынан көрсетеді.

В поисках позитивных перемен ...

Атырауская земля радушно встретила гостей. Накануне начала работы конференции была подготовлена интересная культурная программа. Но обо все по-порядку. И так ...

День 1

Первый день пребывания в городе нефтяников был полностью посвящен ознакомлению с богатой историей, культурой края, о которых мы узнали, посетив областной историко-краеведческий музей. Его фонд насчитывает более 20 тысяч экспонатов и ежегодно пополняется в среднем на 400 экспонатов. В просторных залах музея представлены фотодокументы о знаменательных вехах истории Прикаспия: развитие нефтяной отрасли, рыбной промышленности и т.д. На отдельном стенде собраны материалы о национально-освободительном движении под руководством Исатая Тайманова и Махамбета Утемисова. Специальная экспозиция




посвящена самобытному музыкальному искусству прикаспийских степей. Бесценной реликвией музея является дом-бра Курмангазы с его автографом.

Большую историческую ценность представляет экспозиция, посвященная древнему поселению Сарайшык, которое существовало на территории нынешней Атырауской области в XII веке.

Далее по маршруту экскурсии был и сам музей-заповедник «Хан ордалы Сарайшык», расположенный в нескольких десятках километрах от Атырау. Осознание исторической значимости Сарайшыка, его особой роли в начальный период становления казахской государственности и исключительной важности культурного наследия предков для духовной связи поколений и послужили причиной создания музейно-мемориального комплекса, который состоит из символического пантеона, музея археологии и мечети.

С первых дней его основания бессменным директором комплекса является Молдаш Бердимуратов, который всем желающим готов вновь и вновь рассказывать удивительную историю древнего сказочного города. С особой гордостью Молдаш ага рассказал нам о визите Главы государства в музей-заповедник. Одним из ценных реликвий здесь является запись, оставленная Нурсултаном Назарбаевым во время посещения музея.



Городище Сарайшык находилось на территории Махамбетского района. Это был крупный городской и торговый центр Золотой орды, через который пролегал кратчайший путь из Европы в Среднюю Азию и Китай. По сведениям историков, в 1395 году Сарайшык, как и большинство золотоордынских городов, был разрушен войсками Тимура. Но в XV веке город был восстановлен и стал резиденцией ханов Ногайской орды. Однако, просуществовав до конца XVI века, в 1580 году был разгромлен русскими казаками, после



чего окончательно опустел. Глазурные иранские керамические плитки и хорезмская посуда из серой глины, китайские фарфоровые изделия, костяные свирели, мотыги, ножи, удочки для ловли рыбы, гвозди, найденные в развалинах Сарайшыка, подтверждают тот факт, что горожане занимались торговлей, ремеслом, бахчеводством и огородничеством. По свидетельству акына Шы-

нияза Шанайұлы, жившего в середине XIX века, в Сарайшыке «похоронены семь ханов». Это Сартак, Берке, Тохталия, Жаныбек, Касым, ногайские ханы Измаил и Ураз. Во время посещения музея-комплекса делегатами республиканской конференции имам в мечети прочитал молитву, помянув усопших на этой земле ханов.

Венцом культурной программы конференции стал спектакль по пьесе известного писателя-драматурга, Заслуженного деятеля Республики Казахстан Рахимжана Отарбаева «Нұр жауған ғұмыр», который был поставлен актерами областного драматического театра имени Махамбета. В основе постановки лежит судьба Президента страны Н.Назарбаева – его детство, юность, взрослая жизнь ... По всей канве сюжета проходит особое предназначение маленького Нуржаугана, которому суждено стать лидером, повести за собой целый народ, сделать Казахстан одним из процветающих стран мира. По окончании спектакля, который гости и жители Атырау приняли с большой теплотой, состоялась встреча с автором. Зрители задавали самые разные вопросы, касающиеся не только творческой стороны жизни автора, но и интересовались его личным мнением, гражданской позицией. В формате активного диалога встреча прошла весьма интересно.

На этом первый день пребывания участников республиканской конференции на атырауской земле подошел к концу. Впереди два дня совместной работы, во время ко-

торой предстоит выслушать доклады коллег, высказать свою точку зрения и, наконец, подискутировать.

День 2

Торжественная церемония открытия пленарного заседания «Социальное партнерство библиотек: власть, общественность, бизнес и СМИ» началась со слов заместителя акима Атырауской области Серика Амангалиева, который поздравил участников конференции и пожелал совместной плодотворной работы. Приветственные адреса акима Атырауской области Бергея Рыскалиева и председателя Комитета по культуре МК РК Ильяс Козыбаева зачитал генеральный директор НАБ РК Рахимжан Отарбаев. Председатель областного Управления культуры Серик Махамбетов сделал доклад о региональной библиотечной политике как условия повышения социального статуса библиотек. О роли библиотек в контексте социального партнерства рассказала руководитель научно-аналитического центра НАБ РК Маржан Валиулина. Также на пленарном заседании был рассмотрен ряд вопросов, среди которых правовые аспекты, структура социального партнерства, перспективы развития и т.д.

После пленарного заседания участники конференции посетили новую областную универсальную библиотеку имени Г. Сланова. Гостей встречали традиционным шашу и музы-

кальным приветствием. Здесь с участием заместителя акима Атырауской области С. Амангалиева, генерального директора НАБ РК Р. Отарбаева, делегатов состоялось открытие Центра правовой информации.

Далее работа конференции в стенах библиотеки была продолжена в секции «Инновационные подходы в организации социального партнерства». Модераторы – директор Карагандинской ОУНБ им. Н. Гоголя Жанна Шаймуханбетова и директор Восточно-Казахстанской ОУНБ им. А. Пушкина Хабиба Акжигитова. Ж. Шаймуханбетова ознакомила собравшихся с презентацией работы по пропаганде электронного правительства, проводимой в библиотеках Карагандинской области. Это виртуальное путешествие по сайтам www.akorda.kz, www.e.gov.kz, проведение информационного дня «Информационный Казахстан» и т.д. Также на заседании секции были затронуты вопросы взаимодействия электронного правительства и библиотеки, роль социального партнерства в развитии профессионального образования, автоматизация областных и районных библиотек и т.д.

День 3

В последние годы много пишут и говорят о том, что дети перестали читать и предпочитают отдавать досуг компьютерным играм. Так ли это? Чтобы ответить на этот вопрос необходимо знание реальной

картины детского чтения, которая опиралась бы не на эмоции и всякого рода высказывания, а имела бы под собой реальные основания. Для этого в программе прошедшей конференции данная проблема была рассмотрена на отдельной секции под названием «Библиотека и новое поколение: точки встреч и точки расхождений» с участием директоров и специалистов детских и юношеских библиотек республики.

Работу секции открыла модератор, директор Карагандинской областной юношеской библиотеки Гаухар Бекбалакова, которая отметила, что библиотеки, будучи независимыми социальными институтами, играют немаловажную роль в воспитании молодежи. Причем юные читатели являются не только объектами партнерских отношений, но и субъектами, т.е. полноправными партнерами. В работе с этой категорией нужно быть не только библиотекарем, но и психологом, и воспитателем. Очень важно общаться с ребятами на равных, интересоваться их мнением, прислушиваться к ним... Примером партнерства могут быть различные читательские центры, объединения, клубы. Так, в следующем году отметит свое 15-летие молодежный интеллектуальный центр «БОТА» (Білімпаздар. Ойшылдар. Тапқырлар. Алғырлар.), работающий в ОЮБ.

На заседании секции собравшимся был представлен новый директор Государственной юношеской библиотеки им. Жамбыла - Гулсум Сапакова, которая отметила, что дан-

ная конференция – это начало большой совместной работы, направленной на всестороннее развитие библиотечного дела в целом, и в частности, сектора детского и юношеского чтения.

Среди детей и подростков бывают такие, которые нуждаются в особом внимании и подходе. Это дети-инвалиды, не имеющие возможности посещать школы, библиотеки. О работе с ними рассказала директор ЦСМБ г. Караганды Раушан Кузгумбаева. С 2002 года работа здесь проводится по программе «Библиотека как центр по проблемам детей-инвалидов» совместно с отделом социальной помощи на дому. Она призвана способствовать адаптации детей с ограниченными возможностями в современном обществе, расширению их творческих способностей, развитию культуры чтения, общения.

Свое видение решения проблемы детского чтения представила директор ОДЮБ г. Атырау Гуляим Баймурзина. По ее мнению, одним из действенных мер для повышения интереса детей и подростков к чтению являются примеры взрослых – родителей, учителей, самих библиотекарей. Также необходимо для этого привлекать кумиров молодежи – известных артистов, спортсменов, актеров и т.д., проводить с ними встречи, приглашать на различные мероприятия. Кроме этого, нужно использовать международный опыт. Например, весьма показателен опыт Великобритании, где правительство в конце 90-х гг. выступило инициатором двух крупных проек-

тов: национальной стратегии в области грамотности и национального года чтения. Целью этих широкомасштабных проектов является развитие навыков чтения у школьников, а также повышение в обществе престижа чтения.

Большие средства в поддержку чтения, и особенно чтения детей, направляет Германия. Швеция озабочена качеством издаваемой детской литературы, ее художественными достоинствами. Норвегия создает программы чтения типа «Читающий коттедж». Колумбия создала национальную программу поддержки чтения, где главное место уделяется чтению детей и подростков. Поражает забота о чтении нации в странах с развитой экономикой, например, США.

По мнению директора Восточно-Казахстанской областной детско-юношеской библиотеки Кульзады Карчаловой, чтобы дети с удовольствием шли в библиотеку, нужно, прежде всего, поработать над имиджем библиотеки, наладить партнерские связи, выходить на международный уровень. Так, Восточно-Казахстанская ОДЮБ неоднократно выигрывала международные гранты. Например, на грант Европейского Банка Развития и Реконструкции в размере 10 тысяч долларов были улучшены условия для читателей – приобретены оборудование, книги.

В ходе профессиональной дискуссии библиотекари внесли свои предложения, которые были учтены при составлении резолюции конференции.

Параллельно с секцией, посвященной чтению детей и подростков, шла работа и другой секции под названием «Совершенствование форм статотчетности библиотек Казахстана». Ее модераторами выступили руководитель научно-аналитического центра НАБ РК Маржан Валиулина и заместитель директора Атырауского областного управления статистики Галия Мухангалиева. Заместитель руководителя научно-аналитического центра НАБ РК Каиркен Нуралинова проинформировала собравшихся о новых стандартах работы, рассказала о библиотечной статистике.

Затем в ходе дискуссии библиотекарями было сделано несколько предложений в Департамент услуг Статистического Агентства РК по пересмотру Инструкции по заполнению статформы соответственно ГОСТам, согласованию с библиотеками изменений в форму статотчетности и т.д.

Приятным завершением работы конференции стало вручение благодарственных писем от имени Национальной академической библиотеки Республики Казахстан за помощь, оказанную при ее проведении.

По ее итогам была принята следующая резолюция:

- Инициировать разработку Программы интернетизации государственных библиотек - НАБ РК и НБ РК;

- Способствовать включению публичных библиотек в число официальных точек доступа к е-правительству и обучения населения – НАБ РК, НБ РК и БАРК;

- Подготовить и провести тренинги по участию библиотек в ГП «Электронное правительство» - НАБ РК, НБ РК и БАРК;

- Продолжить дальнейшее развитие партнерства с Ассамблеей народа Казахстана и национальными культурными центрами - библиотеки Казахстана;

- Содействовать в создании сайтов для НКЦ на 3-х языках - библиотеки Казахстана;

- Выразить благодарность РБНСГ за инновационную деятельность в создании озвученных книг;

- Специальным и массовым библиотекам объединить усилия в обслуживании людей с физическими ограничениями;

- С целью повышения квалификации библиотекарей подготовить учебники по библиотечному делу – НАБ РК, НБ РК с участием специалистов областных библиотек;

- Продолжить взаимовыгодное сотрудничество библиотек с НПО, бизнес-структурами, СМИ;

- Открыть на страницах профессиональных журналов постоянно действующую рубрику, посвященную работе с детьми и юношеством;

- Провести межведомст-

венную конференцию по вопросам детей, юношества и молодежи с участием библиотекарей ЦБС, школьных и вузовских библиотек, молодежных, детских организаций, учреждений социального обеспечения, НПО и др.;

- Внести предложение Правлению БАРК о создании секции по работе с детьми и юношеством;

- Совершенствовать системность работы с детьми, юношеством и молодежью с учетом современных требований к библиотекам;

- Определить координаторов комплексных библиотечных программ, исследований для детей и юношества, выполняющих роль республиканских методических центров – МК РК, НАБ РК, НБ РК;

- Для дальнейшего совершенствования формы статотчетности библиотек «1-библиотека. Годовая» внести изменения, предложенные участниками конференции - Департамент услуг Статистического Агентства РК;

- Согласовывать с библиотеками внесение изменения в форму статотчетности - Департамент услуг Статистического Агентства РК;

- Пересмотреть Инструкцию по заполнению статформы соответственно ГОСТам - Департамент услуг Статистического Агентства РК.



Подготовила Гулжанат ЖУБАНИЯЗОВА
e-mail: 87014926558@list.ru

САЙЫН ДАЛАНЫҢ СҰҢҒЫЛА СУРЕТКЕРІ

10-маусымда ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында ҚР Мемлекеттік және тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сайын Мұратбековтың шығармашылығына арналған «Тас бұлақтай мөлдір, жас құрақтай көркем» тақырыбында кітап көрмесі ашылды.



Көрме сөрелерінде қаламгер шығармашылығына арналған кітаптар, баспасөз материалдары қойылған. Жиналғандар 2009 жылы «Баян-жүрек» баспасынан жарық көрген «Қайда сол Ұшқара?...»

жинағымен танысты. Жинаққа Сайын Мұратбековке арналған әдеби мақалалар, эсселер, естеліктер және өлеңдер енгізілген. Жинақты құрастырушы авторлар қатарында Ә. Нұрпейісов, С. Шәй-

мерденов, Х. Есенжанов, Қ. Бекхожин, Н. Оразов, М. Айтхожиналардың есімдері бар.

Салтанатты кешке киелі сөз өнерінің кемел тұлғалары Әбіш Кекілбаев, Фариза



Оңғарсынова, Нұрғожа Ораз, Сәбит Досан, Алдан Смайыл, Уәлихан Қалижанов және Рахымжан Отарбаев қатысып, Мұратбеков мұрасындағы мәңгілік мәселелер жайлы ой бөлісті.

«Бүгін әдебиетіміздің төрт көзі түгенделіп отырған сияқты.

Сайын – жай адамның тіршілігін үлкен эстетикалық тұрғыдан игере білген адам. Халқымыздың шығармашылық күшіне елеулі ықпал жасаған тұлға болды», – деді алғаш сөз алған Әбіш Кекілбаев.

Сайын даланың сұңғыла суреткері, көркем ой мен кестелі сөз зергері Сайын Мұратбековтың алғашқы әңгімесі 1954 жылы жария-

ланды. Тарихи кезеңнің көркем шындығы, сондай-ақ Ұлы Отан соғысындағы және соғыстан соңғы өмірдің өзекті өткелдері – жазушы жүрегінен туған тақырып. «Ауыл оты», «Отау үй», «Көкорай», «Дос

іздеп жүрмін», «Басында Ұшқараның» атты кітаптарында қаламгер тіршілік түйткілдерін түрлі кейіпкердің мінезіне қарай ашып көрсетеді. Сонымен қатар «Төл өскен ұл», «Ұлтуған» шығармалары бойынша сценарийлер жазылып, кино да түсірілді.

Қарапайым оқиғалар көрінісін, кейіпкерлер болмысын нәзік лиризммен бейнелеп, прозалық туындыны поэтикалық пафоспен шарықтата алған қаламгер әдебиет жанрына жаңа түр алып келді. Сайын Мұратбеков – көркем шығармалары арқылы адам баласының жан толқынысын, ішкі психологиялық дүниесін мөлдір жеткізіп берген бірегей тұлға.



С. Мұратбеков қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік университетін бітірген (1963 ж.). 1956–1999 жж. «Коммунизм таңы» (қазіргі «Жетісу») газетінің әдеби қызметкері, «Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті» (1977–1984 жж.) басылымдарының бас редакторы, бөлім меңгерушісі, «Қазақфильм» киностудиясының аға редакторы, Қазақстан Жазушылар

Одағының көркем әдебиетті насихаттау ісі бойынша консультанты және директоры, Қазақстан Жазушылар Одағы Басқармасының хатшысы, «Жазушы» баспасының директоры (1984–1991 жж.), «Халық конгресі» газетінің бас редакторы (1992–96 жж.) қызметтерін атқарған.

Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің XI шақырылымдағы депутаты болып сайланған. «Құрмет белгісі» және «Құрмет» ордендерімен марапатталды.

«Бүгін әдебиетіміздің
төрт көзі түгенделіп
отырған сияқты.
Сайын – жай адамның тір-
шілігін үлкен эстетикалық
тұрғыдан игере білген
адам. Халқымыздың
шығармашылық күшіне
елеулі ықпал жасаған
тұлға болды»

Әбіш КЕКІЛБАЕВ



Уәлихан ҚАЛИЖАН,
ҚР Парламенті
Мәжілісінің депутаты,
ф.ғ.д., ҚР Гуманитар-
лық ғылымдар академия-
сының академигі,
Қазақстан Жазушылар
Одағының мүшесі

Сайын ағаның шығарма-
шылығына байланысты
кездесу болады дегенге
қуана-қуана келдім. Себебі,
шын жазушыны еске алу,
оның шығармашылығы
жайлы әңгіме өрбітудің өзі
– бір мәртебе. Мен Сай-
ын Мұратбековпен жақын
араласып, бір дастарханның
басында болған жан емеспін.
Бірақ өзімді Сайын ағалардың
артынан ілесіп келе жатқан
бір толқынның өкілі ретін-
де санаймын. Сондықтан

әрдайым әдебиет туралы
ой қозғалып, әңгіме жанрына
келгенде, алдымызда үлкен
мектеп тұрғандығын ескеру
қажет. Ол – Сайынның мек-
тебі. Біз сол Сайын мектебі-
нен шықтық. Оның әңгімелері,
хикаяттары көркемдік
деңгейімен, адамгершілік
рухымен қазақ прозасындағы
тосын құбылыс болды. Содан
кейін бір оқиғаға бір оқиға
байланыспай келіп керемет
ой түйіндеуімен адамды өрік-
сіз қызықтырады.

Дайындаған Айсұлу СЕЙІЛОВА
e-mail: azse@mail.ru



Мұхаметжан Қаратаевтың

жеке кітапханасы



Мемлекетіміздің мәдени саясатын жүзеге асыру негізінде Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті жанынан құрылған «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының алдына қойған мақсаттарының бірі – әдебиет қайраткерлерінің мемориалдық кітап қорын құрып, ұлттық ғылым мен өнерді насихаттау.

Бүгінде белгілі жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбайдың басшылық етуімен осы мақсатты жүзеге асыруда ғылыми орталықтың сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімі көптеген жұмыстар атқаруда.

«Отырар кітапханасы» ғылыми орталығын құру туралы ҚР Үкіметінің қаулысы шыққаннан кейін, бірқатар қоғам қайраткерлері және жазушылар ақпарат құралдары арқылы «Ұлы Отырар кітапханасын қалпына келтірейік», – деп дабыл көтерген.

«Адамзаттың ақыл-ойын дамытуда аңызға айналған Отырар кітапханасын қолға алып, қайта ұйымдастыру, өркениет дүниесіне таныту – қасиетті борышымыз. Еліміздің парасат-пайымын байытып дамыта түсуге берілген бұл да бір мүмкіндік. Көне дәуірден бастап күні бүгінге дейінгі еліміздің арғы-бергі бүкіл өміріне қатыс-

Мемлекетіміздің мәдени саясатын жүзеге асыру негізінде Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті жанынан құрылған «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының алдына қойған мақсаттарының бірі – әдебиет қайраткерлерінің мемориалдық кітап қорын құрып, ұлттық ғылым мен өнерді насихаттау.

ты барша жәдігерлер Отырар кітапханасының төрінде тұрса, ұлттық мақтаныш болмақ. Сол үшін қолда бар сирек кітаптар мен көне жазбаларды, әдебиет пен мәдениетке, тарих пен өнерге, ғылым мен білімге қатысты жазба ескерткіштерді осы кітапхана қорына өткізуге шақырамыз», – деп жазылған зиялылар үндеуінде.

Ғылыми орталықты ұйым-

дастырушының бірі, қазақ мәдениетінің қамқоршысы И. Тасмағамбетов: «Меніңше, әйгілі кітапханаларды үлкен білім ордаларында орналастырған орта ғасырлық өркениет үрдісін біз де жаңғыртып, «Отырар кітапханасын» осы университет жанынан ашқан жөн сияқты. Оның ғимаратының салынуы мен құрал-жабдықтарының алынуын Үкімет өз мойнына алғанымен, жаңа кітапхананың заңды мақтанышы ондағы қолжазбалар мен сирек кездесетін кітаптар бөлімін ескінің көзіндей болған көне кітаптармен толықтыруға зиялы қауымның ат салысатынына сенімдімін», – деп пікір білдірген еді.

«Отырар кітапханасын» құн жеткісіз қолжазбамен, сирек кітаптармен жасақтау зиялы қауымға тәуелсіздіктің бір аманындай көрінді.

Содан бастап қоғам қайраткерлері мен ақын-жазушыларымыз, ұлттық мұраны қадірлейтін жеке тұлғалар да құнды кітаптар мен қолжазбаларды орталыққа тапсырды.

Сауапты іске дүниеден өтіп кеткен ұлы тұлғалардың ұрпақтары да ат салысуда. Соның бірі – ҚР Мемлекеттік сыйлығының ме-рейгері, көрнекті сыншы, ғалым-әдебиетші, академик Мұхаметжан Қаратаевтың отбасы. Санаулы ғұмырын ғылымға арнаған ғалымның артында көптеген кітапта-

**Гүлназия БОДЫҚҚЫЗЫ,
Л. Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ жанындағы
«Отырар кітапханасы»
ғылыми орталығының
жетекші ғылыми қызметкері**



ры мен қолжазбалары қалды. Сол бай мұраны балалары біздің орталыққа әкеліп тапсырды. Оның жеке мемориалдық кітап қоры кітапхана ғимаратының екінші қабатында «Ғалымдар кітапханасы» залында орналасқан. Қорға өткізілген кітаптың жалпы саны – 1060 дана. Олардың дені әдебиет саласына арналған. Соның ішінде ғалымның еңбектері, бір кездері өзі басшылық жасаған «Қазақ совет энциклопедиясының» барлық томы, қазақ совет ақын-жазушыларының еңбектері, орыс классиктері М. Горький мен Л. Толстойдың толық шығармалар жинағы, қырғыз жазушысы Ш. Айтматовтың, өзбек жазушысы И. Солтонның, қырғыз ақыны А. Токомбаевтың және украин жазушысы Г. Довнардың қолтаңбамен берілген кітаптары бар. Кітапхананы сирек кездесетін кітаптармен толықтыру кітаптың санына, басылым ерекшелігіне, шығарылған мерзіміне, сонымен қатар кітаптағы түрлі таңбаларға да қарай құнды болып саналады.


Сондай таңбаның бірі – автордың қолтаңбасы. Қаратаев қорындағы кітаптардың көп бөлігі – қолтаңбамен берілген кітаптар. Оларға сараптама жүргізу барысында академик М. Қаратаевтың көптеген ізденуші ғалымдарға ақылшы абыз әрі ұстаз, қазақ әдебиетінің аяулы ағасы болғандығының куәсі боламыз.

Мысалы,
*«Жүрепкен дархан ел берген,
Болдыңыз шындық тынысы.
Әділдік үшін сермелген,
Қазақтың алмас қылышы!»*
(М. Шаханов)
*«Сізді оқысам кіремін
баққа қалың,
Сарайымды жаңғыртып
шаттанамын.
Темірқазық секілді
мәңгі бағыт,
Биікте Мұқаң тұр деп
мақтанамын», –*
(Ө. Күмісбаев)

деген сияқты шын көңілмен жазылған қолтаңбалар ғалымға деген ыстық ықылас пен адал ниетті білдіріп тұрғандай.

Қордағы кітаптардың барлығы бірдей өңдеуден өткізіліп, кітапхана бағдарламасы бойынша компьютерге енгізілген. Оқырмандар қордағы әдебиеттер туралы мәліметті бөлімдегі алфавиттік, жүйелілік каталогтары арқылы алуларына болады.

1960 – 80-жыдары Қа-



зақстанның, тіпті Одақтың әдеби-рухани әлемінде академик М. Қаратаевтың тұлғасы ерекше көрінді. Ғалымның көркем аударма туралы пікірлері, әдебиет сыны жөніндегі парасатты пайымдары әлі де құндылығын жойған жоқ. Ол кездің әдебиетшісі үшін «Қаратаевтан бата алу» деген ұғым тереңдікке, біліктілікке, сапалыққа құштарлықты байқататын. Әрине, әр тұлға – өз заманының перзенті. Сондықтан М. Қаратаев кезеңі қанша күрделі болса да біз үшін сонысымен тағылымды болып қалмақ.

Ғылыми орталықта ғалымның кітаптары ғана емес, көп жыл пайдаланған жеке заттары: жазу құралдары, медальдары, фотоальбомдары, медальондары, ескерткіш жазулары бар сувенирлері, алғыс хаттары, алған құттықтаулары, ұнтаспалары сақтаулы тұр.


Мұнда құнды қолжазбалармен бірге оқырмандарды қызықтыратын еңбектері, газетке жарияланған түрлі мақалалары, диссертациялық, дипломдық жұмыстарға жазған пікірлері, хаттары, шақыру билеттері, құттықтау папкілері бар. Бұл – жас зерттеушілер мен ғалымдарға үлкен олжа. Алысқа бармай-ақ бір дәуірді сол дәуірдің белді қаламгерінің көзімен қарау, расында, оңтайлы тәсіл ғой. Себебі, ғалымның кітап шетіне жазған ескертпелері, түрлі қолжазбалардағы түзетулері,

авторлық белгілері мен таңбалары – арнайы зерттеуді талап ететін жайттар емес пе?!

Ғылым, өнер және мәдениет көзі – кітапта. Ол – ұрпақтан ұрпаққа берілетін сарқылмас рухани азық. Бұл жөнінде академик М. Қаратаев: «Кітап – дүниетанудың кілті», – деген екен. Осы рухани азықтың шашауын шығармай, жоғалтпай бізге жеткізген – ғалымның келіндері Жәмила Құланбайқызы мен Ғайни Серғазықызы және ұл-қыздары.

Тәуелсіз мемлекетіміздің тұғыры нығайып, ұлттық құндылықтарымызды, соның ішінде төл тарихымыз бен әдебиетімізді дамыту, тың деректермен байыту бағытындағы келелі мәселелерге бетбұрыс жасаған бүгінгі уақытта әдеби мұраларда жатқан көркем дүниелерді қайта көтеру, ұлттық әдеби сынның өзекті мәселелеріне оның қалыптасуы мен өсіп өнуіне үлес қосқан сыншы-ғалымдардың шығармашылық мұрасын жан-жақты зерделеу – қазіргі заман әдебиеттануының көкейкесті мәселелерінің бірі.

Бұл мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауларынан бастама



алып, бүгінгі таңда «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде жүргізіліп жатқан мемлекеттік деңгейдегі игі істерге іргелі үн қосу болып табылады.

Қазақ әдебиеттану ғылымының қиын мәселелерінің бетін ашып, дұрыс шешімін табуға ерен еңбек сіңірген ғалым-әдебиетші ретінде Мұхаметжан Қаратаевтың жеке кітап қоры мен мемориалдық заттарын сақтау, оларды оқырмандардың пайдалануына мүмкіндік жасау, шығармашылығына зерттеу жұмыстарын жүргізу орталық қызметкерлерінің ортақ міндеті болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бәйшегір Е. Отырар кітапханасы қайта оралды // Астана, 2002, №1
2. Тасмағамбетов И. Отырар кітапханасы – өркениеттілік белгісі // Егемен Қазақстан, 2001, 17 шілде.
3. Шаханов М. Сенім патшалығы, Алматы: Жазушы, 1977.- 208 б.
4. Күмісбаев Ө. Екі перне, Алматы: Жазушы, 1980.- 156 б.

Виль ГАЛИЕВ,
доктор исторических наук,
профессор Института истории
и этнологии МОН РК

Библиотеки и культурная жизнь Казахстана (В XIX - начале XX веков)

Культурная жизнь и облик Петропавловска во второй половине XVIII-начале XX веков сложились под влиянием экономического назначения города и его политической роли в Казахстане и Западной Сибири. Город был заложен в качестве одной из крепостей "горькой линии" - засечной черты на юге Сибири.

Почти одновременно со строительством крепости в ней появились книги. В 1765 году в крепости Петропавловской была открыта гарнизонная школа для детей казаков и солдат. Так что книги петровских времен «Математика» Магницкого и «Грамматика» Смотрицкого оказались в крепости востребованными. Открытие гарнизонной школы сделано было в чисто практических целях – на новой линии не хватало грамотных писарей, урядников, каптенармусов. Ни особой программы, ни сроков обучения школа не имела. В 1767 году в ней обучались 67 человек. Обучение в гарнизонной школе было элементарным. Окончившие служили в различных канцеляриях. Существование гарнизонной школы служит свидетельством обращения среди населения учебной литературы, организации ее доставки и распространения. Однако следом в укрепление

стали поступать учебники на тюркских языках, рукописные книги, отрывки из Корана. В 1782 году появилась первая татарская школа при мечети.

В 1864 году в Петропавловске было открыто женское приходское училище. В 1881 году мужское приходское училище преобразовано в уездное 3-х классное училище. И сразу в 1882 году на его базе было создано городское 5-классное училище. В 1871 году была открыта женская прогимназия. А с 1884 года — женская гимназия.

В 70-х годах в Петропавловске было 7 мусульманских школ, в том числе 4 мужские и 3 женские, а также 2 еврейские мужские школы. В 1879 году был открыт интернат для казахских детей. Казахское население волостей облагалось сбором для содержания интерната. Население неохотно отдавало своих детей в казахские интернаты. Это было закрытое

заведение. Современник отмечал: "Все дети бледны, имеют утомленный вид; несмотря на старания присматривающих за ними, головы усеяны вшами и покрыты струпьями... По этому поводу киргизы рассуждают правильно: отдать в интернат мальчика - это все равно, что лишиться сына".

С 80-х годов в Петропавловске существовала женская прогимназия. В 90-х годах во главе попечительского совета этой организации состоял городской голова Захарин. Он не вносил каких-либо пожертвований, а только распоряжался деньгами, пристроил в гимназию своего кассира. Об учителях и прогимназии даже официальный чиновник вынужден был написать: "Жизнь становится дороже и сложнее, а учительницы все по-прежнему получают 20-25 рублей в месяц, сумма, на которую невозможно существовать сколько-нибудь

сносно. Необходимо расширить здание, так оно делается уже тесным, но средств нет и нет".

В 80-90-х годах XIX века в культурной жизни города большую роль сыграли революционные разночинцы, в основном они были политическими ссыльными. Революционное просветительство для них было основной задачей в таком провинциальном и захолустном городе, каким был Петропавловск. Ссылные народовольцы М. Кулижнов и Л. Чудновский специально занимались исследованием начального образования в Акмолинской области. Они подчеркивали плохую подготовку в начальных школах Петропавловска. Ухудшилось преподавание в начальных классах, особенно с передачей начальных школ церкви. Если русские дети вынуждены кое-как получать начальное образование у священников, то казахские и татарские ребяташки учились при мечетях у мулл.

Ссылные народники старались наладить школьное дело в городе. В городском училище преподавали выпускники Петербургского и Виленского педагогических институтов, некоторые из них связаны со ссылными народовольцами. Инспектор училищ Акмолинской и Семипалатинской областей, монархист А. Попов писал: "Источник разлада в составе педагогических советов, особенно резко обозначающийся в Семипалатинском и Петропавловском училищах, заключается главным образом в стремлении молодых учителей (преимущественно из окончивших курс в С.-Петербургском институте) к полной независимости своих действий и нежелании признавать авторитет учителя-инспектора".

Ссылные народники были

инициаторами создания "Общества вспомоществования учащимся", организации технического училища. Заслуга в этом принадлежала В.И. Дзюбинскому. По этому поводу начальник доносил: "Помощникам акцизного надзирателя г. Дзюбинским преподаана была инициатива об образовании общества вспомоществования учащимся в учебных заведениях г. Петропавловска". Содержа в себе высокую цель, инициатива эта вызвала среди жителей сочувствие и некоторые из них в достаточном числе пожелали быть членами этого общества.

К концу 90-х годов книга, художественная литература, демократические традиции в представлении петропавловской интеллигенции стали устойчивой составной частью культуры. Подтверждением может служить празднование 100-летнего юбилея со дня рождения выдающегося русского поэта А.С.Пушкина в 1899 году. Организованно прошел юбилей А.С. Пушкина в городе. Учитель городской женской гимназии Н.П. Волков ознакомил присутствующих с биографией поэта, упомянув о главнейших его политических произведениях; учитель - инспектор Ф.М. Соллогуб выступил с докладом "О воспитательном значении поэзии А.С. Пушкина для юношества". Лучшим учащимся гимназии были розданы полные собрания сочинений Пушкина, другим - избранные произведения, а остальным - сказки; всем учащимся - портреты поэта. 27 мая педагогический совет организовал "увеселительные прогулки" для всех учащихся городских учебных заведений в городской сад: "колонной, с военной музыкой впереди прошли через весь город". В эти дни педсовет Пет-

ропавловской женской гимназии совместно с пятиклассным городским училищем намеревался устроить литературно-вокальный и музыкальный вечер с приглашением городской общест-венности, а здание прогимназии "украсить флагами и иллюминировать".

Вместе с развитием школьного дела первые шаги делали местная печать и библиотечное дело. Долгое время никаких периодических изданий в городе не выходило. Корреспонденции из Петропавловска попадали на страницы различных изданий. Материалы о городе попадали на страницы "Сибирского вестника" Г.И. Спасского, специальных изданий "Горного журнала", "Журнала Министерства народного просвещения". Во второй половине XIX века материалы из Петропавловска публиковались в различных сибирских изданиях. Интересные сведения о городе были опубликованы в газетах "Восточное обозрение", "Степной край", "Сибирская газета", "Акмолинские областные ведомости". Иногда также материалы печатались в уральских и петербургских изданиях. В 1899 году в городе появилась типография.

С января 1906 года начала выходить первая петропавловская газета "Корреспондент", в том же году переименованная в "Сибирский справочник листок". В ней печатались телеграммы российского телеграфного агентства, цены на продукты и товары, разные объявления. Издатель К.И. Геркулесов пытался расширить программу газеты - подавал ходатайства о разрешении перепечатывать выдержки из других газет и журналов, корреспонденции, хронику. Материалы из Петропавловска часто печатали омские

газеты "Степной край", "Омский вестник", "Акмолинские областные ведомости". Чаще всего авторами таких материалов были учителя, медики, адвокаты, представители либеральной интеллигенции. Однако и социал-демократические издания освещали события городской жизни. Например, омская газета "Степной пионер".

В городе Петропавловске всегда ощущался недостаток книг и журналов. Городская общественная библиотека, открытая в 80-х годах, не могла удовлетворить потребности общества. В библиотеке был крайне ограниченный выбор книг. В начале деятельности библиотека была тесно связана с учителями города, с политическими ссыльными. Это не устраивало власти. В 1887 году был сменен библиотекар. Для властей дело было в благонадежности. В народническом "Восточном обозрении" один из ссыльных писал: "Теперь библиотекой заведует лицо настолько благонадежное, что не пожелает скомпрометировать себя утратой книг". Работала она несколько дней в неделю, за небольшую плату разрешалось пользоваться книгами и журналами. По примеру Петропавловска общественные библиотеки стали возникать в казачьих станицах, в переселенческих селах крестьян. Были основаны библиотеки при первом военном отделе сибирского казачьего войска, в реальном училище, в городском училище, в Новорыбинской станице и т.д. Вслед за Петропавловском библиотеки были открыты в Акмолинске, Кокчетаве, Атбасаре.

С начала XX века экономическая и общественная жизнь города Петропавловска значительно меняется. Особенно сказа-

лось проведение через город Сибирской железнодорожной магистрали, крестьянское переселение по всей Акмолинской и Семипалатинской областям. Это сказалось на культурном облике города, на потребности в печатной продукции - учебниках, художественной литературе, газетах, журналах. И не только на русском языке. Если к 1900 году в городе было 6 мектебов, то в 1907 году их стало двенадцать. С 1902 года открывается торговая школа, которую содержали Давлеткельдиев и Муратов. С 1909 года в городе начали работать педагогические курсы, а с 1912 года - высшее начальное училище. Эти учреждения готовили учителей начальных классов.

В городах Северного Казахстана возникали "Общества борьбы за трезвость". В задачу своей деятельности они включили и открытие библиотек-читален. Одна из первых библиотек-читален в 1902 году была открыта в Петропавловске. Она располагалась на Сенном базаре. Библиотекарем был выбран Герман Иванович Мазик. Быстро росло количество читателей. В 1905 году в ней было 2 859 человек читателей, сделано 26 320 посещений. Здесь проводились чтения и постановки. В том же году проведено было 476 чтений. Наряду с книгами здесь были журналы и газеты: "Ремесленная газета", "Вестник знаний", "Деревня", "Журнал для всех", "Сибирская жизнь", "Природа и люди", "Нива", "Русское слово", "Степной край", "Свет", "Уральская жизнь", "Русское чтение". Выписывалось 13 журналов. Библиотекарь в 1905 году в своем отчете писал: "В отчетном году библиотека-читальня функционировала усиленным образом, и, по-видимому, заслу-

жила симпатии населения, как своей доступностью, так и подбором книг. В городе Петропавловске существует всего одна библиотека-читальня - именно городская, но там условия для недостаточного читателя неподходящие. Так, например, кроме того, что каждый подписчик уплачивает сравнительно высокую подписную плату, требуется обязательный взнос денежного залога не менее одного рубля, что крайне обременительно для недостаточных подписчиков и учащихся". И далее он пояснял: "Выдача книг и периодических изданий производится всем желающим без различия званний, бесплатно и без всякого залога, при этом об учащихся спрашивали у надлежашего начальства список о том, в каком учебном заведении находится учащийся и в каком классе, для того чтобы сообразно его возрасту можно было выдать ту или иную книгу или периодическое издание.

Выдача книг производилась во все дни года, не исключая воскресенья и праздничных с 9 часов утра до 8 часов вечера". Ежедневно библиотеку посещало 70-80 человек.

Однако не все ладилось в работе читальни. Как вспоминал библиотекар - место расположения библиотеки приносило множество неудобств: "Помещение ночлежного дома вблизи библиотеки-читальни было одно из самых негативных явлений, вредно сказывалось на деле, т. к. ночлежки своим вызывающим видом и поведением часто отбивали охоту посещать библиотеку-читальню. Бывали, например, такие случаи, что в библиотеки-читальни публика почти состоит из учащихся, например, гимназистов и вообще женского пола, и в это же время

в чистую столовую, стало быть, и в читальню, заходят несколько человек из ночлежного дома в нетрезвом состоянии и начинают без всяких причин со стороны посетителей библиотеки-читальни разряжаться непристойной руганью, и это в силу необходимости приходится слышать посетителям библиотеки-читальни".

Бывали и другие случаи: пока читатели выбирали книгу, оформляли ее на абонемент, нередко случались кражи. На выходе выяснялась пропажа калаш: заходили перед этим люди из ночлежного дома.

Но была и еще одна причина, мешавшая работе библиотек. И библиотека, и ее члены-соревнователи вызывали у властей сомнение в политической благонадежности. Лично губернатор запросил справку об активистах библиотеки. Тогда и была составлена городским полицмейстером справка о членах-соревнователях: "Учительница Станова, учитель А.Я. Яковлев, секретарь съезда крестьянских начальников И.П. Николаев, почетный потомственный гражданин Ю.И. Усманов, кассир коммерческого банка И.В. Рязанцев, управляющий переселенческим складом Н.В. Луцихин нравственных качеств и поведения одобрительного. Что же касается бывшего учителя С.Ч. Власова (в настоящее время в С. Петербурге), директора коммерческого банка В.Т. Власова, правительственного инспектора молочного хозяйства И.П. Синенко, переселенческого врача А.П. Ивановского, то они в политическом отношении особого доверия не внушают". Известно, что в число членов-соревнователей входил и купец-татарин Латып Баязитов. Вероятно, что в числе активис-

тов библиотеки были и казахи, и татары, и представители других народов. К периоду и в ходе революционного движения 1905-1907 гг. в Петропавловском уезде было 47 различных библиотек. В этот период значительную работу проводила Петропавловская городская библиотека Попечительства о народной трезвости, размещенная в городской столовой - чайной. Для нее здесь была выделена отдельная комната, в шкафах размещена литература. Работал абонемент. А в общем зале чайной был поставлен стол для чтения. Посетители здесь же просматривали и читали газеты, журналы, книги. Абонемент работал ежедневно, а читальня - все часы вместе с работой чайной. На дом книги выдавались всем желающим бесплатно. Заведующий библиотекой Г.И. Мазик совмещал свою работу с заведованием кассой чайной.

В 1905 году библиотека получила 841 экземпляр новых книг на сумму 232 рубля. Общее количество книг составляло 2 000 названий. Половина ее составляла беллетристика. В том же году было зарегистрировано 1 156 читателей только на абонементах. За полгода ее посетило около 3 000 человек, и им было выдано около 6 000 книг. Наибольшим спросом пользовалась художественная литература, однако, как говорится в отчете, хороших книг, вернее пользующихся спросом, в библиотеке не доставало. На произведения Л.Н. Толстого, В.И. Немировича-Данченко, А.М. Горького, В.Г. Короленко, С.Я. Надсона, И.Ф. Шеллер-Михайловского записывались в очередь. Ощущалась потребность в наглядных материалах. В отчете библиотекарь просил купить глобус, географические

карты и атласы, план города и области, открыть при библиотеке продажу дешевых книг, а также выделить особое помещение для читального зала.

В период 1904-1905 годов Петропавловский уездный комитет о народной трезвости активизировал свою работу - наряду с содержанием библиотеки проводил еще и публичные лекции на различные темы. Так, в 1904 году активно выступали с лекциями управляющий сельскохозяйственной школой В.А. Саенко, учителя этой же школы П. Нестеров, М. Саенко, Анна и Александра Великопольские, учитель Явленской школы П. Свиридов, учительница с Покровки А. Новоселова и ее помощница А. Василькова.

Однако в связи с введением с 23 декабря 1905 года в Петропавловском уезде военного положения Комитет о народной трезвости ограничил свою работу. Как сказано в постановлении и "до особого распоряжения прекратить подписку на газеты и все сметные расходы производить с одобрением областного комитета".

В городе существовала и еще одна библиотека. На станции Петропавловск в 1903 году была основана железнодорожная библиотека. К 1910 году в ней было 818 томов периодических изданий и 1 462 тома книг в 187 названиях.

Таким образом, развитие школ, научная жизнь и просвещение - все это характеризует Петропавловск как один из важных культурных центров Казахстана и Сибири указанного периода. Петропавловск служил одним из центров духовного взаимообогащения и взаимного сближения культур русских, казахов, татар.

БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ



Кітапханалардың келістісі – балалар кітапханасы. Кітаптардың әдемісі де – балалар кітабы. Біздің өміріміздің мазмұны да – осы балалар. Қазақ елінің хас жазушыларының бірегейі – Мұхтар Әуезов: «Ел болам десең, бесігіңді түзе», – деген еді. Біз осыған қосымша, «Ел болашағын ойласа, балалар кітапханасын түзетер» дегіміз келеді. Осы мақсатты көздей отырып, балалар кітапханасының тыныс-тіршілігін, қазіргі мүмкіндіктерін сіздерге таныстыру үшін аймақтардағы балалар кітапханалары туралы ақпараттар ұсынып отырмыз. Жалпы, ҚР Мәдениет министрлігіне қарасты жүйесінде: 4 облыстық балалар, 4 облыстық жасөспірімдер, 5 облыстық жасөспірімдер мен балалар кітапханасы және 120 орталық балалар кітапханасы, сонымен қатар ҚР Білім және ғылым министрлігіне қарасты 7 мыңдай мектеп кітапханасы балаларға қызмет көрсетеді.

В

современном обществе чтение и “человек читающий” все больше воспринимаются как национальная ценность. Сегодня не только в Казахстане необходимо осознание проблемы чтения детей и подростков в качестве национальной проблемы, потому что детское чтение особенно нуждается в защите и поддержке на государственном уровне. Ведь все мы понимаем, что читающие нации создаются из читающих детей.

Библиотеки перестали быть для юных читателей просто местом, где можно почитать книгу. Сейчас это культурно-досуговый центр формирования и развития личности, общения со сверстниками, приобщения к миру искусства ...

В нашей стране сеть библиотек системы Министерства культуры РК, работающих с детьми и юношеством, составляет 279 учреждений. Это Государственная детская библиотека им. С. Бегалина, Государственная юношеская библиотека им. Жамбыла, 4 областные детские библиотеки, 4 областные юношеские библиотеки, 5 областных детско-юношеских библиотек, 120 центральных детских библиотек (в городах и районах), а также 136 и 8, соответственно, филиалов детских и юношеских библиотек.

Особое место в этом списке занимает самая крупная детская библиотека страны - Государственная детская библиотека им. С. Бегалина с более полувековой историей, вырастившая не одно поколение читателей, и ставшая для многих путеводной звездой в увлекательный мир книг и чтения.

Как подарить детям радость чтения



Софья РАЕВА,
директор Государственной
детской библиотеки
им. С. Бегалина

«Захватывающая книга - прежде всего книга интересная, интересная в высшей степени для данного читателя, в данный момент жизни. Интерес же – дело наживное. Интересно то, что за дело за живое, вызвало взрыв чувств...»

Н. Рубакин

1. В настоящее время принято рассматривать библиотеку, как информационный центр. Многие, идя по этому пути, забывают о том, что юные читатели – совершенно особая категория. В работе с ними главной задачей было, есть и будет формирование Читателя, воспитание у него любви к книге, создание условий для возникновения и развития интереса к чтению как уникальному виду деятельности и состоянию души. Именно библиотеки должны помочь детям понять огромное количество приятных вещей, которые можно получить от чтения. Книги открывают новые миры. И библиотека играет роль стимулятора интереса к чтению у ребенка с самого раннего возраста, поскольку в наш век полноценным читателем надо успеть стать в детстве, иначе жизнь может не оставить для этого времени. Каким же способом приблизить книгу к читателю, как заинтересовать его чтением, как облегчить выбор хороших книг?

2. Основа всего – поворот к личности ребенка, т.е. улучшение индивидуальной работы на принципах педагогики, сотрудничества, сотворчества, личное общение с юными читателями, при котором каждый ребенок выступает как равноправная личность, равноправный партнер, хотя инициатором общения является библиотекарь.

Внедрение активных, нетрадиционных, новых форм массовой работы, игровых, дискуссионных, клубных.

Развитие содружества библиотеки и семьи, ведь рождение ребенка как читателя происходит в семье, и выработать у него потребность в чтении невозможно без её участия.

Использование особых форм, способов и средств для стимулирования желания у читателей посещать библиотеку систематически. Важно, чтобы в годовом плане присутствовал читатель, его голос, возраст, работа с творчеством конкретного автора и конкретной книгой. Все формы наглядной, индивидуальной и массовой работы должны быть ориентированы на интересы, запросы и потребности конкретного читателя. Учет интереса детей к компьютерным технологиям и использование этого интереса в своих целях – привлечении к чтению и популяризации книги.



3. Повышение эффективности популяризации книги означает для нас внедрение активных, нетрадиционных форм массовой работы: игровых, дискуссионных, клубных. Они должны удивить, увлечь детей новизной, оригинальностью, неожиданностью. Их задача – стимулировать читательскую активность, любознательность, творчество; вовлекать детей в такие ситуации, когда надо проявить себя, сделать свой выбор, обосновать его, оценить прочитанную книгу и т.д. Например, помимо отзыва, иллюстрации, инсценировать самый трогательный или смешной эпизод; подготовить вопрос от конкретного героя книги или исторического лица; сделать рекламу понравившейся книги и т.д.

Сегодня одной из особенностей массовой работы в библиотеке является то, что она должна учитывать ожидания, мнения самих читателей, их интересы и запросы. Узнать это можно из бесед, опроса, анкетирования. «Что вы думаете о библиотечных мероприятиях?», «Ваше мнение, ваши предложения...» и т.д.


Какие же формы мы используем? «Наши движения, по сути, – наши учителя». Развивая этот тезис, мы подходим к тому, что процесс общения с читателями должен быть организован так, чтобы не мы воспитывали, а он воспитывался. В основе каждого крупного мероприятия должна быть личная деятельность читателя. Поэтому самыми эффективными формами работы являются дискуссионные, информационные, игровые



ка детям, помогая им и их родителям сделать книгу неотъемлемой частью жизни.

- Стимулирование чтения семей. Семья – это первый и наиболее важный институт, влияющий на приобщение детей и подростков к чтению книг. Родители передают детям представление о том, что такое плохое и хорошее чтение. Поощряя детей к чтению, семья может оказать положительное влияние и на другие виды деятельности ребенка, требующие культурной и интеллектуальной активности.

Отношение к чтению, приобретение читательской культуры детьми во многом зависит от



и, так называемые, «реальности – шоу» (стилизированные вечера), те, в подготовке которых активное участие принимают сами читатели.

4. Среди тех направлений, по которым развивается сервис библиотеки, в связи с вышесказанным, хочется назвать:

- Содействие раннему чтению. Настоящими читателями становятся лишь те, кто полюбил Книгу в раннем возрасте. Именно для таких детей она на всю жизнь потом остается источником интеллектуального, эмоционального и эстетического развития. Недаром практика большинства зарубежных библиотек ориентирована сейчас на работу с детьми до 4 лет и их родителями. Очень просто научить ребенка полюбить книгу и чтение пока он еще мал. Гораздо труднее привлечь к чтению тех, кому уже за 10! Книги и литература важны для раннего развития даже в наш техногенный век. Раннее привлечение к книгам и чтению является основной частью дошкольного опыта и должно быть усилено по мере того, как дети становятся изощренными читателями, эрудитами и мыслителями.

Неоценимую услугу оказывает библиоте-

того, какие образцы читательского поведения предлагают им взрослые. Семья – это особый социальный институт, в первую очередь, вводящий ребенка в мир литературной культуры.

Поскольку продолжается и усиливается процесс социального расслоения семей по уровню доходов, это приводит и к дифференциации детства, расслоению этого сообщества. Неравенство возможностей – «неравный старт» – проявляется уже в первые годы жизни ребенка. В одних семьях литературным образованием детей занимаются еще в дошкольном возрасте, тогда как в других им не занимаются вовсе.

Читательская атмосфера семьи очень важна для приобщения детей к Чтению. Но в большинстве семей культивируется просмотр теле- и видеопередач. Многие и хо-

тели бы приохотить детей к чтению, но им не хватает подготовки и знания особенностей ребенка как читателя. И лишь самая малочисленная категория родителей уделяет большое внимание развитию ребенка, устраивает совместные семейные чтения. К сожалению, большинство родителей отличается низкая степень информированности о книгах для детей, поэтому репертуар для семейного чтения недостаточно разнообразен, зачастую случаен. Этот пробел мы пытаемся восполнить тем, что усиливаем работу с родителями. Особую популярность завоевали лекторий для родителей и родительские собрания в библиотеке.

- Стимулирование чтения и поддержание его на должном уровне в школе. Если школа предлагает ребенку всего-навсего один образец, один круг авторов и произведений, один путь читательского развития, то детская библиотека может предложить как альтернативу бесконечное множество путей и образцов, соответствующих индивидуальным запросам, потребностям и склонностям. Речь, однако, тут вовсе не о том, чтобы вмешиваться в процесс преподавания и пытаться подменять педагогов и профессионально составленные образовательные программы дилетантскими, а о философии библиотечной работы с детьми. Реальные и неограниченные возможности содействия читательскому развитию библиотека обретает, культивируя свободное чтение, откликаясь на личностные интересы детей. И здесь огромную роль играет индивидуальная работа с читателями.

- Развитие творчества через чтение. Не только популяризация чтения как увлекательного способа проведения досуга, но и организация творческих занятий с детьми, клубов, кружков, выставок детских поделок, устройство праздников, игр, вечеров непосредственно в библиотеке. Стимулирование участия детей в различных конкурсах, связанных с книгой и творчеством. Праздники чтения, творческие конкурсы, встречи с интересными людьми, собственная библиотечная газета «Бегалинка», участие в крупных мероприятиях и акциях – все это становится залогом успеха в работе по приобщению детей к чтению.

- Важное место уделяется работе по

программам чтения детей. Кроме программ на русском и казахском языках, есть программы и на английском и немецком. Так, совместно с Институтом Гете была реализована программа «Lesehof». В рамках программы дети должны были прочитать 7 книг и выполнить определенные задания: ответить на вопросы, отгадать кроссворды и ребусы, выразить свое отношение к героям. Демонстрировалась компьютерная презентация книг, проводились литературные игры. В завершение программы усилиями участников была изготовлена книга «Для чего нам нужно знать немецкий язык». Совместно с Британским Советом библиотека ежегодно приглашает своих читателей для участия в программе чтения на английском языке по различным темам. Так, в 2009 году детям были предложены книги о спорте «Team Read», в 2010 году — о путешествиях и приключениях «Quest Seekers». Желающих принять участие в этой программе с каждым годом становится всё больше. Заканчивается проект, подводятся итоги, но увлечение читать литературу в подлиннике остаётся.

- Содействие воспитанию информационной грамотности: школы информационных лидеров, юного пользователя Интернет, Летние Интернет - лагеря.

- Использование информационных технологий для популяризации книги и чтения. Сайты библиотек «Родник» и «Тарих» используются как источник информации о книгах, возможность обсудить книгу и т.п.

Каждый ребенок нуждается в библиотеке. Дети должны расти в окружении книг, и мы должны помочь им в этом процессе. «Радуйтесь жизни и читайте!» - девиз, который мы, детские библиотекари, должны претворять в жизнь. Мы вместе трудимся и читаем. И вот однажды наступает удивительный момент. Мы замечаем, что ребята с радостью идут в библиотеку, уверенно чувствуют себя у каталогов и компьютеров, за мольбертом, у микрофона и за ширмой кукольного театра, взяв в руки ножницы и перо. Они легко выдумывают и легко создают, они экспериментируют в поисках интересных решений. Значит, они готовы к новым открытиям и сами открыты для творчества, и само Чтение для них уже творчество.

НҰРПЕЙІС БАЙҒАНИН атындаы АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫНА – 50 ЖЫЛ

Нұрпейіс Байғанин атындағы Ақтөбе облыстық балалар кітапханасының ұжымы биыл жарты ғасырлық мерейтойын атап өтті. Мұнымен қатар атақты жыршы, адуынды ақын әрі дәулескер домбырашы – Нұрпейіс Байғаниннің туғанына 150 жыл толып отыр.

28 мамырда ақтөбелік зиялы қауым өкілдері осы кітапхана ұжымы ұйымдастырған «Жаныңа нәр беретін кітапхана және отбасылық оқу» тақырыбындағы облыстық деңгейдегі зерделі кеңеске, «Кітап шаһары – 50 жаста» мерекелік шарасына қатысып, оқырмандармен ой бөлісті.

Кітапхана қорында – 92 000-нан аса кітап бар. Кітап қоры үнемі толықтырылып отырады. Сондай-ақ кітапхана сөресінен анықтамалықтар, энциклопедиялар, әр алуан бағыттағы әдістемелік әдебиеттер таба аласыз. Мәдениет министрлігі арқылы мемлекеттік тапсырыс бойынша да жаңа кітаптар түсіп тұрады. Тағы бір көмек, тұрғындар тарапынан болып тұр. Өздерің үшін қажетсіз деген жазба дүниені кітапханаға тарту ету үрдісі сөнге айналып келеді. Кітапхана жылына 200 аталымда газет-журнал жаздырып алады. Балалар басылымдарымен бірге оқытушыларға, ата-аналарға да қажетті оқу құралдары кітапхана қорында сақтаулы тұр.



Дүниежүзілік деңгейдегі оқу дағдарысына қарамастан кітапханаға жыл сайын он мыңнан аса оқырман келіп тіркеледі. Үш жастағы баладан бастап сексеннің сеңгіріне шыққан қария да – кітапхана оқырманы. Балалар кітапханасы деп аталғанмен ересектерге де есік ашық. Кітапхана жанынан құрылған «Шаңырақ» отбасылық клубы тұрақты жұмыс істейді.

Балалар кітапханасы осылай елу жылды тарих қойнауына

тапсырды. Бұл тау тұлғаның торқалы тойымен тұспа-тұс келген қайталанбас жыл боп кітапхана күнделігінде баяндала береді. Мұны ескеріп, кітапхана әкімшілігі бірқатар мәдени шаралар өткізуді жоспарлапты. Соның бірі – Н. Байғаниннің «Нарқыз» дастаны бойынша Байғанин оқулары, сонымен қатар «Ақтөбе жыр құшағында» дәстүрлі шығармашылық байқауы. Конкурс талаптарына сәйкес, байқауға қатысушылар, яғни жыр әлеміне қанат қаққан



кішкентай ақындар Байғанин шығармашылығы бойынша қалам тартқан туындыларын кітапханаға тапсыруы тиіс.

«Кітаппен өткен жаз қызық!». Осындай атаумен 1-маусымнан 31-тамызға дейін жазғы оқу бағдарламасы ұйымдастырылады.

Бүлдіршінді әлем әдебиеті кейіпкерлерімен кездестіріп, сиқырға толы саяхаттар жасататын, ой-өрісін кеңейтетін мұндай қызықты шара бұрынсоңды балалар кітапханасы тарихында тіркелмеген.

«КІТАППЕН ДОСТЫҚ 10 ЖАСҚА ДЕЙІН БАСТАЛУЫ ТИІС»

Бүгінде көркем әдебиетті оқу көрсеткішінің күрт төмендеуі — біздің еліміз ғана емес, бүкіл әлемге тән құбылыс болып отыр. Бұл құбылыстың себебі неде десек, күндіз-түні «сайрап» тұрған теледидар бар, интернет бар, тіпті титтей ғана ұялы телефонның өзі көрі-жасқа кейде кітап түгілі ұйқы мен тамақты ұмыттыратын ермекке айналды.

Ал осы құбылыстың — білім көзі, ойдың басты серігі, рухани байлықтың шыңы болып табылатын кітаптан теріс айнарудың соңы қайда апарып соқтырмақ? Әсіресе, кейінгі жас ұрпақты кітаппен қайта табыстыру үшін не істемек керек?

Біз осы мәселе төңірегінде Нұрпейіс Байғанин атындағы Ақтөбе облыстық балалар кітапханасының директоры, ҚР Мәдениет қайраткері **Раиса Қомпақовамен** сұхбаттасқан едік.





— Раиса Төленқызы, телевизия мен интернет қаншалықты дамып, құлашын кеңге жайған сайын, олардың білім көзі ретінде де, жан азығы ретінде де кітапты алмастыра алмайтыны соншалықты айқын сезіліп отыр емес пе?

— Жалпы, адамзат өркеніетінің негізін құрайтын жазу-сызу мәдениетінің тамыры өте тереңге кететіні белгілі. Әңгіменің өзімізге қатыстысына ғана тоқталсақ: ата-бабаларымыздың — сақ тайпаларының — біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдықта жазу-сызумен таныс болғаны археологиялық деректер арқылы дәлелденіп отыр. Ал біздің дәуіріміздің алғашқы мыңжылдығының екінші жартысында қазақ даласына Орхон-Енисей жазулары келген. Берідегі әйгілі Отырар кітапханасын бәріміз мақтан тұтып өстік. Иә, ғасырлар бойы кітап

адамзаттың жиған-тергенін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізді, «Адамдар оқуды қойса, ойлауды да қояды», — деп француз философы Дени Дидро айтқандай, рухани дамып-жетілу көзі болып келді. Кезінде Кеңес Одағы халқы әлемдегі әдебиетсүйгіш халық саналды, оны өзіміз көрдік, сол атқа лайық болуға талпындық. Қай үйде кітапхана болса, кімнің жеке кітапханасы неғұрлым бай болса, жұрт оған құрметпен қараушы еді. Қазір олай емес, керісінше, орын алады, шаң жинайды деген секілді сылтаулармен бұрын жиған кітаптарын үйден шығарып тастап жатқандар көп. Бізге ақтөбелік тұрғындар: «Кітап апарып тастайықшы», — деп телефон арқылы күн сайын дерлік хабарласады. Оларға мен қатты сөз айтпаймын. Қайта кітап

тарды қоқысқа тастай салмай, бізге хабарласқанына шүкір деймін. Әрине, біз жұрт әкеліп тастаған барлық кітаптарды өзімізге алып қала алмаймыз. Жүз кітаптан бірекі кітап алып, басқаларын әскери бөлімдерге, мектептерге, жазғы лагерьлерге, музыкалық әдебиеттер болса филармонияға, өзге халықтар ақын-жазушыларының дүниелері кездессе Достық үйіне дегендей, сұрыптай отырып, жан-жаққа таратып береміз. Кезінде Алматыдан, Мәскеуден қомақты қаржыға арнайы жаздырып алынған кітаптар енді керексіз болып қалса, бұл да — әлемді жайлаған кітап оқу дағдарысының бір көрінісі. Кітап оқу дағдарысы дегенде, әңгіме тек көркем әдебиет жөнінде екенін атап өткен жөн. Әйтпесе кітап бизнесі қазір



де — пайдалы сауда. Қазір де кітапханаға оқырмандар келеді. Бірақ кітап саудасын жүргізіп жатқан да, кітапханаға келген оқырманның іздейтіні де — адамның жан-дүниесіне серпіліс әкелетін, ой әлеміне жетелейтін көркем туындылар емес, арнайы салалық, энциклопедиялық-танымдық кітаптар, түрлі оқулықтар, сосын жеңіл дүниелер. Мына деректі қараңыз, елімізде 150-ден астам баспа бар екен, осы баспалардан шығатын кітаптардың арасында көркем әдебиеттің үлесі небәрі 10 пайызды ғана құрап отыр. Ал еліміздің кітап рыногында отандық өнімдерден гөрі, ресейлік өнімдердің үлес салмағы әлдеқайда жоғары. Мұны кітап дүкеніне үзбей барып жүрген адам жай көзбен-ақ байқайды. Дүкен сөрелеріндегі ресейлік өнімдер де, негізінен, детектив, фантастика, махаббат тақырыбындағы жеңіл жазылған дүниелер болып келеді, салмақты туындылар өте аз. Яғни, салмақты, көркем туындыны жеңіл-желпі дүниелер, басқаша айтқанда, коммерциялық кітаптар ығыстырып шығарып тұр. Міне, осындай жағдайда, әсіресе, кейінгі ұрпақты рухани жұтаңдықтан, ой тайыздығынан, санасыздықтан қайтсек аман алып қаламыз деген заңды сауал туындайды. Бұл — бүгінде бүкіл әлемді толғандырып отырған сауал. Осыған орай, кезінде АҚШ-та бір қала болып бір кітапты оқып-талдау бастамасы қолға алынған екен. Қазір сол бастама әлемді

шарлап кетті. Оны Еуропа, Латын Америкасы елдері, Корея қолдады. 2007 жылдан бастап Қазақстанда да «Бір ел — бір кітап» акциясы өткізіліп келеді.

— Қазақ оқырманын кітаппен қайта табыстыру мақсатында Мәдениет министрлігі, Қазақстан кітапханашылар ассоциациясы тарапынан «Бір ел — бір кітап» акциясынан басқа да шаралар ұйымдастырылып жатқаны белгілі. Сол жөнінде толығырақ әңгімелесеңіз...

— Ақын Иосиф Бродский: «Егер бір адам кітап оқымаса — бұл оның өз қасіреті, ал миллиондаған адамдар кітап оқымаса — тұтас бір ұлттың қасіреті», — деген екен. Бүгінде зерттеушілер елімізде ересек адамдардың 50 пайызының мүлде кітап оқымайтынын айтып жүр. Ал жастардың да оқитыны, негізінен, жоғарыда айтқанымыздай, кәсіби білім алу мақсатындағы оқулықтар, оқу құралдары, ғылыми-танымдық әдебиет пен жеңіл-желпі дүниелер. Алдағы уақытта көпшілік назарын кітапқа, көркем әдебиетке

аудару мақсатында қолға алынған мемлекеттік «Оқырман Қазақстан» бағдарламасының тұсауы 2006 жылдың күзінде Ақтөбеде кесілген еді. (Есіңізде болар, Ақтөбе еліміздің 2006 жылғы кітапханалық астанасы болып жарияланған еді.) Соңғы 15-20 жыл ішінде көркем әдебиеттен мүлде бейтаныс ұрпақтың тұтас бір буыны қалыптасқаны ескеріліп, бағдарламада балалар мен жасөспірімдер арасында кітап оқуды насихаттауға, отбасылық оқу дәстүрін жаңғыртуға, балалар кітапханалары жұмысына бүгінгі заманға сай түрлі өзгерістер енгізуге, жазушылар еңбегін ынталандыруға көп көңіл бөлінген. Бағдарламада көзделген шаралардың бірі — аудандық және қалалық білім бөлімдерінің штаттық кестесіне сыныптан тыс оқу мәселесі бойынша педагог-әдістемелік қызмет енгізу. Өз пікірім бойынша, жүзеге асқан күнде, бұл — өте дұрыс іс болар еді. Сонымен қатар «Кітапхана ісін жаңарту» бағдарламасы аясында көптеген игі істер жүзеге асырылды. Соның бір



нәтижесі — қазір оқырмандар кітапханаға кітап, оқулық, газет-журнал оқу үшін ғана келмейді, сондай-ақ интернетті де тегін пайдалана алады. Өз кезегімізде біз интернет, компьютер іздеп келген баланы кітап оқуға тартамыз. Бүгінде барлық сыныптар бойынша сыныптан тыс әдебиеттер тізімін алып қойдық. Алдымен баламен алдын ала сөйлесіп, кітап, әдебиет туралы жылы пікірлерді ойына құя отырып, соңынан сол тізімдегі кітаптардың бірін қолына ұстатамыз. Осы арқылы он баланың үш-төртеуін әдебиет әлеміне жақындата алған күнде де, әзірге, әрине, жаман болмас деймін... Ал «Бір ел — бір кітап» акциясы Ұлттық академиялық кітапхананың ұйымдастыруымен және Мәдениет министрлігінің қолдауымен, міне, биыл төртінші жыл өткізілгелі отыр. Мұндағы мақсат — рухани байлық көзі боп табылатын кітапты нақты бір автор, нақты бір шығарма арқылы насихаттау. 2007 жылы елімізде «Бір ел — бір кітап» жобасы үшін Абайдың қара сөздері таңдап алынған еді. Одан соң акция Мұхтар Әуезовтің «Қилы заманымен» жалғасып, ал өткен жылы Мағжан Жұмабаевтың лирикасы бойынша өткізілді. Биыл Жұбан Молдағалиевтің «Мен қазақпын» поэмасы ұсынылып отыр. Өткен ғасырдың 70-ші жылдары жарық көрген бұл туынды сол кез үшін өте батыл дүние болғанын әдебиет сыншылары айтып жүр. ҚазКСР және КСРО мемлекеттік сыйлығының иегері Жұбан Молдағалиевтың «Мен қазақпын» поэмасы бүгінгі

ұрпақ үшін де — қымбат қазына. «Бір ел — бір кітап» акциясына орай, барлық кітапханалар мен оқу орындарында, мектептерде кітап көрмелері, әдеби кештер, зерттеушілер және әдебиеттанушылармен кездесулер ұйымдастырылады. Әрине, бұған біздің кітапхана оқырмандары да атсалысатыны сөзсіз.

— Баланы, жас ұрпақты көркем әдебиетке жетелеу мақсатында түрлі шаралардың ұйымдастырылуы көңілге қонымды-ақ. Әйткенмен, бұл іс ең алдымен отбасынан басталуы тиіс қой? Кезінде бізді «оқымаған» әжелеріміз батырлар жырын, дастандар әкелуге кітапханаға жұмсаушы еді, ал

ата-ананың ықпалынсыз әдебиетке, кітапқа құмар азамат тәрбиелеп шығу, расында да қиынға түседі. Өйткені бала мектепке жеті жасында, ал кітапханаға одан да есейіп келеді. Ғалымдарға сенсек, адам миының оқуға құштарлыққа жауапты бөлігі 10 жасқа дейін ғана ашық болады екен, ал одан кейін оқуға деген құмарлықты ояту өте қиынға соғады. Сондықтан баланы кітап оқуға баулу — өте ерте қолға алынуы тиіс іс. Осы орайда мен өз кітапханамызда «Балалардың оқу мәселелері ата-аналар кеңесінде» атты жобаны қолға алдым. Көздеген мақсатым — кітапқа баулу мәселесінде баланың басты ұстазы ата-

Бүгінде өркениетті жұрттар балаларды теледидардан аулақтатып, кітаппен достастыру қамында жүр. Мысалы, АҚШ-та ұйықтар алдында балалармен бірге кітап оқу дәстүрі насихатталып, қазір кең етек жайған құбылысқа айналған. Ал біз отбасылық оқу дәстүрін жаңғыртуды әйелдерге кеңес беру орталықтарынан, яғни аяғы ауыр әйелдер арасындағы насихаттан бастағанымыз дұрыс болар еді. Мысалы, мағыналы, сұлу музыка іштегі баланың жан-дүниесіне әсер ететіні ғылыми тұрғыда дәлелденген. Болашақ аналар сәбиі үшін алдымен дұрыс музыка тыңдап, өлең оқып дағдыланса, кейін оны балаға бесік жырын, ертегі айтумен, одан соң суретті кітапшалар, ертегі кітаптарын сатып алумен жалғастыра берсе, бала да өнерге, әдебиетке жақын өсер еді.

қазіргі оқыған әжелер немерелерін түріктің, көрістің сериалдарын көруге «баулып» жүр емес пе?

— Баланы кітап оқуға баулу мақсатында кітапхана, мектеп тарапынан қаншама шаралар ұйымдастырылып жатқанымен, нақ отбасының,

ана екенін ескерту, ата-ана бұл мәселені мектепке, кітапханаға ысырып тастамауы керек дегенді көпшілік санасына сіңіру. Қазіргі балалардың кітаптан гөрі теледидарға жақын болуы ең алдымен — ата-ананың кінәсі. Ал теледидардың көрсететіні белгілі: зорлық-

зомбылық, атыс-шабыс, қан... Кейбір арналардан тіпті күнделікті жаңалықтарды да қарай алмайсың, өйткені нақ бір адамның жүйкесін жұқартуды ғана мақсат еткендей, кілең жағымсыз ақпараттарды теріп айтып жатады.

Бүгінде өркениетті жұрттар балаларды теледидардан аулақтатып, кітаппен достастыру қамында жүр. Мысалы, АҚШ-та ұйықтар алдында балалармен бірге кітап оқу дәстүрі насихатталып, қазір кең етек жайған құбылысқа айналған. Ал біз отбасылық оқу дәстүрін жаңғыртуды әйелдерге кеңес беру орталықтарынан, яғни аяғы ауыр әйелдер арасындағы насихаттан бастағанымыз дұрыс болар еді. Мысалы, әуені мағыналы, сұлу музыка іштегі баланың жан-дүниесіне әсер ететіні ғылыми тұрғыда дәлелденген. Болашақ аналар сәбиі үшін алдымен дұрыс музыка тыңдап, өлең оқып дағдыланса, кейін оны балаға бесік жырын, ертегі айтумен, одан соң суретті кітапшалар, ертегі кітаптарын сатып алумен жалғастырар болса, бала да өнерге, әдебиетке жақын өсер еді. Бүгінде ата-аналар балаға кітап сатып алғанда да көбіне танымдық, болашақ мамандығына қатысты дүниелерге ғана мән береді. Әрине, бала мықты маман болса, өз ісін игеріп, табысқа жетсе деген тілекті құптаймыз. Әйткенмен, көркем әдебиетті оқымаған баланың жан-жақты білімді, интеллектуал, сөздік қоры бай адам болып өсуі неғайбыл. Әдебиетке жақын баланың қиялы ұшқыр келеді әрі ойын еркін жеткізе алады,

ойын жинақтап, тез шешім қабылдауға бейім өседі. Біздің кітапхана қызметкерлері ата-аналар арасында үгіт-насихат жүргізу үшін соңғы кезде мектептердегі ата-аналар жиналыстарына да қатысып жүр.

пайды.) Ешкім оқымай, автобуста шаң-шаң болып жатқан орыс тіліндегі кітаптарды кітапханашы бізге қалауымызша таратып берді. Әрқайсысымыз екі-екі қорап кітап алып, әйгілі классиктердің шығармаларына

Ғалымдарға сенсек, адам миының оқуға құштарлыққа жауапты бөлігі 10 жасқа дейін ғана ашық болады екен, ал одан кейін оқуға деген құмарлықты ояту өте қиынға соғады. Сондықтан баланы кітап оқуға баулу — өте ерте қолға алынуы тиіс іс.

— Ата-аналар әдетте әдеби кітаптардың қымбаттығын алға тартып жатады...

— Бұл мәселенің шешімі бар, ол — кітапханалар. Мысалы, біздің кітапханамыз балалар кітапханасы атанғанымен, балалармен бірге, ересектерге де қызмет етеміз. Бізде «Шаңырақ» отбасылық оқу клубы бар, отбасылық абонемент жұмыс істеп тұр. Кез келген жастағы баланы алып келе аласыз.

— Ал өз жеке кітапханаңыз жөнінде не айтасыз?

— Мамандығым байынша мен ағылшын филологымын. Студент кезімізде Ырғыз ауданының алыс бір ауылына құрылыс жұмысына барған едік. Сол жолы ойламаған жерден ен байлыққа кезіктік: кітапхана ауласында тұрғындар қажет етпеген кітаптарға толы бір автобус тұр екен. Бәрі — орысша кітаптар. (Ол тұста кітаптар «Бибколлектер» жүйесі арқылы кітапханалардың бәріне бірдей тізіммен бөлінетін. Ауыл тұрғындары қазақтар ма, әлде орысы басым ба ескеріліп жат-

пайды.) Ешкім оқымай, автобуста шаң-шаң болып жатқан орыс тіліндегі кітаптарды кітапханашы бізге қалауымызша таратып берді. Әрқайсысымыз екі-екі қорап кітап алып, әйгілі классиктердің шығармаларына

ие болып шыға келдік. Соған жалғастырып өзіміз де кітап жинай бастадық. Кейін менің жеке кітапханамды өз балаларым ғана емес, туыс, дос-жарандардың көпшілігі пайдаланатын болды. Достарым кез келген уақытта хабарласып жатады: «Мынадай кітап керек, сенде бар шығар?», — деп... Көбіне іздегендерін тауып бере алыппын.

Сөзімнің соңында айтарым, Нұрпейіс Байғанин атындағы кітапхананың 50 жылдық мерейтойы — тек осы кітапхана ұжымы ғана емес, біздің мыңдаған оқырмандарымыздың, тіпті барша кітапсүйер қауымның мерекесі. Осы мерейтойға орай кітапсүйер қауымды құттықтап, кітаппен, кітапханамен байланысыңыз үзілмегей дегім келеді. Кітапхана жұмысын жандандыруға, жас ұрпақты талғампаз оқырман етіп тәрбиелеуге қатысты ұсыныс-тілектеріңіз болса хабарласыңыз.

Сұхбаттасқан
Индира ӨТЕМІС

БІЗДІҢ КІТАПХАНА — БІЛІМ БЕСІГІ

Звайда ӨТЕШЕВА,
Х.Есенжанов атындағы Батыс Қазақстан
облыстық балалар мен жасөспірімдер
кітапханасының директоры

Қазақ елінің қабырғалы қаламгерлерінің бірі Сәбит Досанов: «Алла Тағала берген ақылымен, теңіздей терең білімімен уақыттың өзінен озған ғұлама фәниден бақиға аттандарда өсиет айтыпты: «Дауыл ма, жауын ба, сең бе, сел ме, өрт пе, дерт пе... қандай қысылтаяң, қиын шақ болса да ең алдымен халықтың қазынасын құтқарыңдар, сол қазынаны жасаушыларды жан салып қорғаңдар. Сонда араларыңнан кемел ойлы кемеңгерлер шығады. Сонда ғана ұлтта рух, елде бүгінгіден де нұрлы болашақ болады». — «Халықтың қазынасы дегеніңіз не?», — деген сұраққа: — «Ол — кітап», — деп жауап беріпті ғұлама. — Қазынаны жасаушылар кімдер?», — дегенде: «Таланттар!», — депті әлгі данагөй. Арғы заман ғұламасының өсиеті одан беріректегі Шекспир айтқан: «Кітап маған тақтан да қымбат», — деген ғажап сөзбен үйлесіп-ақ тұрған жоқ па?! «Талантты адам алтын тақта туған патшамен тең», — деген Фридрих

та осылармен үндес...», — депті жазушы Хамза Есенжановтың туғанына — 100 жыл толған мерейтой қарсаңында Егемен Қазақстан газетіне жазған мақаласында. Иә, Қазақ халқы талантты жазушыларға кенде емес. Сол талантты жазушылардың бірі — ел ардақтаған Хамза Есенжанов. Сондықтан жазушының 100 жылдық мерейтойына орай, облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасына 2008 жылғы 17 қазанда Хамза Есенжанов есімі берілді.

Кітапхана облыстағы оқырмандарға және қала жастары мен бал тілді балғындарға қызмет көрсетіп келе жатқанына елу жылдай уақыт өтті. Ширек ғасырлық тарихы бар білім қоймасындағы 181,055 мың кітап қорынан, 7 000-нан астам кино-фото құжаттардан құралған қазыналы қор оқырмандар игілігінде. Ал, ай сайын 20 мыңнан астам оқырманға қызмет көрсетіледі. Яғни, кітапханаға жылына 120 621 оқырман келеді. Соның ішін-

де 9637 оқырманды балалар құрайды. Кітапханада әр түрлі қоғамдық шаралар, байқаулар, танымдық сайыстар, оқырмандар конференциялары өтіп тұрады. Мәселен, «Дым білмес достарын жинайды», «Жас кітапқұмар» үйірмелері жүйелі түрде жұмыс жасайды. «Ровестник» аула клубымен де байланысы үзілген емес. Қаладағы үйлердің аулаларында «Алақай, ақшақар соғамыз», «Жаз жайнатып, күн күлдіріп», «Құстар әнін тыңдайық» тәрізді маусым сайын ұйымдастырылады. Сондай-ақ «Бір ел — бір кітап», «Біз өмірді таңдаймыз» секілді акцияларға оқырмандар белсенді қатысады. Қоғаммен байланыс жасау бөлімінде «Кітап» театрының оқушы актерлары театрландырылған көріністер қойып, ой ұштау сайыстарын, қуыршақ қойылымдарын өздері жандандырып, көптеген кітап кейіпкерлерін сахнада сомдап келеді. «Балауса» үйірмесі — әдеби монтажды кештердің белсен-

ді мүшелері.

туриент». Мы выпустили буклеты по новым профессиям «Моя профессия менеджер», «Я б в логистики пошел», «Моя профессия дизайнер» и другие. Созданы тематические досье «Учебные заведения города Петропавловска», «Вас приглашают колледжи», «Где получить высшее образование?». В читальном зале постоянно действует книжная выставка «Для вас, абитуриенты» с разделами «Как выбрать профессию», «Что я знаю о ЕНТ», «Куда пойти учиться?». Ежегодно проводим анкетирование по выявлению способностей к какой-либо

профессии, организуются встречи с председателями приемных комиссий профессионально-технических лицеев, колледжей и вузов. Представители учебных заведений разворачивают свои выставки, демонстрируют фильмы, дарят буклеты будущим абитуриентам, отвечают на многочисленные вопросы.

Особо хочется отметить целевую программу отдела национальной литературы «Туған жер – тұнған шежіре», в рамках которой проводится огромная работа по изучению родного края.

Мы стараемся проводить как можно больше меро-





приятный для всей семьи с участием и детей, и родителей. Так, в Международный день семьи был проведен День открытых дверей, оформлены книжные выставки, посвященные семейному чтению.

К Дню защиты детей совместно с Департаментом по защите прав ребёнка в рамках Всеказахстанского праздника «Писатели Казахстана-детям» в библиотеке прошло праздничное мероприятие. Началу праздника предшествовала большая подготовительная работа. Была проведена рекламная акция, оформлена оконная реклама «Писатели Казахстана-детям», рекламное «Чудо дерево» (буклеты, приглаательные

на праздник, репертуар семейных читательских удовольствий и т.д.)

Доброй традицией стало проведение фестивалей детского чтения - фестиваль «О, книжный мир, мир - бесконечный», «Любимых книг - любимые герои», который был посвящён 210-летию со дня рождения А.С. Пушкина. Театрализованное действо с участием маленьких читателей библиотеки, их родителей

и сотрудников позволило участникам фестиваля ощутить себя героями неповторимых пушкинских сказок. Сказочные герои Балда, Баба Яга, Старик провели с ребятами игры.

Наша библиотека с 2006 года проводит акцию «Прочитал сам – пусть прочтут другие». В фойе оформляется выставка-просмотр под одноименным названием. Здесь наши читатели обмениваются со сверстниками своими прочитанными книгами, а также бесплатно берут домой понравившуюся литературу.

Этот проект в Европе носит название «bookracing» (букрейсинг) - дословно в переводе «гонка книги». Таким образом наши читатели «догоняют» лучшие произведения XX века, а может быть, и книга прошлого века возьмет да и догонит нашего читателя!

Хорошо оправдала себя работа с читателями в рамках различных клубов по

интересам. Клуб «Жас Каламгер» создан в библиотеке при отделе национальной литературы в 2005 году. Идеей его создания явилось объединение творчески одарённых детей, пишущих стихи, прозу и писателей, которые, в свою очередь, являются их наставниками, передающими им опыт писательского мастерства.



Раиса КАСЫМОВА

1. Насколько вы оцениваете ситуацию на отечественном рынке издания детской литературы?
2. Что, на ваш взгляд, нужно сделать, чтобы повысить интерес детей к чтению?
3. Вы помните свою первую самостоятельно прочитанную книгу?

1. Особый разговор о детской и юношеской книге на отечественном рынке. Сегодня за рубежом рекомендуют начинать чтение с самого раннего возраста - с восьми месяцев! Почему разговор идет о таком раннем возрасте? Да потому что дети рано и быстро развиваются и совсем маленькие они с интересом разглядывают яркие картинки, начиная лепетать, осознанно повторяют за взрослыми некоторые слова. А как мы можем показывать детям наши отечественные книжки? Если они и есть в библиотеке, то зачастую не яркие, блеклые, с небольшим тиражом. Вообще не понятно, почему книги казахских детских писателей и поэтов выпускаются толстыми изданиями, без иллюстраций и не учитывается возраст читателя? (для малышей и ребят среднего звена).

2. Сегодня заинтересовать читателя не просто. К сожалению, читающих детей стало меньше, в связи с чем приходится использовать самые различные формы работы по привлечению детей к чтению. Мы все больше и больше становимся массовиками-затейниками, зазывалами. Уже традиционными стали в библиотечке различные праздни-

ки, театрализованные, костюмированные представления, конкурсы, утренники, работа кружков по интересам и т.д. И на всех этих мероприятиях пропагандируются книги, проходят презентации и обзоры книжных выставок. Чтобы привлечь особое внимание детей на книги мы стараемся книжные выставки оформлять красиво, ярко. Используем различные виды выставок. Такие как выставка-развал, выставка-путешествие, выставка-игра, виртуальная выставка, выставка-викторина и т.п.

Для повышения интереса детей к чтению необходимо работать не от случая к случаю, а постоянно, всем, кому не безразлично будущее подрастающего поколения, особенно родителям и организациям, которые непосредственно работают с детьми. К сожалению, зачастую библиотекари, проявляя инициативу, идут в детские учреждения с предложениями и встречают непонимание и безразличие. Поэтому нужно поднимать эту проблему через встречи всех людей, занимающихся воспитанием детей на различных форумах, фестивалях и акциях чтения, конференциях, семинарах на республиканских и областных уровнях. Хотелось бы иметь в библиотеке произведения Абая, И. Алтынсарина, М. Алимбаева, С. Бегалина, Т. Дауренбекова, Е. Утетлеуова, М. Зверева и т.д. с интересными яр-

кими иллюстрациями, небольшого формата, рассчитанные для читателей младшего возраста.

В 90-е годы издательством «Жалын» было выпущено несколько сборников под общим названием «Бастау», в которых напечатаны лучшие детские повести, рассказы и стихи. Думаю, настало время выпустить издательствам эти и другие детские произведения каждого автора отдельными красочными небольшими книжками, в различном формате, как российские книги (книжка-театр, книжка-игрушка, музыкальная книжка).

У нас в библиотеке большой популярностью среди детей пользуются произведения М.Алимбаева, но есть одно но... Его книги выпущены толстыми изданиями, и в основном берут эти книги руководители детского чтения (учителя, воспитатели, родители). А если его стихи выпустить с учетом возраста детей, с иллюстрациями, то дети с удовольствием заучат стихи поэта, представляя каждое действие героев. Очень популярны среди детей книжки серии «Сен білесің бе?» «Шығыстың ұлылары», «Ақылды ертегілер», «Анаммен оқып үйренемін», «Қазақ ертегісі», но их мало.

3. Моими первыми прочитанными книжками были стихи и сказки про «Таню, которая плачет, уронив мячик», «Муху Цокотуху», «Злодея-Бармадея», «Бычка, который идет и качается» ...

ПУТЕШЕСТВИЕ ПО КНИЖНЫМ ВОЛНАМ



Костанайская областная библиотека для детей и юношества им. И.Алтынсарина была основана 1 июля 1958 г. с книжным фондом 3 тыс. экз. и штатом 4 человека. Областная юношеская библиотека начала комплектовать фонд с октября 1978 г., открылась для читателей 4 января 1980 г. Имя И. Алтынсарина присвоено библиотеке 18 января 1991г.

В августе 1992 г. из двух

самостоятельных библиотек: областной детской им. А. Гайдара и областной юношеской им. И. Алтынсарина создана областная библиотека для детей и юношества им. И. Алтынсарина.

В данный момент в библиотеке читает более 11 тысяч человек, из них более 7 тысяч читателей-детей. Это дошкольники, учащиеся средних школ, средних и высших учебных за-

ведений, а также педагоги и библиотекари города. Ежегодно нас посещают более 109 тысяч человек.

Книжный фонд составляет 158 785 книг, периодических изданий и электронных носителей, из них на казахском языке - 19 709 экз.

Читателей обслуживают несколько отделов. Среди них отделы обслуживания дошкольников и учащихся 1-6 классов



(с абонементом и читальным залом, игровой комнатой), учащихся 7-11 классов и юношества (абонемент и читальный

зал), отдел литературы по искусству, информационно-библиографический, научно-методический, отдел комплектования и обработки литературы и два пункта выдачи.

Наша библиотека оснащена всем необходимым современным оборудованием - компьютерами, ксероксами, принтерами, наличие которых позволяет более эффективно и качественно обслуживать читателей. Создан электронный каталог, разработана электронная регистрационная

картотека читателей, электронные рекомендательные указатели - «Радость чтения», «Найди себя в книге, или Внимание, тинейджер!», «Литературный странник». Также читателям предоставлена возможность пользоваться электронными носителями информации, Интернет.

ОДЮБ является методическим центром для библиотек области, работающих с детьми и юношеством. Имеет сайт www.allib.org, электронную почту alb-biblio@yandex.ru.

Надежда ТЕПЛЯКОВА,
директор Костанайской
областной библиотеки
для детей и юношества
им. И.Алтынсарина



1. Насколько вы оцениваете ситуацию на отечественном рынке издания детской литературы?

2. Что, на ваш взгляд, нужно сделать, чтобы повысить интерес детей к чтению?

3. Вы помните свою первую самостоятельно прочитанную книгу?

1. К сожалению, следует отметить, что на отечественном рынке книгоиздания издания детской литературы ничтожно малы. Судить об издании детских книг в Казахстане вообще мы не в состоянии, возможно в городах Астана и Алматы, где находятся сами издательства, выпуск данной литературы и осуществляется, но в регионах, таких как например Костанайская область, в книжных магазинах такая литература практически отсутствует. Поскольку прекратили свое существование библиотечные коллекторы, то и изучение тематических планов издательств также стало невозможным. Мы порой не в состоянии проследить, какая литература выпускается.

По государственному заказу издание детской литературы также незначительно. Радует выход книг из серии «Бүлдіршін кітап-Книжка — малыш», книги на трех языках. Однако у более менее оформленной, иллюстрированной книги достаточно высокая и цена.

Потребность в отечественной детской литературе

есть, однако она пока не удовлетворяет спрос.

2. Детское чтение является на сегодняшний день очень актуальным. Для повышения интереса детей к чтению, прежде всего, необходимо поднять престиж книги и чтения в сознании ребенка, а именно, рассказывать детям о ценности детского чтения, показывать связь чтения с их успехами в учебе и в других делах, приводить примеры положительного влияния книги на вашу собственную жизнь или жизнь других людей, чтобы ребенок чаще видел (и на телевидении в том числе) людей читающих. Привлекать к этому процессу родителей.

Уделить особое внимание детским библиотекам, их размещению, дизайну, в библиотеке ребенок должен чувствовать себя комфортно.

Как совет книгоиздателям: доступность литературы для разного возраста, наличие иллюстративного материала, гуманное содержание, доступность по стоимости.

МИР детского чтения

Карагандинская областная детская библиотека им. Абая была образована в 1953 году и размещалась в маленьком помещении в гимназии №1. В 1954 году библиотека переехала в здание, где находится и до сих пор - по проспекту Бухар Жырау, 30. В том же году ей было присвоено имя великого казахского поэта и просветителя Абая.

способствует удовлетворению читательских запросов детей в полном объеме. Использование в работе информационных технологий и Internet позволяет привлечь в библиотеку новых читателей.

Массовые мероприятия проводятся с применением основ педагогики: игровые формы проведения, наглядность, занимательность. Каждый ребенок талантлив, надо только помочь ему раскрыть свой талант. В этом детям помогают наши кружки: «Кел қазақша сөйлесейік», «Умная книга, бумага и карандаш», ИЗОстудия «Палитра». Все они направлены на воспитание патриотизма; привитие интереса детей к отечественной истории, литера-

отекари уделяют возрождению традиций семейного чтения. Ведется плановая работа с родителями, для них проводятся специальные беседы. Вместе с детьми они участвуют в мероприятиях библиотеки.

Мы тесно сотрудничаем с детскими домами, детскими садами, школами-интернатами, средними школами и другими учебными заведениями города.

Особое внимание уделяется работе с детьми дошкольного возраста и, в первую очередь, с детьми из детских домов и школ-интернатов. Для проведения массовых мероприятий привлекаются творческие коллективы карагандинских театров, писатели и композиторы города, книготорговые организации.

Деятельность библиотеки освещается в городских и республиканских СМИ, что способствует повышению нашего имиджа.

Сегодня ОДБ им. Абая – это одна из старейших и крупнейших библиотек Казахстана с фондом более 200 тыс. экземпляров. Ежегодно библиотека обслуживает более 17 тыс. читателей.

Работа здесь проводится по таким программам, как «Дети Казахстана», «Культурное наследие», «Читающий Казахстан».

В библиотеке функционируют шесть отделов, обслуживающих детей с 3-х до 14 лет. При этом акцент делается на учет возрастных особенностей ребенка. Совершенствование индивидуальной работы спо-

туре и культуре; развитие их творческих способностей; формирование здорового образа жизни и др.

Большое внимание в своей работе библи-






ОДБ им. Абая осуществляет методическое руководство библиотеками области, работающими с детьми.

С библиотечными новостями можно ознакомиться на сайте www.odb-abai.kz, информация о планах нашей работы представлена в ЭДБ «Весь мир в детской книжке».

Нуржамал ДЖАЙЛЫБАЕВА,
директор областной детской
библиотеки имени Абая
(г. Караганда)



1. Насколько вы оцениваете ситуацию на отечественном рынке издания детской литературы?
2. Что, на ваш взгляд, нужно сделать, чтобы повысить интерес детей к чтению?
3. Вы помните свою первую самостоятельно прочитанную книгу?



1. На мой взгляд, рынок изданий детской литературы в Казахстане динамично развивается. Хорошо представлена литература справочного и энциклопедического характера казахстанской тематики, литература для дошкольников, для внеклассного чтения на казахском и русском языках, но ассортимент изданий оставляет желать лучшего. И, конечно, тиражи должны быть больше в разы.

2. Нужно возрождать традиции семейного чтения. Учить самих родителей, тех, у кого дети еще «под стол пешком ходят», читать ребенку те книги, которые ему необходимы в его возрасте.

Необходимо издавать достаточное количество качественной, недорогой детской литературы для детей дошкольного и младшего школьного возраста на казахском и русском языках.

Создать сеть пунктов по выдаче детской литературы для дошколят в развлекательных центрах, супермаркетах и др.

3. Да, это была сказка К. Чуковского «Чудо-дерево». Произведения Чуковского написаны таким языком, который для ребенка является «своим», «детским», поэтому дети так любят и быстро запоминают их. Своим внукам я часто читаю книги Чуковского, но больше читаю им сказки и детские стихи на казахском языке.

**Әкім ЫСҚАҚ,
Қазақстан
Жазушылар
Одағының мүшесі,
балалар ақыны,
сазгер**



1. Қазіргі балалар кітапхана-сына көңілім толады деп айта алмаймын. Себебі, көбінесе Ресейдің және басқа шет елдерден келген кітаптардан аяқ алып жүре алмайсың. Ал отандық баспалардан жарық көрген кітаптарды кездестіру қиын. Олардың саны өте аз және қымбат. Энциклопедияларға ұқсаған үлкен кітаптардың ішкі мазмұны таяз әрі бағасы шарықтап тұр. Менің ойымша, біздің кітапханаларға ұлттық нақыштағы балалар сүйсініп оқитын қызықты дүниелер, шағын кітаптар керек. Мұның балалар ұғымына жақын, тілі жатық

болуы шарт. Басты бағыт: мазмұн мен мағынасында. Ең маңыздысы, Отанымызды сүйге тәрбиелейтін, рухы биік дүниелер болса деймін. Бұл – өте ауқымды мәселе. Бізде балалар кітапханасымен қатар, сапалы өнім шығаратын баспалар да жоқтың қасы. Бұның бәрі арнайы жүйе, арнайы саясатты қажет етеді. Сондықтан мұны мемлекет қолға алып, арнайы шұғылданса мәселе шешімін табар еді.

2. Бар көңілді көншітпейтін де, ойландыратын мәселетағы сол дүниелердің аздығында. Қазіргі «Балдырған», «Айгөлек» сынды балалар басылымдарының қатарын өзге де журналдармен көбейтіп, санын арттырып, оларды бүкіл қазақстандық балалардың оқуына жағдай жасау керек. Біздің бала кезімізде-

гі «Қазақстан пионері» сияқты балалардың сүйіспеншілігіне бөленетін басылымдар қайда? Оларға алуан түрлілік жетіспейді. Біздерде көп басылымдардың жүйесі мен мазмұны бірдей. Ал, бұл өз алдына балаларды жалықтыратынын ұмытып кетеміз. Бір жаңалық ашуға немесе ерекше қызықты нәрселерді дүниеге келтіруге тырыспаймыз. Жұмыс жасап жатқан бір журналдың ізіменен екіншісін алып кете береміз. Міне, осындай жайттарды мемлекет қадағалап, талаптар қойып отырса ғой, барлығы өзгеше болар еді.

3. Әрине, есімде. Ол бесінші сыныпта оқыған барлығымызға таныс Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожасы» болатын. Қожаны жақсы көрмейтін, танымайтын бала жоқ. Ол – қазақ балалар әдебиетіндегі қайталанбас кейіпкер.



**Нұртас АХАТ,
ф.ғ.к., Ж. Мусин
атындағы
педагогика
колледжінің
директоры**

1. Бүгінгі күні жалпы балалар кітапханасы бар. Бірақ ол жас бүлдіршіндерге қызмет жасап жатыр деп айту – жалғандық. Рас, бұрынғы кеңестік жүйеден қалған әр қалада бірді-екілі балалар кітапханасы бар. Алайда олардың формасы болғанмен, мазмұны жаңармаған. Екіншіден, бүгінде балалар кітапханасына ешкім бармайды. Кітап култы жоғалған, мүлдем жоғалған. Отбасындағы кітап оқу мәдениеті мен бүлдіршіндерге ата-әже, әкешеше тарапынан ертегі, суретті

кітапшалар оқу дәстүрі де некен-саяқ сақталған. Үшіншіден, бүгінде кітапханаға қаражат қалдық принципімен бөлінеді, өлместің күнін көріп отыр. Кітапхана жүйесі ХХІ ғасырдың ақпараттық технологиясын толық енгізе алмай жатыр.

2. Біз «Балдырған» журналымен тәрбиеленіп өстік. Тіпті есейгенде де осы журналды оқу әдетінен арылмадық. Бүгінде қазақ тілінде шығатын балаларға арналған оннан аса басылым бар. Ол аз ба, көп пе мен айта алмаймын. Бірақ бәрі де ізгілік мақсат қойып, еңбек етіп жатыр. «Айгөлек», «Балбұлақ» басылымдарының бағыты ұнайды. Барлық басылымды саралап, талдап көргенім жоқ. Бәрі де бүгінгі қазақ баласына қызмет жасап жатыр деп ойлаймын.

3. Шынымды айтсам, ең алғашқы оқыған кітабым есімде қалмапты. Себебі, есімізді толық білмей, әліпті таяқ деп білгеннен бастап кітап оқып кеттік. Есімді еміс-еміс білгенде жездемің әкесі – Ханафия қария керуеттің үстінде күн ұзақ сыбырлап, төте жазумен кітап оқып отыратын. Ал бастауыш мектепте оқығанда мектептен шығысымен кітапханаға жүгіретінбіз де, қолға түскен мұқабасы жұқалау кітапты алып, кешке дейін оқып бітіріп, кітапханаға алып келгенде кітапханашы ағай: «Ау, кітапты 2-3 күнге алады, алған күні тапсыруға болмайды», – деп бәйе-шәйесі шығып жататыны есімде қалыпты. Әйтеуір, 6-7 сыныпта ауыл кітапханасында біз оқитын кітап таусылып қалғаны анық.

1. Балалар кітапханасының артықшылығы мен кемшілігі жайлы ашығын айтсаңыз?!
2. Балаларға арналған басылымдарға көңіліңіз тола ма?!
3. Сіздің алғашқы оқыған кітабыңыз есіңізде ме?!

ҮШ САУАЛ



Раиса ШЕР,
председатель Комитета
по охране прав детей МОН РК

1. В настоящее время ситуация на казахстанском книжном рынке не является секретом. Проблемы чтения и издания качественной детской литературы сегодня встали в один ряд с важнейшими государственными задачами сохранения и развития национальной культуры и обеспечения безопасности страны.

К сожалению, рыночный спрос на книги в Казахстане в значительной степени удовлетворяется издательствами соседней России. Чтобы в этом убедиться, можно зайти в любой книжный магазин и посмотреть, какая литература там есть. Естественно, что конкурировать с ними казахстанским издательствам очень сложно и по цене, и по ассортименту.

Поэтому на сегодняшний день для нашего государства очень важной является активная популяризация творчества казахстанских писателей и развитие издательской индустрии.

Проведенные исследования показывают, что 99 % детей 10-14-летнего возраста читают книги, 73 % - журналы, 59 % - газеты. Основная доля респондентов вышеназванного возраста (43 %) отметила промежуток

времени от 1-5 часов в неделю или 43 минуты в день, и лишь 11 % детей читают в неделю более 10 часов. 90 % детского населения тратят на чтение журналов до 5-ти часов в неделю, 70 % детей тратят на чтение газет до 1 часа.

Таким образом, положение дел с детским чтением в стране оставляет желать лучшего, а ведь от состояния чтения в стране зависят духовное здоровье и будущее нации. Более того, некоторыми социологами чтение рассматривается как «чуткий показатель состояния общества». Детское чтение можно рассматривать не только как индикатор состояния общества, но и как отношение общества к своему будущему.

2. Чтение является своеобразным диалогом между человеком и книгой, требующим усердия, работы ума и сердца. Общение с книгой дает незабываемые впечатления и знания.

От того, какие книги читает ребенок, во многом зависит, каким человеком он станет. Книга воспитывает и формирует нравственные качества личности, духовный мир школьника, так как через нее происходит передача нравственных ценностей и норм от одного поколения к другому.

На мой взгляд, для повышения интереса детей к чтению нужно возродить традиции семейного чтения, чтобы общение с книгой в семье основывалось на духовном единении и сотворчестве. Для формирования интереса к чтению существуют разнообразные формы внеклассных занятий: занятие-интервью, конференции, конкурсы, литературные встречи, литературная гостиная, литературный ринг и т.д. А также одним из путей к пробуждению интереса детей к чтению является организация встреч учеников с искусствоведа-

ми, писателями и поэтами.

Министерством образования и науки Республики Казахстан проводятся различные мероприятия, целью которых является повышение интереса детей к чтению, популяризация творчества казахстанских писателей и развитие издательской индустрии.

Так, например, 1 июня 2009 года в Международный день защиты детей в городе Астане в Национальной академической библиотеке РК МОН РК совместно с МКИ РК был организован праздник «Писатели Казахстана — детям!» в рамках всеказахстанской акции «Мы — дети твои, Казахстан! Нам жить в новом мире!». Он призван привлечь внимание государственных структур, общественности к праву ребенка на культурное развитие, в том числе на детское чтение, как одной из приоритетных задач в области нравственно-духовного воспитания подрастающего поколения, популяризации творчества известных казахстанских детских писателей и поэтов; стимулировать развитие индустрии детской литературы.

Такие праздники прошли во всех регионах Казахстана и стали традиционными. В этом году 1 июня по инициативе департаментов по защите прав детей в городской библиотеке № 3 (г. Астана) была организована встреча учащихся с молодыми писателями. В г. Петропавловске в областной детско-юношеской библиотеке им. Г.Мусрепова состоялось торжественное открытие праздника «Писатели и поэты Северного Казахстана — детям», который прошел во всех районных центрах СКО. В г. Караганде на площади Дворца Горняков был организован фестиваль «Книги нашего детства».

3. Первая книга, которую я прочитала в детстве, - это «Русские народные сказки».

3 ВОПРОСА

1. Насколько вы оцениваете ситуацию на отечественном рынке издания детской литературы?
2. Что, на ваш взгляд, нужно сделать, чтобы повысить интерес детей к чтению?
3. Вы помните свою первую самостоятельно прочитанную книгу?



Тоқтарәлі ТАҢЖАРЫҚ, ақын

1. Қазіргі балалар кітапханасы туралы не айтуға болады... Иә, бар екенін еміс-еміс естіп жатамыз. Бірақ жұмыс істеу сапасы мен кітап қоры туралы көп дүниеден хабарсызбыз. Балалар кітапханасына барып, сондағы кітаптарды оқып жүрген баланы көрмедік. Бар да шығар. Бірақ, біздің білуімізше, тым аз. Тек сол кітапханаларда анда-санда мерекелік шаралар мен кездесулер өткізіліп тұратынын естіп қаламыз. Жуырда балалар әдебиетіне бейімі бар, сол бағытта шығармалар жазып жүрген бір

жігітпен әңгімелескен едім. Оның сөзіне сенсек, қазақ балалары біздің ақын-жазушылардың шығармашылығына мүлдем қызықпайтын көрінеді. Көбісі «Гарри Поттер» мен «Өрмекші Адамды» көргісі, соларды оқығысы келеді. Неге? Бізде балалар жазушысы жоқ емес қой. Жыл сайын пәленбай кітап шығып жатады. Оны неліктен оқыта алмаймыз? Себеб, біз әлі де сол өткен ғасырдың 70 жылдарындағы шығармашылық көзқараспен немесе сол кездегі балалар танымымен бүгінгі балаларға қарайтын сияқтымыз. Сол жылдары жазылған балаларға арналған өлеңдер мен әңгімелер оқытылады. Қазіргі ақын-жазушылардың шығармаларын оқыту керек. Және өзгеше сарынмен жазылғандарын. Бұл жерде бала психологиясының өзгерісі, оның қоғамдағы орны мен әлеуметтік жағдайлардан туатын түрлі мәселелер, баланың өз заманымен өмір сүргісі келетіндігі, демек оның танымына жаңашылдық төн екендігі және басқа да жағдаяттар ескерілмейтін сияқты. Ал кітаптың жарнамасы, мұқабасының безендірілуі, таралымы – екінші мәселе. Осыдан келіп балалар кітапханасының жұмысына да, жазушы қауымға да үлкен ізденіс керек деген тұжырым шығады. Айтпақшы, сол кітапханалардың кітап қоры қазақ жазушыларынан сырт, орыстың балалар жазушыларына сықитып орын беретінінен де хабардармыз. Айтқандай, аударма мәселесіне жіті назар аударған дұрыс. Орыс тілді орта «Гарри Поттерді» бұдан он жыл бұрын оқыса, қазақ мектептерінің балалары атымен ғана таныс. Бұл белгілі дәрежеде балалар психологиясына өз ұлтының шығармашылық қуаты туралы сын түсіреді. Қазақ мектептерінің білім беру деңгейіне күдікпен қарайтындардың саны артады. Сол үшін орыс тілділерден бұрын шетел жазушыларының таңдаулы дүниелерін аударуға тиіспіз. Тек орыстың ғана емес, қытай, ағылшын, араб, түріктердің ертегілерін, аңыздарын, мифтерін аударып, оларды қазақтың ертегі аңыздарымен шендестіре отырып оқыту анағұрлым пайдалы. Бала өз білімінің көкжиегін кеңейткен сайын, өз дүниетанымына, ұлттық образдарға да қызыға түседі. Ұлттық кейіпкерлер туралы ойлай бастайды...

2. Көңілім толмайды десем, асылық болар. Бізде бірқанша балалар басылымы бар. Бірақ, бір қызығы бөрінің мазмұны да, тақырыбы да бір-бірінен аумайды. Айырмашылық жоқтың қасы. Арнайы айдарлар ашып, жаңалықтар енгізу керек. Мысалы, тапқыр балаларды, ғалымдардың балалық шағын, ұлы адамдардың кішкентай кезіндегі армандарын деген сияқты. Шағын мысалдарды аударып берсе, қазақ батырларының балалық шағындағы ерліктерін дәріптеп отырса... Ізденгенге қаузар дүние көп. Балалар басылымдары сол мақсатқа талпынып жатқанынан хабардармыз. Әрине, үмітсіз шайтан деген...

3. Есімде. «Арқалық батыр» жырын оқыдым. Сондағы Жұбайдың тағдыры қатты әсер етіп еді. Содан кейін «Абай жолын» оқыдым. Ондағы Ііс кемпірдің ұлы Исаның боранды түнде қасқырлармен жалғыз алысып, суық өтіп қайтыс болған сәтін жылап отырып оқығаным бар... Исаның тағдыры әлі күнге толғантады...

БАЛАЛАР БАСЫЛЫМЫ



Еліміздегі балаларға арналған басылымдар қандай дәрежеде жарық көріп отыр?! Балалардың көңілінен шыға ма?! Сапасы мен мазмұны жағынан көршілес елдердің балалар басылымымен бәсекелесе ала ма?! Міне, осындай мәселелердің айналасындағы сұраққа жауап табу мақсатында балаларға арналған танымал және жаңадан жарық көріп жатқан журналдардың бағыт-бағдары туралы ақпарат беріп отырмыз. Сондай-ақ журналдардың басшылығы, балалар әдебиетіне қатысты тұлғалардан сауалнама жүргізу арқылы басылымдардың бүгіні мен болашағы жайлы пікірді сіздердің ой таразыларыңызға қалдырып отырмыз.

1. Балалар кітапханасының артықшылығы мен кемшілігі жайлы ашығын айтсаңыз?!
2. Балаларға арналған басылымдарға көңіліңіз тола ма?!
3. Сіздің алғашқы оқыған кітабыңыз есіңізде ме?!

«БАЛДЫРҒАН» ЖУРНАЛЫ ОҚЫРМАНЫН КҮТУДЕ

Бала – бауыр етің, болашағың

Бүгінгіміздің ертеңгі жалғасы, егемен еліміздің тірегі болар жас ұрпаққа имандылық ұқтырып, ұлттық рухын ояту – ортақ міндет. Осынау игі мақсатқа жетелейтін, алыс арманға алып барар жолсерік, ол – алғыр ой, асыл сөз. Ол – жан жүрегіңді тербетіп, ойыңды таразылай отырып, төгілте бейнелеп беретін сөз өнері. Ал өнер атаулының анасы – әдебиет. Арғы заманғы ауыз әдебиетінен бастау алған балалар әдебиеті – келешегімізге қызмет ететін бірегей басылым.

Бұл тұрғыда «Балдырған» журналының елу жылдан бері атқарып келе жатқан қызметі ауыз толтырып айтуға тұрарлық. Соңғы жарты ғасырда оны оқымай өскен адам жоқ. Осы жағынан «Балдырған» журналы елдің екінші, ал қазақ балалары әдебиетін қалыптастыру жолында ұлтымыздың бірінші ұстазы іспетті. Оған айғақ, «Балдырғанның» алғашқы сандарынан бастап-ақ М. Әуезовтің, С. Мұқановтың, Ғ. Мүсіреповтің және басқа да қарымды қаламгерлеріміздің шығармалары жарияланып отырғаны. Ол үрдіс күні бүгінге дейін жалғасын тауып жатыр.

Бір ескеретініміз, «Балдырған» тарихында екі-ақ редактор болды.

Олар – М. Әлімбаев пен Т. Молдағалиев сынды қазақ әдебиетінің қос тұлғасы.

Мұны айтудағы мақсатымыз – «Балдырған» журналы жарыққа шыққан кезеңінен бастап қазірге дейін бірыңғай ұлт әдебиетіне, соның ішінде балалар әдебиетіне жасап келген игі қызметін айғақтау еді.

Бүгінгідей елімізде шетел басылымдары қарша борап, ұрпақ санасын ұлтқа жат көзқарастармен бұзып, улап, өзгертіп бара жатқан алмағайып уақытта «Балдырған» балаларымызды ұлттық санада ұстауға сәл де болса септесуде деген сенімде едік. Алайда журналдың қазіргі таралымы тым аз.

Жартылай мемлекет қолдауына ие болып отырған бұл басылым қатардағы отбасылар үшін қолжетімді. Басқа барлық балалар басылымынан анағұрлым арзан.

1. Балалар кітапханасының артықшылығы мен кемшілігі жайлы ашығын айтсаңыз?
2. Балаларға арналған басылымдарға көңіліңіз тола ма?
3. Сіздің алғашқы оқыған кітабыңыз есіңізде ме?



**Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ, ақын,
«Балдырған» журналының бас редакторы**

1. Қазіргі балалар кітапханасының бұрынғы кітапханалардан артықшылығы не кемшілігі туралы еш нәрсе айта алмаймын. Бірақ кітапханаларда балаларға арналған кітаптардың көп болғанын қалаймын.
2. Қазіргі балаларға арналған басылымдарға көңілім толады.
3. Менің өз еркіммен алғаш оқыған кітабым – «Тоғыз батыр» жинағы болатын.

АТА ЖАСҚА КЕЛГЕН

БАЛА БАСЫЛЫМ

Фарица Оңғарсынова аталған мақаласында: «Журнал өзінің аға буын ұрпағының мұратты ісін жалғастырып келеді. Жас ұрпақтың осы сүйікті басылымы игі дәстүрлерге қашан да берік бола бермек», – депті. Міне, дәлелі. «Ақ желкен» айдында тура жүзген алып кемедей желкенін кеңге жайып, болашаққа тартып бара жатыр әлі. «Уақыт – кеме» десек, 85 жыл ішінде қанша ұрпақтың сүйенішіне айналған «Ақ желкен» әлі де бұрынғы қалпынан таймай, ел алдындағы міндетін абыройлы атқарып, жас жеткіншектерге рухани байлық, ұлттық тәрбие, кәусар білім беруден әсте айныған емес. Бастапқыда Қазақстан пионерлерінің рухани серігіне айналып, оларды ұлтжандылыққа тәрбиелей білген «Ақ желкен» жаңа ғасырда Қазақ жастарының баға жетпес басылымы болып талай отбасы – тәрбие берекесінің рөлін абыройлы атқарып келе жатыр. Шүкір! Енді бір сәт журнал тарихына тоқталайық!

1925-1931 жылдар. Осыдан 85-жыл бұрын Қазақ елінің Бас шаһары ұлт зиялыларының шоғыры жинақталған Орынбор даласында дүние есігін ашқан, сан ғасырлық тарихымызда балаларға арналған ең тұңғыш басылым «Пионер» еді – бұл. Алаш азаматы Ерғали Алдоңғаров дүрбелең дәуірде журнал тізгінін қолына алып, үлкен істі жалғастырды. Содан бері бұл басылым азапты да ауыр кезеңді көріп, темірдей

төзімнің арқасында ғажапты күнге жетті. Алғашында араб әліпбиімен жарыққа шыққан журналдың Қазақ даласындағы қараңғылықты жоюдағы еңбегі ерен. Балалар ғана емес, ересектердің де хат танып, хабар алуына алдымен осы «Пионер» себепкер болғанын жасыру мүмкін емес. Қазақтың тұңғыш пионерлерінің қолынан түспес серігіне айналған «Пионерді» сол заманның балғындары ауыл-ауылдарға

апарып, оқып беріп, қараңғы халықтың ілім-білім үйренуіне даңғыл жол салып берді.

Ұрпағына аты мен хаты қалған Б. Майлин, І. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин сынды әдебиетіміздің ірілері «Пионердің» авторы бола жүріп, шығармашылығын шыңдады. Жазушы Ғабиден Мұстафин: «Пионер» бірнеше ұрпақ буынын өнегеге, өнерге, білімге тәрбиеледі, үлкен қызмет атқарды. Қазір де сол жауапты міндетін жақсы атқарып келеді», – депті. Ғабендей атпал азаматтарды қанаттандырған «Пионер» енді олардың немере-шөберелеріне рухани азық болып келе жатқаны – біз үшін абырой.

1931-1937 жылдар. Қазақтың тып-типылын шығарып, қандалаша сорған, адам төзгісіз ашаршылық кезеңі еді. Бұл кезде де белі қайыспады журналдың. Енді-енді есін жинай бастаған естияр бүлдіршіндерді еңбекке баулу басты меже болатын. Журнал атауы да дәуірге сай «Екпінді жас» болып өзгертілді. Аты өзгерсе де, заты ауытқыған жоқ. Сол – бағыт, сол – міндет. Кеңес үкіметі етек-жеңін жиып нығайтып келе жатқан сол заманның балаларын пионер ұйымдарына біріктіруде

«Екпінді жас» ел өмірінде есте қаларлықтай қажетті іс жасай білді.

1937-1939 жылдар. Бұл уақытта «Екпінді жас» «Вожатый көмекшісі» атымен жарыққа шығып, бастапқы ісін жалғастырды.

1939-1941 жылдар. 1939 жылы Рамазан Амангелдин, 1940 жылы Хасен Сейілханов (екеуі де соғыста ерлікпен қазақ тапқан), 1941 жылы Сәкен Дайырбеков журналға басшылық жасады. Сондай-ақ майдан даласынан батыр қаламгерлер Баубек Бұлқышев пен Қасым Аманжолов отты шығармаларын жолдап, журналдың тұрақты авторына айналды. «Вожатый көмекшісі» бұл жылдары әдеби басылымға айналып, ел экономикасы мен қорғанысын нығайтуға арналған әдеби шығармалардың жарыққа шығуына ықпал жасай алды. Екінші дүниежүзілік сұрапыл соғыс уақытына сай балаларды әскери-патриоттық тәртіпке баулу бірінші қатарға шықты.

Балалығымен ерте қоштасып, ересектермен бірге тылда, басқа да еңбек орындарында күш-жігерін аянбауы жолында журнал олардың жан серігіне айналды. Басылым беттеріндегі қуатты әдеби шығармалар мен мақалалардан қайраттанған жасбуынның жеңісті жақындата түсуіне деген жігерін қамшылай білді. Журналдың сол кездегі сарғайған парақтарынан бүкіл адамзатты фашизмнің қаһарлы отынан құтқаруға қатысты отты шығармалары мен еліміздің жеңімпаз рухын жырлаған ақындардың қаһарман жырларын оқуға болады.

1946-1959 жылдар. Сұм соғыстың салдарынан (1941-1945 ж.ж.) журнал уақытша жабылып, 1946 жылы Нұрхан Ахметованың басшылығымен қайта жарыққа шықты. Журналдың бұл жылдардағы сандарына зер сала қарасақ, жеңістен кейінгі қазақ даласының қуанышты көз жасы мен қайта қауышқан, сағынысқан немесе қоштасқан риясыз сезімдерге куә бо-

ламыз. Сондай-ақ соғыстан соңғы шаруашылықты қайта қалпына келтіру және Қазақ тарихындағы тағы бір бейнетті шақ – тың игеру шараларының насихаты күшейтілді.

Журналды 1946-1952 ж.ж. Төкен Әбдірахманов, 1952-1955 ж.ж. Серік Қирабаев, 1955-1959 ж.ж. Рахметолла Ыдырысов басқарды. Қазақ балаларын білімге ынталандыру, өнерді сүйеге құштар қылып, жан-жақты өнеге-тәлімі бар азамат етіп қалыптастыру міндетін «Пионер» өз мойнына алып, көпшіліктің көзайымына айналды. Соғыстан кейінгі қиынқыстау күндердің ақпары жиі жазылып, бірлік пен татулыққа үгіттеу және үлгілі тәрбие беру ісі басты назарға алынды. Жеңіс жолында еңбегін сарп еткен балалардың ерлігі мен еңбектегі айтулы істері «Пионердің» (осы уақыттары журналға бастапқы «Пионер» атауы қайта беріліп, коммунизм идеясын насихаттау ісі алдыңғы орынға шықты) басты тақырыбына айналды. Бұл



жылдары қазақ әдебиетінің алыптары Х. Ерғалиев, Ә. Сәрсенбаев, Д. Әбілөвтер «Пионер» журналының тұрақты авторы ретінде тың туындыларын дүниеге әкелді. Қазақ әдебиетінің классиктері Б. Соқпақбаев, Қ. Ыдырысов, М. Әлімбаев, С. Жүнісов, Н. Серәлиев, Т. Молдағалиев, З. Серікқалиев, Ш. Смаханұлы және Ж. Кәрбозин осы редакцияда қызмет жасап, «Пионердің» балалардың сүйікті басылымына айналуы жолында жан аяп қалмады. 1960 жылдары (1959-1978 ж.ж.) бұл басылым «Білім және еңбек» журналына жол беріп, жабылып қалды.

1978-2002 жылдар.

1978 жылы мемлекеттің қолдауының арқасында «Пионер» журналы атақты ақын Фариза Оңғарсынованың басшылығымен қайтадан жарыққа шығып, жас жеткіншектердің саяси, қоғамдық-

әлеуметтік істерге араласуына жол ашып берді. Бұл жылдары журнал беттерінде соғыс пен еңбек қиыншылықтарын бастан кешкен аға ұрпақтың, өнер мен ғылым қайраткерлерінің өмірінен өнегелі мақалалар жарияланып, балғын оқырмандардың сұранысын қанағаттандыра білді. Журнал бұрын-соңды жетпеген биік белесті бағындырып, жас қаламгерлердің қаламына қанат бітірді. Сондай-ақ елімізге танымал қылқалам шеберлері мен қазақ халқының қолөнер бұйымдары, салт-дәстүрлерін насихаттауда алдына жан салмай, еліміздің түкпір-түкпіріндегі талантты балалардың шығармашылығын шыңдап, тәрбиелік жол көрсетті. Журнал аға буын ұрпақтың ұлы көшін жалғастырып, жас ұрпақтың сүйікті басылымына айналды.

Азаттық алған 1991 жылы басылымның «Пионер» ата-

уы «Ақ желкен» болып өзгертілді. 1978-1996 жылдары журналдың бас редакторы Фариза Оңғарсынова болса, 1996-2002 жылдар аралығында басылымға ақынның өнердегі сіңлісі Мағира Қожахметова бас редакторлық жасап, журнал ісін жандандыруға бар күшін салды.

2002 жылдан «Ақ желкенді» белгілі жазушы Нұрғали Ораз басқарып келеді. 2005 жылы басылымның 80 жылдығында Қазақстан Республикасының Президенті: «Ақ желкен» жас ұрпақ әлемінің айдынында әрдайым алған бағытынан жазбай, желкені жазыла жүзе берсін», – деген тілек білдірді. Аллаға шүкір, Елбасымыздың сол тілегі ақталды десе де болғандай. «Ақ желкен» ақпарат айдынында тура жүзіп, өз орнын, өз оқырманын тапқан белді басылымға айналды.



Серікбол ХАСАН,
Республикалық «Ақ желкен»
жастар және балалар журналы
бас редакторының орынбасары

1. Балалар кітапханасының артықшылығы мен кемшілігі жайлы ашығын айтсаңыз?!
2. Балаларға арналған басылымдарға көңіліңіз тола ма?!
3. Сіздің алғашқы оқыған кітабыңыз есіңізде ме?!

1. Оқушы кезімде ауылдағы кітапханаға жиі баратынмын. Кітап талғамаймын, мейлі әдеби, мейлі ғылыми болсын, әйтеуір, қандай жаңа кітап түссе де, содан кішкене болса да ақпарат алып қалуға талпынатынмын. Ауыл кітапханасының

артықшылығы, мұнда еркіндік бар. Сөрелерді емін-еркін аралап, көзіңе көрінген қызылды-жасылды, жұқа-қалыңды кітаптардың бірін қалдырмай қарап шығуыңа қарсылық жоқ. Маған сол ыңғайлы, бір жақсыны іздей жүріп одан да кереметіне жолығып қалатынымын.

Ал қалада мүлдем басқа. Өзге аймақты білмеймін, әйтеуір, Алматыда бір қуанатының – кітапхана көп. Балалар кітапханалары да бар. Көбінесе кереметті Ұлттық кітапханадан іздеп келем. Ал Алматыдағы балалар кітапханаларынан Жамбыл және Сапарғали Бегалин атындағы кітапханаларға бірнеше рет бас сұқтым. Аллаға шүкір, оқушыға керектінің бәрі бар бұларда. Кішіге қамқорлық бар. Сұраған кітабың әпсәтте алдыңа келеді. Бір кемшілігі, ауылдағыдай еркіндік жоқ. Барлық кітапханаларға қатысты кемшілік – электронды кітапхана жүйесінің жолға қойылмағандығы. Қазірғалам-тордан Пушкиннің «Парус» өлеңін іздей қалсаң, кемінде 10 түрлі электронды кітапханадан осы өлеңнің мәтінін жылдам тауып аласың. Ал Абайдың «Сегіз аяғын» неге солай таппаймыз? Амалсыз, бір өлең үшін кітапханаға баруыңа тура келеді. Міне, осы кемшіліктің орны толса біздің балалар бір жетісіп қалар еді.

2. Негізі осы сұраққа балалардың, яғни оқырмандардың өздері жауап берсе дұрыс болар еді. Егер мен осы аудиторияның мүшесі болсам, яғни бала болсам,

бірден «көңілім толмайды» дер едім. Баяғы өзімізді орыстармен салыстырамыз ғой. Олардың «Мурзилка», «А, почему?», «Карапуз», «Колокольчик» сияқты журналдарын алып қараңызшы. Бала түгіл, өзің қызығасың. Неше түрлі танымдық материалдар, қызықты ойындар, таңғажайып мәліметтер. Ең бастысы, олардың дизайны – көз қызықтырарлық, қағазы – керемет.

Әрине, біздің балаларға арналған басылымдарымызда да көз тоқтатарлық дүниелер бар. Алайда, аз. «Айгөлек» пен «Мөлдір бұлақ» жыбырлатып балалардың өздерінің дүниелерін береді. Әрине, өз дүниесін журналдан көруден артық арман бар ма балаларда?! Бірақ олар журналдан өзін емес, өзі білмейтін нәрселерді іздеу керек. Бұл жағынан «Балдырған» мен «Жыл он екі ай» журналдары едәуір алда. Әдеби, мәдени дүниелерді көп береді. Балаларға жас кезінен әңгіме-ертегі мен өлең-әннен асқан байлық жоқ. Қазақтың мол мұрасы да – осы. Қазақтың Абайы – Зере әжесінің, Шоқаны – Айғаным әжесінің ертегісімен есейді емес пе? Бәлкім, бүгінгі Абайлар мен Шоқандардың туылмауының бір себебі осында шығар, кім білген?

Бүгінде, шыны керек, ата-әженің рөлін балалар басылымдары атқарып отыр. Сондықтан балаларды «ата-әжесінен» айырмасақ екен. Кішкентайынан басылым оқыған балалардың таным-түйсігі артады, ой-

өрісі кеңейеді. Ойлап, сөйлей біледі. Орыстардың балаларын қарасаңыз, бесіктен бөлі шықпай тілі тақылдап, ананымынаны сұрап, маңайының мазасын алып жүргені. Ал біздің балаларды теледидар мен компьютерден басқа ештеңе қызықтырмаса, не кітап, не басылым оқып, тіл байлығын арттырмаса кейін одан қандай адам шығады? Сондықтан ата-аналар балаларына керексіз дүниелерді әпергенше, жыл он екі айда балалар басылымдарына жаздырса, ұрпағының ертеңі нұрлы болатынына сенімім мол.

3. Аздап, есімде. Әжем төрт жасымда үйге бір кітап алып келді. Атын білмеймін, әйтеуір іші толған – әңгіме-өлеңдер. Күн сайын соның бір бетін ашып, оқып беретін. Қайта-қайта оқып, жаттатқызатын. Біраздан соң әжем әріптерді үйретіп, сол кітаптағы әңгіме-өлеңдерді өзім оқи алатындай дәрежеге жеткізді. Бес жасымда «Балдырғанға» жаздырды. Бұл кезде мен «Балдырғанда» жарияланған дүниелерді әжеме оқып беретінмін. Сондықтан маған «Әліппенің» онша қызығы бола қойған жоқ.

Үйде пластинкалар көп болатын. Басым бөлігі – эпостық, лиро-эпостық жырлар. Соларды граммофонға қойып тыңдағанды жақсы көретінмін. Ал өзім өзім болғалы (шамасы 2-3 оқыған кезім) ең алғаш оқыған кітабым – «Көрұғлы» жыры. Қалың кітап еді. Сандықтың түбінен тауып алып, жата-жастана соны оқығанмын. Кейбір жолдарын жаттап та алғам.

БАЛБҰЛАҚ

балалардың республикалық журналы



«БАЛБҰЛАҚ» – алалардың ай сайын шығатын республикалық журналы 2002 жылдан бері жарық көріп келеді. Таралымы – 5000 мың дана. Негізгі мақсаты: Жасөспірімдерді нақты іс-әрекетке баулу, ішкі мүмкіндіктерін оятып, талантын шыңдау.

Әлемнің озық технологиясың, ғылым жетістіктерін меңгеріп, нарықтық экономика жағдайында бәрі-бәрін «Өзің жаса, құрастыр, үйрен» бағыты негізінде жас ұрпақты тәрбиелеуді «Балбұлақ» басты назарда ұстауда.

Бұған дейін басылым бүлдіршіндердің логикалық ойлау қабілетіне ықпал етсе, ендігі тұста бұған талант пен еңбектерінің көл-көсір пайда беретінін түсініп, көз ілеспес жылдамдықпен дамыған ғылым мен техника тізгінін ұстауға дайын болуын көздейді. Маңызы зор бұл мәселенің астарында ана тілі, ел жер тарихы, патриоттық рух, отансүйгіш, ұлтжандылық, имандылық қасиеттері өз-өзінен шешіле беретіні айтпаса да түсінікті.

Міне, «Балбұлақ» тоғыз

жылға жуық «Өзің жаса, құрастыр, үйрен» бағыт-бағдары бойынша жеткіншектермен тікелей тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп келеді. Авторларымыздың ең жасы – үште. Журнал оқушылардың қиялы, арманы, сан алуан сұраныстарының орындалып, жүзеге асуына жан-жақты ықпал етуде. Өзге басылымдарда кездесе қоймайтын тақырыптарды қамтуға бейім. Мұның нәтижесі де жоқ емес. Жақында С. Бегалин атындағы балалар кітапханасы кездесуге шақырды. Жас оқырмандар «Балбұлақта» жарияланған көзбайлау (фокус) тәрізді түрлі ойындарды көрсетіп, логикалық есептерді шығарғанда қатты қуандым. Журнал ұстанымы көпшілік тарапынан бірте-бірте қолдау табуда. Оқушылардың оқыс идеялары, қызықты деген жобалары жүйелі жарияланып тұрады. Ертеңгі күннің мүддесін көздеп, балалар жасап дайындаған қандай да үлгі, еңбектің айналымға өнуі үшін «Балбұлақ» жақында арнайы жоспар жасады. «Қолыңнан не келеді?», «Таңғал да

таңғалдыр», «Ойна, ойла!», «Өзің жазған ертегі», «Білесің бе?», «Оқушы ұсынған ғылыми жоба» айдарларымен берілген дүниелерді жеке-жеке безендіріп шығармақпыз. Ең бастысы, дарынды жасөспірімдердің жазған өлең, әңгіме, ертегілерінің арасынан таңдап, келешекте хрестоматиялық жинақ құрастырмақпыз. Осыны республикамыздың ұстаздарына, мектеп басшыларына ескертіп, шәкірттерінің «Балбұлаққа» ең сәтті туындыларын жіберуіне жана-шырлықпен атсалысып, жиі-жиі хабарласса екен деймін. Балаларды балалардың тілімен оқытып үйреткен әлдеқайда тиімді. Балабақша бүлдіршіндерінің, бастауыш сыныптағылардың журналымызда жарияланған оқушы шығармаларын ақын, жазушы туындыларына қарағанда, әлдеқайда тез жаттап айттып, дереу ұғып алатындарын байқап жүрмін. Балалар шығармашылығының дамып, қанатының кең жаюы – міне, «Балбұлақ» алдында тұрған негізгі міндеттің бірі. Журналымыздың «Батыр бабамен таныс» деген айдары биыл жыл бойы Ба-


уыржан Момышұлының 100 жылдығына арналды. Даңқты қолбасшы, қаһарман тұлғаның әлі де беймәлім қырлары, ұлт, тіл, туған жер, Отан, ел, салт-дәстүрге қатысты мол мұрасымен бүгінгі жас ұрпақ ұдайы танысып отыруы қажет.

Дүниеде бала табиғатының тазалығына ештеңе жетпейді. Олардың қолтаңбасы, жазуы, сызуы тұнған таңғы шықтай. Ертеңге, болашаққа сол мөлдірлігінен айырылмай жетуіне, таланттарының ұшталуына көмектесейік!

1. Балалар кітапханасының артықшылығы мен кемшілігі жайлы ашығын айтсаңыз?
2. Балаларға арналған басылымдарға көңіліңіз тола ма?
3. Сіздің алғашқы оқыған кітабыңыз есіңізде ме?



Мағира ҚОЖАХМЕТОВА,
жазушы-журналист,
«Балбұлақ» балалар
журналының бас редакторы,
Халықаралық «Алаш»
сыйлығының лауреаты



1. Бүгінгі таңда жасөспірімдердің, оқушылардың кітапоқымайтыны ашықшылыққа айналып отыр. Сондықтан балалар кітапханасы алдында тұрған міндеттің салмағы өз-өзінен түсінікті. Алайда оқу ісі бойынша тындырылып жатқан шаруалардан пәлендей хабарым жоқ. Кітапханашылар жалақысының мардымсыз екенін ескерсек, осы бір аса жауапты саланың үкімет тарапынан да, көпшілік тарапынан да томаға-тұйық, оқшау қалғанын аңғару қиын емес. Әсіресе, ауылдық, шалғай мекендерде кітаппен жұмыс істейтіндей жағдай шамалы. Бөрінің орнын әр алуан деңгейдегі түрлі телебағдарламалар толтырып отыр. Бір өкініштісі, ресейлік арналар төрімізді билеп төстеп барады. Жаңадан ашылды деп мәз болған «Балапан арнасы» да кілең аудармадан көз ашпайтын сыңайда. Осыған қарай, кітапханаға деген сұраныс бірте-бірте жойылып кете ме деген күдігім бар. Кітап оқымайтын баланың сөздік қоры жұтан, өз ойын еркін білдіре алмайды, мінез-құлқы да жағымды қалыптаспайды.

Балалармен тікелей жұмыс жүргізгендіктен жиі араласамын, сондайда ертегі, көркем шығарма оқитындарының жан дүниесі мүлдем өзгеше, сүйкімді болатыны бірден байқалады. Кітаптың жастарды тәрбиелеудегі мән-маңызын түсінгенімізбен оның жаппай халықтық сипатты иемденіп, жүзеге асырылу жолын көре алмай отырмын. Тығыз қарым-қатынаста болғандықтан ба, біз үшін Алматыдағы Сапарғали Бегалин атындағы мемлекеттік балалар кітапханасы – нағыз білім ошағы. Қала мектептерінің шығармашылыққа бейім оқушыларын осы жерден тауып, журналды жасап дайындауға баулып жүрміз. Мұндағы мамандар – біздің арқа тұтар тірегіміз, жанашыр көмекшіміз.

2. Қазақстанда шығатын балалар басылымдары жыл сайын көбейіп келеді. Әрқайсысының өз орны бар. «Айгөлектің» таралымын жалғыз жүріп көбейтіп, бұрын соңды басылым тарихында кездеспеген құбылыс жасаған Қымбат Әбілдеқызының ізденісіне қызыға қарап, ерекше бағалаймын. «Жыл – он

екі айды» жаңартқан Талғат Айтпайұлының да еңбегі ерен. Балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, өмірден ертерек озған Қаржаубай Омарұлының «Асыл сөзінің» жалғасын тапқаны қуантады. Қанша газет-журнал шықса да балалар үшін көп емес деп ойлаймын. Бұларға жазылуға билік орындары да көмектессе, қандай жақсы болар еді! Әдетте белгілі бір тізімге ілінген басылымдарға ғана назар аударатынын жыл сайын көріп біліп жүрміз. Әрбір балалар басылымы осы тізімге енуі тиіс.

3. Есімде. Қарашілік ауылы кітапханасынан бірінші классты аяқтаған соң өзім барып «Шуақты» деген кітапты алып оқыдым. Авторы татар жазушысы ғой деймін, есіме түсіре алмай отырмын. Орыс, татар балаларының достығына арналғаны ғана емес-емес есімде. Сол жұп-жұқа кітаптың әсері жадымда мәңгі сақталыпты, маған таңғажайып әлемнің есігі ашылған еді. Бүгінгі балақайларға да алғаш оқыған кітабы осындай әсер етсе ғой, шіркін!



И

стория газеты – это хронология жизни нашей страны за последние семьдесят пять лет в событиях, в лицах. 77 лет в масштабах истории – ничтожно малый срок, а в масштабах человеческой жизни возраст солидный. Страна претерпела значительные изменения. Газета «Дружные ребята» всему этому была живым и активным свидетелем. Газета проводила многочисленные акции в защиту животных, окружающей среды, помощи ветеранам войны и труда, спортивные и куль-

турные мероприятия. Обо всех этих мероприятиях наша газета рассказывала, что называется, «из первых уст», т.е. через заметки юных корреспондентов, многие из которых стали известными людьми не только в нашей республике. Будучи детьми у нас публиковались Олжас Сулейменов, Жания Аубакирова, Ермек Серкебаев... Друзьями нашей газеты были Дмитрий Снегин, Максим Зверев, Срым Кудерин...

«Дружные ребята» всегда отличались крепким жур-

налистским составом. В свое время здесь трудились известный политик Татьяна Квятковская, знаменитый российский общественный деятель Андрей Коротков, талантливый художник и аниматор Владимир Кадырбаев, писатель и драматург Адольф Арцишевский, поэт Александр Соловьев, замечательная детская писательница Светлана Бачинская. Многие годы газету возглавляла Светлана Луценко.

Бывших наших юнкоров – Елену Гуринову, Карлыгаш Еме-

нову, Максима Золотухина, Хельчу Исмаилову, Ирину Баженову, Андрея Филимонова, Мади Мамбетова, Ажар Сабралиеву и многих других сегодня с полным основанием можно причислить к «золотым перьям» нашей страны.

Сейчас в редакции творят

три Оли - Иркегулова, Гумирова и Рыбкина. Великолепное «триО». Все они удостоены высокого звания «Деятель культуры РК». А впереди у коллектива редакции планов громадье. И все на благо подрастающего поколения республики.

Альмжан АКБАРОВ,
главный редактор
республиканской газеты
«Дружные ребята»,
Деятель культуры РК



1. Для детей каких возрастов предназначено ваше издание?
2. Как давно выходит ваше издание?
3. Какие проблемы, вопросы вы затрагиваете на его страницах?



1. Согласно Конвенции о правах ребенка, ребенком признается лицо, не достигшее 18 лет. Поэтому среди читателей нашей газеты есть и малыши, которые только-только обучились грамоте, и старшеклассники. Разумеется, наиболее активными подписчиками и авторами являются школьники среднего звена.

2. Республиканская детская газета «Дружные ребята» выходит в свет с 4 февраля 1933 года. Сначала издавалась под названием «Пионер Казахстана», а после Великой Отечественной войны стала приходить к читателю под сегодняшним названием - «Дружные ребята».

В 2008 году наше издание с 75-летним юбилеем тепло поздравил Президент нашей страны Нурсултан Абишевич Назарбаев.

— Сердечно поздравляю коллектив редакции и всех юных читателей «Дружных ребят» с 75-летним юбилеем вашего издания.

На материалах вашей газеты выросло не одно поколение казахстанцев. Сегодня вас читают внуки и правнуки тех, кто в далеком 1933 году получил первый номер газеты. «Дружные ребята» всегда были в гуще важных и интересных

событий, происходящих в жизни казахстанских школьников.

Славный путь газеты и ее коллектива отмечен государственными и другими наградами, но самой главной заслугой «Дружных ребят» остается живой интерес к родному краю, искренняя любовь к Отчизне, которые вы пробуждаете в сердцах наших детей.

Надеюсь, что, несмотря на свой «солидный» 75-летний возраст, газета по-прежнему будет оставаться такой же юной, веселой и интересной. Желаю журналистам «Дружных ребят» творческих успехов, новых достижений и побольше дружных ребят-читателей, — написал в своем приветствии Н.А. Назарбаев.

3. Все эти годы газета была рядом с детьми. Много изменилось, но есть непреходящие ценности: доброта, честность, смелость, уважительное отношение к старшему поколению, желание приносить пользу окружающим, любовь к Родине, долг перед ней. Все это, как и много-много лет назад, газета старается воспитывать в своих читателях и сегодня.



школа», «Паутинка слов».

Кроме того, для читателей журнала «Шуша» разработан ряд конкурсов – «Шушины поэты» и «Нарисуй сказку», предусмотрен конкурс и для родителей – «Мамина сказка». Для выбора наиболее актуальных тем, входящих в программу дошкольного образования, редакция журнала тесно сотрудничает с методистами детских дошкольных учреждений.

В ноябре 2006 года журнал «Шуша» принял участие в Международной профессиональной выставке «Пресса-2007», которая прошла в Москве. На выставке были представлены СМИ из всех регионов России и стран СНГ. Казахстан представлял наш журнал. Мы принимали участие в подобной выставке впервые. Тем приятнее было присуждение журналу Почетного знака «Золотой фонд прессы-2007».

Втором идеи создания нового казахстанского детского журнала и персонажа Шуши является сказочница Елена Быстрицкая. На страницах журнала публикуются произведения известных детских авторов из

России, Белоруссии, Украины, Израиля и США. Их произведения размещаются в основных рубриках: «Нескучные истории», «Маленький детектив», «Путешествие Шуши», «Изучаем казахский язык», «Шушина

Мария СЕРОВА,
главный редактор
детского журнала
«Шуша»



1. Для детей каких возрастов предназначено ваше издание?
2. Как давно выходит ваше издание?
3. Какие проблемы, вопросы вы затрагиваете на его страницах?

1. Наш журнал предназначен для детей дошкольного и младшего школьного возраста.
2. Мы выходим уже 5 лет - с апреля 2005 года.
3. Наш журнал носит исключительно развлекательно-познавательный характер.



«МЕНИҢ АЛҒАШҚЫ КІТАБЫМ» СЕРИЯСЫ

Қазақ балалаларының болашағы үшін барлық мүмкіндіктерді қарастыра отырып, қазақтың қазақ болуына қомақты үлес қосып келе жатқан бірегей жанашыр – Алтынбек Әбішев. Алтынбек – көптеген ұлттық инновациялық жобалардың авторы.

Ол өзі негізін қалаған «AltinSOFT» сауда белгісі мемлекеттік тілді балаларға үйрету үшін сөйлейтін суретті кітаптар жасауға ең бірінші болып қол жеткізіп отыр. Бұл өнімдер «Менің алғашқы кітабым» сериясы бойынша 30 түрлі атаумен шығарылды. Он бес мың данамен басылған инновациялық кітап еліміздің балабақшаларына тегін таратылды. Сөйлейтін кітап бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне қарай үш сатыға бөлінеді. Жыртылмайтын қағаздан жасалған туындының бала психологиясына әсері де талапқа сай келеді. Осындай оқу құралдары арқылы тіл үйренуді қазіргі таңда Ұлыбритания мен Израиль елдері ғана қолданып жүр. Біздің ел – әлемдегі үшінші мемлекет.

1. Балаларға арналған қазіргі кітаптар қандай болу керек деп ойлайсыз?!
2. Балаларға арналған басылымдарға көңіліңіз тола ма?!
3. Сіздің өз еркіңізбен алғаш оқыған кітабыңыз есіңізде ме?!

Алтынбек ӘБІШЕВ,
«Тіл жанашыры» қоғамдық
бірлестігінің төрағасы



1. Балаларға арналған әдебиет – тәрбиенің басты құралы, идеологияның негізгі көзі. Қазақстандағы балалар кітапханаларында кеңес үкіметі кезінде жарық көрген әдебиеттер қатары көбірек деп санаймын. Оған себеп, ол кезеңде балалар әдебиетіне бүгінгі күнге қарағанда

көбірек көңіл бөлінді. Қазіргі кезде балаларға арналған кітаптарға жүктеліп жатқан міндеттер замана талабына қарай өзгеріп келеді. Бүгінгі бала ақпарат көздерінің көптігінен яғни теледидар, компьютердің берген ақпаратына көбірек жүгінетіндіктен, кез келген кітапты қолына ала бермейді.

Сондықтан да балалар кітаптарына қызықтырушы элементтерді көбірек қосуға тура келеді. Ол: дизайн жағынан әдемі безендірулер, түрлі-түсті суреттер, дыбысталу құралдары т.б.. Сол себепті бүгінгі кітап нарығында көрші елдің түрлі безендірулермен көздің жауын алатын кітаптары көбірек сұранысқа ие болып отыр. Бұл өз кезегінде олардың әлі де болса өзге тілді үйреніп, өзге менталитетті қабылдауына жол аша бермек. Біздің компания да осы сұранысты ескеріп, алғаш рет қазақ тілінде «Менің алғашқы кітабым» атты сериямен сөйлейтін суретті кітаптар шығарды. «Аңдар», «құстар», «көкөністер», «жемістер», «сандар», «түстер» тәрізді атаулардан құралған кітаптардың баланың бастапқы сөйлеу тілін қалыптастыруда ықпалы ерек-

ше. Осы кітаптардың арқасында бірқатар бүлдіршіндердің ата-аналарының көмегінсіз тыңдау арқылы сөйлеп кетіп жатқан жайттарды жиі кездестіреміз. Арнайы дыбысталған түймені баса отырып, сол жердегі суретті іздеп табу да баланың логикасын дамытады. Болашақта да осындай дүниелер қатарын қазақ ақындарының өлеңдерімен, қысқа әңгімелермен, ертегілермен толықтырмақ ойымыз бар.

2. Біріншіден, бізде балаларға арналған басылымдар өте аз. Екіншіден, сапалары сын көтермейді. Бүгінгі балаға арналған басылым полиграфияның соңғы мүмкіншіліктерін қолданған, суреттері сапалы, бояуы қанық болуы керек. Бірақ барлық басылымдарымыз бірдей бұл талаптарға жауап бере алмайды. Ал енді ішіндегі мазмұнына

келсек, балаға жазылатын дүниелер тілі жеңіл, бала қиялын дамытатындай болса, оқырманы да көбейер еді. Сондықтан да балаға арналған шығармаларды сыншылардан құралған кеңес сараптап тұрса дұрыс болар еді.

3. Менің балалық шағым да өзге замандастарым тәрізді теледидардан арагідік бір мультфильм көрсек мәз болатын, яғни кітап оқымасаң, уақытың босқа өтіп, іш пыстырар кезеңде өтті. Ол кезде ешкім күштеп таңбай-ақ кітапты қалауымызбен қызығып оқитынбыз. Бала күнімнен қолыма түскен ертегі кітаптың бірін қалдырмай оқыдым деп айта аламын. Есімде қалғаны – Ыбырай Алтынсариннің «Таза бұлақ» атты кітабы. Әңгімелері қызық әрі қысқа болғандықтан, оқуға да жеңіл әрі қызықты болатын.





Знакомство с волшебными

букВами

Книга, и особенно детская, является основой духовной культуры, средством межличностного общения, эмоционального и умственного развития человека, формирования личности. Поэтому важно с ранних лет приобщать детей к искусству чтения, к книжной культуре.

Однако при этом упускается из виду тот момент, что восприятие и осознание читаемого происходит не только в процессе перелистывания страниц, углубления в книжное пространство, но и при рассмотрении иллюстраций. Один из специалистов в области детской книжной иллюстрации, Франтишек Холишевский сказал: "Если раньше иллюстрации лишь украшали книгу и сопровождали ее текст, то сегодня они связывают ее с изобразительным искусством и вводят в мир изобразительного искусства так же, как текст книги вводит в мир литературы". В то же время нередко отмечается еще одно немаловажное обстоятельство - существование "обратной связи" — привлечение к книге через иллюстрацию. Ведь не секрет, что младшие школьники отдают предпочтение красиво оформленным книгам.

Детские книги призваны сделать детей лучше, объяснить им простые, но необходимые истины. А картинки в книге - это первое, что рассматривает ребенок. Поэтому по иллюстрациям можно судить о времени и о том, что такое хорошо, и что такое плохо.

В нашей стране в области издания детских книг широко известно издательство «Шикла», которое за много лет работы завоевало интерес маленьких и доверие взрослых казахстанцев. И сегодня вниманию наших читателей мы предлагаем интервью с директором издательства Людмилой Кирилинской.

- Людмила Всеволодовна, ваше издательство уже много лет работает на рынке издания детской литературы. Есть изменения, сдвиги по сравнению с тем временем, когда вы начинали?

- Наше издательство существует на рынке издания детской литературы уже 20 лет. И, конечно же, время вносит свои коррективы. Если в начале нашей деятельности мы издавали книги на одном языке, то сегодня, в поддержку программы нашего уважаемого Президента Н.А. Назарбаева по билингвизму и трилингвизму, мы выпускаем наши книги на двух и трех языках (каз., англ. и рус. яз.). Стараясь идти в ногу со временем и техническим прогрессом, мы выпустили мультимедийный проект по изучению казахского алфавита в DVD-формате. Чтобы заинтересовать наших современных маленьких читателей мы каждый год выпускаем новую литературу, увеличивая ассортимент и расширяя кругозор детей.

- Расскажите о продукции вашего издания. Для детей с какого возраста они предназначены?

- Книги нашего издательства предназначены для детей от 3 до 15 лет. Для малышей мы разработали серию обучающей литературы, которая включает в себя раскраски, рабочие тетради по изучению казахской и русской грамоты, дидактический материал и рабочие тетради по математике, плакаты с алфавитом. По книгам «В мире волшебных букв и слов» и «В мире волшебных фигур и цифр» начинается первое

«волшебное» знакомство с миром букв и цифр. В этом году мы готовим к выпуску серию тетрадей по изодейтельности (лепка, рисование, конструирование и аппликация) и по математике с методическим материалом в помощь воспитателю. По возрасту эти тетради делятся от 3 до 4 лет, с 4 до 5 и с 5 до 7 лет.

Большой выбор книг для детей дошкольного и младшего школьного возраста - это и обучающая литература (репетиторы казахского и русского языков и др.) и серия художественных познавательных книг различной тематики (история, экология, космос, культура, сказки, фантастика и др.).

Отдельно хочу отметить серию книг «Королевство трех языков» по изучению казахского, английского и русского языков.

- Как вам удается завоевывать внимание маленьких читателей? Ведь известно, что ваши книги пользуются большой популярностью и среди детей, и среди взрослых.

- Во всех наших книгах и рабочих тетрадях присутствует игровой момент, т.е. обучение и закрепление пройденного материала происходит в игровой, непринужденной форме. Принцип «учить – играя» себя оправдывает. Дети легко и быстро запоминают материал, процесс обучения становится ярким и веселым.

- Отдельной темой в издательском деле является иллюстрирование, тем более когда речь идет о детских книгах. На ваш взгляд,



насколько иллюстрации в книгах влияют на интерес к самой книге?

- Иллюстрация – это достаточно важный момент в оформлении книги. Она повышает интерес, развивает фантазию ребенка, поэтому она должна быть красочной и красивой.

В заключение, я хотела бы сделать небольшое обращение к родителям. Уважаемые родители, дедушки, бабушки и воспитатели, очень важно дать ребенку хорошее, качественное образование и начинать нужно с раннего возраста, когда ребенок как «чистый лист бумаги» готов к восприятию информации. Именно в этом возрасте - с 3 лет - важно привить ребенку интерес к образовательному процессу, заложить основу для дальнейшего обучения. Ведь наши дети – это оплот нашей старости и будущее нашей страны.





СІЗ БАЛАҢЫЗДЫ ЖАҚСЫ КӨРЕСІЗ БЕ ?!

Бұл сұраққа ойланбастан «иә!» деп жауап бересіз. Кім баласын жек көреді дейсіз... Ал қалай жақсы көресіз?! Мәселе осында... Балалар... Біздің нұрлы бақытымыз – балалар.

Біздің байбалам салып, жамырай сөйлеп, жарыса айтып жүрген БОЛАШАҚ деген ұғымның құдіретті бастауы.

Болашағымыз балаларымыздан басталады. Бала десек ішкен асымызды жерге қойып, танауымыз желбіреп жанталасамыз. Бала десек... Жүрегіміз гүл тілінде ән айта жөнеледі. Бұл – Жаратушының ерен сыйы. Махаббаттардың ұлысы. Қазақтың баласы – Қазақтың жан-жүрегі. Бала – Сіздің Өміріңіз, Қазақтың Өмірі. Біз Өмірімізді қаншалықты құрметтейміз?! Иә, бұл сұрақ Сізді де, бізді де қинайды. Жасыратын ештеңе жоқ. Шындықтың аты – шындық.

портреттері, руымыздың көсемдері т.б) кітаптар үшін ақшамызды аямай төге саламыз. Мүмкіндігіміз болса, жүз мың да-намен шығарғымыз келеді. Содан кейін ол кітапты тегін таратамыз. Сол баяғы алжыған, мыжыған мақтан. Ал келер шақ қайда?! Бұлдыр-бұлдыр... Өміріміздің жалғасы үшін яғни, балаларға арнап суретті, қызықты, тартымды, озық идеялы, заманауи, қазақи кітаптар шығаруға неге құлықсызбыз?! Неге а?! Егер Сіз маған

Адамзаттың игілігі үшін маңдайын ұстап, маңызды проблемалардың түйінін шешуге ғашық болып өткен барлық ғұлама ғалымдар баланың қай нәрсеге болсын аса зейінді көзін 3-5 жас және 7-13 жас аралығы деп дәлелдейді. Бұны ақын бабаларымыз бесенеден білген. Оны ұлттық педагогикадан, ауыз әдебиетімізден білеміз. (Білмесеңіз оқып алыңыз. Оның еш сөкеттігі жоқ.) Біздің ұлттық тәрбиеміз қасиетті Құран Кәрімнің қағидаларындай өте жүйелі. Бірақ, өкініштісі кешегі керітартпа Кеңестік қызыл пиғыл мен жалаңдаған жат тәрбие ұлттық тамырымызды улы идеологиясымен суарғаны... (Бұл өкініш айтыла-айтыла жауыр болған, сонда да қайталап айтқым келіп отыр, құрметті оқырман.) Сол уланған тамырдан нәр алған бірнеше буын әлі мас. Ұлттық намысымыз әлем алдында абыройы төгіліп әлі мас күйінде сенделіп жүр. Оның дәлелі – бесік жырын білмейтін жас ана; баласын орысша тәрбиелегісі келіп тұратын жас әке; немересіне ұлттық ертегі айта алмайтын заманауи «аташка» мен «әжека»; содан кейін қазақша жазылған балалар кітабын таппайтын санасы сергек, елдің болашағын ойлайтын есі дұрыс ата-аналар. Құрметті оқырман, бала – Сіздің Өміріңіздің жалғасы, Қазақтың Өмірінің жалғасы. Қазақ өз Өмірін қаншалықты қадірлейді?! Иә, бұл сұрақ Сіздерді де, біздерді де қинайды. Осыған дұрыс жауап таппай, ешкімге көрсетпей еңкілдеп тұрып рухани жылап аламыз.

Біз өзіміз үшін әдемі әшекейленген түрлі түсті кітап шығаруға құмармыз. Себебі, өзімшілміз. Бүгінімізді ғана ойлаймыз. Болашағымыз жайлы ойлансақ мақтану құмарымен ғана шектелеміз. Өткен шақ жайлы суретті (өзіміз немесе туыстарымыздың

өкпелеп, осы сөзіме сенбесеңіз Астана мен Алматыдағы не басқа облыстардағы кітап дүкендерін аралап көріңіз. Балаларға арналған танымдық, заманға сай сапалы кітап таппайсыз. Рас қой?! Иә, балаларға арналған қазақша кітаптар там-тұмдап «Балауса», «Атамұра», «Балалар әдебиеті», «Аруна» баспаларынан шығып жатыр. Олар таралымы мен сапасы жағынан біздегі кітап нарығын жаулап алған Ресейлік кітаптармен бөсекелесе алмайды. Солай бола тұра бағасы да қымбат. Бала – Сіздің Болашағыңыз, Қазақтың Болашағы. Біз Болашағымызды ойлаймыз ба?! Бұл сұрақ Сізді жалықтыра бастады ма?! Кешіріңіз, бұл сұрақ менің жанымды ауыртады....

жылап жүріп шығарған кітаптарымыз кітапхананың қорын қамтамасыз ете алмайды ғой. Аз таралыммен шыққан кітап қымбатқа сатылады. Осыны пайда көрген саудагерлер баспа бағасының үстінен ұялмай-қызармай бір кітаптың құнына 50 пайыз қосады. Тым құрығанда балаларға арналған кітапқа қойылатын баға кітап құнының 10 пайызынан аспауы керек қой. Монополияға қарсы мәртебелі комитет мұндай жағдайға жол бермей періште-балалардың сауабына қалса ғой шіркін! Өттең, арман-ай десеңізші! Баспагерлер сауда көзін ғана ойлайды. Олардың ойлайтыны – сауда. Дұрыс, баспа бизнесін көтеру керек. Оларға қолдау көрсету

әдемі әшекейленіп Ресейден шығатын кітаптарға қызығады екен. Біз өзіміз жайлы немесе өз саламыздағы кітаптарды ұнатамыз. Солай ғой?! Кейбір ата-аналар: «Балаларға арналған көркем әдеби кітаптар азайып кетті, балалардың ұлттық кейіпкері жоқ, қайдағы бір шет елден ағылған ағылшынша, орысша, қытайша кейіпкерлерге әуес. Балаларымыз солар туралы қазақша кітап тауып бер деп әуреге салады. Балаларымыздың болашағы қатты алаңдатады...», – деп қынжылады. Иә, бұл да – шындық. Осыдан соң «Елім, Жерім, Тілім, ойбай Отаным!» деп жүрген жазушыларымыз бен қайраткерлеріміз қайда кеткен дейсіз... Бізде қартая бастаған балалар жазушылары бар. Олар осы заманғы балалардың психологиясын жетік білмейді. Ескіше ойлайды. Балалар әдебиетінде жаңалық жоқтың қасы. Жарайды, жоқтан бар жақсы. Бірақ, сол қартайған жазушылар балаларға арнаған туындыларын қалай шығарады?! Балалар кітабы, балалар әдебиеті, мультфильмі жайлы ойласақ жаңбырша жауған сұрақтың астында қаламыз. Біздің «нұрлы да нұрлы» болашағымыз (???) сұрақ белгісі ме?!

Бала – Сіздің Болашағыңыз. Қазақтың Болашағы. Біз Болашағымызды қаншалықты құрметтейміз?! Тағы да сұрақ. Аса ардақты, көзіқарақты оқырман, жауап беріңізші. Жауап бере алмасаңыз, осы мақаланың тақырыбына қараңыз.

Қарадыңыз ба?! Ендеше ойланайық...

Қарадыңыз ба?! Ендеше ойланайық...

Қадыр МЫРЗА ӘЛИ:

Кеңес өкіметінен қалған бізде бір жаман әдет бар. Жоспарлау деген. Бәрін жоспарлайды. Жиынды өткізеді. Өйткені, жұмыс істеліп жатыр деген есеп керек қой. Кейін қарасаң, осындай жиындардан ешқандай қорытынды шықпайды. Бұлар шынымен балалар әдебиетін дамытқысы келсе, қолдарынан келеді ғой. Менің жалпы қазіргі балалар әдебиетіне көңілім толмайды.

Қазақстанда балаларға арналған кітап шығаратын бірде-бір мемлекеттік баспа жоқ. Елуден астам мемлекеттік баспа басқа саладағы кітаптарды шығаруға (өзімізге, ересектерге) арналған. Тағы да қайталап айтамын, өзімшілміз. Сонда балаларды кім ойлайды немесе біз не ойлап жүрміз?! Бұл сұраққа ар-ұятыңыз жауап берсін.

Балаларға арналған кітап ары кетсе 2000-3000 данамен ғана шығады. Республикада 12 000-ға жуық кітапхана бар. Тіпті әлгі

керек. Аяулы оқырман, бірақ, ұлттық өмірі тек саудадан ғана тұрмайды ғой.

Балалар – біздің Өміріміздің жалғасы...

Қазіргі қазақ балаларының санасы мүлде басқа. Ұлттық сана жоқ. Себебі, ұлттық менталитетке негізделген заманға сай балаларға арналған кітаптар мүлдем аз. Мектеп кітапханашыларының айтуынша, ер балалар шет елдің қорқынышты әңгімелерін көп сұрайтын көрінеді. Қыз балалар



ХАЛҚЫҢНЫҢ ҚАДІР–ҚАСИЕТІН ҰҚ!



Совет Хан ФАББАСОВ,
жазушы дәрігер, фантаст, драматург,
Медицина және Педагогика ғылымда-
рының докторы, профессор

**«Өзіңді өзің сыйлау –
өзгені кемсіту емес»**

Ұждан

Уа а а.., иісі Қазақ бала-
сы есінді жиып, өткен-кеткен
тағдырыңды таратып, алды-
артыңа қарашы?! Ата-бабаң
жасап кеткен, теңдессіз терең
мұрасынан не қалды? Асқақ
рухы – бекзаттықтан тұратын,
мәйегі нәрлі – дәстүр-салттың
қаншасынан айрылдық?.. Енді
міне, Тәуелсіз Ел салтымен,
жоғымызды түгендейтін кез кел-
ді. Ар-намысты Ту етіп, толағай
күшпен қимылдайықшы, арма-
ны үлкен аңғал Жұртым! «Өзіңді
өзің жаттай сыйла, жат жаны-
нан түңілісін» дейтін даналықты
пір тұтып, жалтақтамай, жал-
пақтамай жөнімізді білсек

екен, ақжарма мінез Алашым!
Япыр-ау, текті жұрттың сынығы
едік қой?! Еліміздің ертеңі
мен ұрпақ қамын ойласақ, ру-
хани өркенімізді өсіріп, ұлт
құндылығын түгендемей бол-
майды.

Шіркін, осыларды неден
бастасақ дегенде, ең әуелі,
ойға оралатыны мынау: Ел би-
леген Елбасы мен Төрелер де,
елдігімізді байытқан зиялы мен
ел жұрты да, жасы мен жасамы-
сы да, халқымыздың қадірі мен
қасиетін түсінбейтіндігімізді
айтып сырласатын сәт туды.
Сірә, бұл кемшілігімізді, бүкіл
Ел болып түземесек, Жарату-
шы – Алла да кешірмейді.

Арман боп жеткен Тәуел-
сіздігімізді, арысздыққа толы
пендешілігіміз бен қанағаты жоқ

құлқынымыздың құлдығына
шала бермей, ұлттық сана
мен азаматтық парасаттың
пәтуасына келгеніміз жөн. Ал-
дау мен арбауға бас ұрып,
ертең-ақ өзегіңе тебер өзгеге
қарап өзеуреді тоқтат-қан жөн!
Дана жұртымыздың өзгеше
біткен болмысын түсініп, жан-
дүниемізге үңілетін мезгіл
жетті. Атадан қалған өсиетке
илансақ: «Шалқайғанға шал-
қай, пайғамбардың ұлы емес,
Еңкейгенге еңкей, әкеңнен
қалған құл емес» деген
қағидаға құлақ аспай жүрміз
-ау?! Олай болса, не істеуіміз
керек?! Толғанайықшы. Дәл
осы «Не істеу керектің?» жа-
уабын іздеп көрелікші. Олай
болса, өз ойымды айтпақпын,
қалың жұртым сен тыңда...

I. Халқымыздың тектік қасиеті

**«Тектіліктің шырқау
шыңы – ұлт боп ұю»**

Ұждан

Сөз жоқ, ең әуелі, халқымыздың тереңде жатқан тегі мен болмысындағы «мәйегі мен негізі» не екенін түсінгеніміз жөн. Сонда саналы жанға, сонау көне дәуірдегі «Күлтегіннің тасында» жазылған: «...Биікте көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда... Түркі халқының ел-жұрты қалыптасқан», – дейтін өсиеттің жай ғана айтыла салмағанын түсінеміз. Өткен тарихтың тылсымына үңіле түсіп ойлансақ, әр сөзінің астарында құпияға толы сыр жатыр емес пе? Оның қайсыбірін тізбектетіп айта берерсің?!

Көнеден келе жатқан ұлттық құндылығымыздың ең асылы – «Жеті атаға жетпей қыз алыспау» дәстүрі екенін, әлі де біздер ұрпағымызға терең талдап түсіндіре алмай жүрміз. Тіпті, бұл дәстүрді дүние халқына «әйгілеуге» (бренд) болатын құдіретін – табиғи сұрыптауды – жіліктей жіктеп жатпай-ақ, асылымызды түсінбеудің салдарынан, бүгінгі қазақтың – жершілдік пен ру-руға, тіпті үш жүзге бөлініп жүрген – парасатсыздыққа толы парқымызды айтып, қысқа болса да тоқталуға мәжбүрміз. Ендеше, осы тек-

тес тәрбиесіздікті жүйелей талдап көрелік:

– Иә-ә, шынымен де мың өліп, мың тірілген жұртымыз қырық үш (43) тайпадан тұратыны белгілі. Міне, осынау қырық үш тайпаның әр адамының тектік қасиеті, антропологиялық зерттелгенде – бір адамдікіндей – екені, басқа жұрттың ғалымдарын таң-тамаша күйге түсіріпті. Осы уақиғаның куәсі болған, академик Оразақ Смағұлов ғұламаның айтуынша: «Зертханада алынған осы дерекке бүкіл әлем (ағылшын, неміс, француз, жапон, қытай т. б.) ғалымдары өз көздеріне өздері сене алмай» әуре болған екен. Халқымыздың тегіндегі «теңдесі жоқ феноменнің» сыры мен сипатына көңіл аударсақ, бүгінгі біздердің жүзге, тайпаға, руға бөлініп сандырақтап жүргеніміз, өз асылына күйе жаққан надандығымыз екен. Кәнеки, осы құбылыстың сырына, саналы жүрекпен көз жүгіртіп көрелікші?!

Мінеки сонда, әлем ғалымдарын таңдандырып отырған тылсым құбылыс – «жеті атаға жетпей қыз алыспау» дәстүрінің құдіреті екен. Иісі қазақтың әрқайсысындағы тектік қасиеттері бірлікте болса, үш жүз түгіл, руға бөлінудің өзі – нағыз парасатсыздық емей немене!.. Әлі-дағы осы құбылысты ашыңқырап айтсақ, атадан балаға жалғасып келе жатқан, әр қазақтың

үш жұрты – ата жұрты – нағашы жұрты – қайын жұрты бар екені белгілі ғой. Осынау үш бірдей жұрттың әрқайсысына тиесілі жеті атаны бір-біріне көбейтсек, манағы айтылған қырық үш (43) рудың қаны, әр қазақтың тамырында ағып тұрғанын ұғынамыз. Олай болса, бүгінгі қазақтардың жүзге, тайпаға, руға бөлінуі – өз халқының қадір-қасиетін түсіне алмай жүрген надандығы. Ендеше, бұдан былай кез келген қазақ, өз руы мен жеті атасын білуін «халқының тегін сақтау» деп ұққандары жөн. Отбасы мен қоғам бірігіп, келер ұрпағымызға осылай түсіндіріп тәрбие беру, азаматтық парызымыз екені анық.

II. Хан мен халық байланысы

«Ханы азса, халқы тозады»
Ұждан

Бұл айтқалы отырған дертіміз, Қазақтың сонау XIV ғасырда құрылған Хандық мемлекетінен бері қарайғы қасіреті десе де болады. Ел басқарған Хандары, халықтан өздерін биік ұстап бөлектенудің салдарынан, тәлім-тәрбиеде аса ауыр (психологиялық) зардаптың болғанын ашып айтар мезгіл жетті. Себебі, Хан-сұлтандарға халықтың бірлігі мен білімі емес, олардың бөлек-бөлек ыдырап жүргені

қажет болған. Солар салып кеткен «Үш жүз» дейтін лаң бүгінге дейін жалғасып отыр. Дәл осы мәселе жайында Ш. Уәлихановтың профессор И. Н. Березинге жазған хатында: «...Каждый потомок Батия хотел быть ханом и иметь народ: так я думаю, образовались ханство Крымское, Казанское, орда Чорайгаковская, союз узбеков – шейбанов и казаков» (том I, 1984, 164 б.), – деп ашынады. Мінеки, бүгінгі айтып отырғанымызды ұлы ғалым Шоқан өткен ғасырда ақ байқаған екен. Бұл мәселе, бұрын-соңды талданып айтылған да, жазылған да емес. Халқымыздың бұл қасіреті мен кемшілігін айтпауға сірә болмайды. Алайда, тек ғылыми негізде көрсету, ұрпақ тәрбиесі үшін ауадай қажет. Себебі, бұл деректің, ұлттық идеологиямыз үшін де маңызы зор. Ұрпақ тәрбиесіне қажет, ұлтымыздың осынау қасіретінің де өзіне тән бірнеше себептері бар:

Бірінші, Қазақ хандары – Шыңғысханның ұрпақтары екені белгілі.

Екінші, Олар тектерің, Қазақ халқынан бөлек деп есептеген.

Үшінші, Шыңғыстың ауыр тағдырынан, балалары отбасы тәрбиесі түгіл, тегінің не қалмақ, не қазақ екенін де білмей өскен.

Міне, осындай тыртығы терең себептердің салдарынан, қазақ халқының тәрбие

тәлімдерінің ауыр жағдайда болуы немесе бүгінгі түсінікпен айтсақ, оның ұлттық идеологиясының бұрыннақ жүйеленбегені анық байқалады. Бұл тұжырымның дәлелдері, халқымыздың мемлекет құрған хандық дәуірінде өте жиі кездеседі. Солардың бәріне тоқталып жатпай-ақ, жалпы халыққа әсері болған негізгілерін атап өтуді жөн көрдік. Мәселен, ең ауыр кемшіліктері ретінде биліктің қарапайым халықты тасқараңғы етіп, хат танытпай ұстағандарын айтуға болады. Қазақтың хандық мемлекеті неше ғасырларға созылса да, елінде бірде-бір мемлекеттік медресесі болмауы – адам жанын түршіктіретін іс. Өйткені, бұл кезеңдерде, Шығыс пен Батыс елдерінде, тіпті академия мен университеттер болғаны тарихтан белгілі. Халқымыздың хат тануы, олар үшін қажеттілік болмаған тәрізді. Хандық дәуірдің бұдан да өткен сорақысы, тұрақты армия ұстамағандықтан, жаугершілігі мол сол заманда, халқымыз аса ауыр шапқыншылықтарға ұшырап, үнемі қанкешумен болғаны белгілі. Шабылған елді азат етудің ауырлығын, олардың жанашымастығы деуге әбден болады.


Шыңғысханның ұрпақтары өздеріне Төре дейтін жалған ру жасап, ақсүйекпіз деуі де асып-тасқандық еді. Тура осындай мінез көрсетіп, жалған ру жасаған Қожалар-

ды да айтпай кетуге болмайды. Бұл екеуін де тегінен тартыпқарасақ, Төреніде, Қожаны да ру деуге келмейді. Оның үстіне өздерін өздері «ақ сүйекпіз» деуі де – ұят іс. Өйткені, табиғи сұрыптаудың негізі болып табылатын – жеті атаға жетпей қыз алыспауды – бұл еке де бертінге дейін ұстамаған. Олар, тіпті өзіне өзіне үйленудің салдарынан аза бастағандарын байқап, қазақ руларымен құдалаласуды кейінірек қабылдайды. Егер нағыз ғылыми негізге сүйенсек, «ақ сүйекпіз» – деп, табиғи сұрыптаумен қанын-тегін таза ұстаған, қазақ халқы ғана айтылса керек. Осын-ау келтірілген деректердің барлығынан да байқалатыны, халқымыз қараңғылықтың қапасында қалып, өз тарихын жақсы білмегенін аңғару қиын емес. Әйтпесе, Төрелердің руы – Қият, Қожалардың руы – Сунақ екендігін айтсақ, тек олардың басқа ортаға түсіп қалған Алаш тұқымдары екендігі айдан анық. Міне, бұл деректер, келешек ұрпақ тәрбиесінің ақиқаты болып негізделгені дұрыс. Осылардың өзі-ақ, Хандық мемлекетімізден бастап, бүгінгі Тәуелсіздігімізді қоса айтқанда, «Қазақтың ұлттық идеологиясы» жасалмағанын анық аңғартады. Әйтседе, біздерді осы уақытқа дейін сақтап келген, кемеңгер ата-бабамыздың дәстүр-салтының киесі екенін түсінгеніміз жөн.




(жалғасы келесі санында)

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА КІТАПТАР

«Жебе» баспасынан шыққан кітаптар



«Аруна» баспасынан шыққан кітаптар



ЕҢ ҮЛКЕН ЖӘНЕ ЕҢ КІШІ, ЕҢ ҚЫМБАТ ЖӘНЕ ЕҢ АУЫР КІТАПТАР

Ә

лемдегі ең ауыр кітап – Лондондағы Британ мұражайында сақтаулы тұрған географиялық атлас. Атластың ұзындығы бір метрден асып түседі, ал салмағы – 320 килограмм.

Әлемдегі ең үлкен кітап Голландия астанасы – Амстердамдағы мұражайлардың бірінде сақтаулы тұр. Бұл кітап «Сборник морских правил» деп аталды. Кітаптың ұзындығы – орта бойлы адамнан сәл биік, ені – 4 метр, қалыңдығы – жарты метрге жуық.

Бір кезде бенедиктиндік монах Габриэль Челани әйгілі итальян ақыны Данте Алигьеридің (Dante Alighieri) «Божественная комедия» атты туындысының барлық 14 000 жолын 80х60 көлемді қағаз бетіне жазуға машықтанып көреді. Аталған шығарманың әрбір жолын көзілдіріксіз оқып шығуға да болады екен. Егер параққа көз салсаңыз, кей тұсынан Италияның әсем картасын көресіз. Бұған әріп пен бояуды шебер үйлестірудің арқасында қол жеткізген. Монах осы еңбегіне төрт жылын жұмсапты.





Әлемде ең кіші он екі кітап бар. Олардың көлемі бір ас қасыққа сыяды. Сол кіші кітаптар қатарында: Құранның миниатюралық басылымы; 12 мың сөзден құралған ағылшын тілінің сөздігі; Галилейдің шығармалары (пошта маркасының жартысындай шамада — онда 208 бет); Жаңа өсиет, 1896 жылға дейін жер жүзіндегі ең кіші басылым болып саналған шағын кітапша; Британ (шотланд) ақыны, фольклортанушы Роберт Бернс өлең-жырларының томдығы

(пергаментке басылған); Француз және неміс анықтамалығы; Моисей Заңдары кітабы (ежелгі еврей тіліндегі ең кіші кітап); «Гита» үнді кітабы (санскритте); Ирланд және шотланд әндерінің жинағы (нотасымен); Франция Конституциясы (томдықтың әрбір мұқабасы алтынмен жиектелген); Бас бармақ тырнағының көлеміндей кітап — АҚШ-тың 16-Президенті Авраам Линкольннің (Abraham Lincoln) геттисберг сөздері басылымы бар.

Франциялық Жозеф Форе жарыққа шығарған әмбебап «Апокалипсис» кітабы әлемдегі ең қымбат кітап болып саналады. Оның құны ескі франкпен (француз валютасы) 100 миллионға бағаланған. Кітап Париждегі қазіргі заман өнер мұражайының көрмесіне қойылған, салмағы — 120 килограмм. Гутенбергтегі кітаптың бірінші басылымын сатып алу кезінде басылым тым қымбатқа бағаланыпты. Нақтырақ айтсақ, америкалық бір мұражайда 200 мың долларға сатып алынған.

Белгілі өзбек ақыны Әлішер Науаидың бес гасыр бұрын жеке кітапханасында тұрған өлеңдер жинағын совет ғалымдары Салтыков-Щедрин атындағы Ленинград кітапханасына жеткізілгенін анықтады. Жібек қағазды кітаптың әрбір беті алтын өрнектермен әшекейленген. Жинақты 1465 жылы шығыс каллиграфы Сұлтан-әли-Мешхеди қайта көшіріп бастырыпты.

НЕГЕ ҚАЗАК КІТАБЫНЫҢ ТӨЛ МЕРЕКЕСІ ЖОҚ?!

23 сәуір — 1995 жылы Парижде өткен Бас Ассамблея конгресінің шешімі бойынша Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күні. 1616 жылдың дәл осы күні М. Сервантес, У. Шекспир, Инка Гарсиласо де ла Вега дүниеден өткен екен.

Ал 1967 жылдан бастап Балалар кітабы бойынша халықаралық кеңестің шешімімен Данияның әлемге әйгілі ертегішісі Ганс Христиан Андерсеннің туылған күніне орай 2 сәуір Әлемдік балалар кітабы күні болып белгіленген. Мына қызыққа қараңыз! 2008 жылдан бастап Жазушылар Одағының басшысы Левон Ананянның шешімімен 19 ақпан Арменияда Кітап сыйлау күні ретінде атап өтіледі. Осы мейрамды өткізу жөніндегі бастаманы көтерген мемлекет үкіметі көрінеді. Аталған мерзім 1869 жылы дүниеге келген армян ақыны, жазушы, қоғам қайраткері Ованес Тадево-сович Туманянның туылған күніне орайластырылған. Ендеше, қазақ кітабының да төл мерекесі болса, қанеки?!

Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ

КІТАП ПАТШАЛЫҒЫ

ғылыми-танымдық, әдістемелік журналы

Құрметті оқырмандар!

Сіздерді «Кітап патшалығы» журналына
жазылушылардың қатарынан көруге қуаныштымыз.

Жазылу индексі:

«Қазпошта»АҚ каталогында -74330
«Евразия Пресс» агенттігінде - 74330

Уважаемые читатели!

Мы будем рады видеть вас в числе подписчиков
журнала «Кітап патшалығы».

Подписной индекс:

в каталоге АО «КАЗПОЧТА» - 74330
в подписном агентстве «Евразия Пресс» - 74330

